

ТӘУЕЛСІЗ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТІНЕ



OF THE DIPLOMATIC  
SERVICE  
OF THE INDEPENDENT  
KAZAKHSTAN

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСУЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХРОНОЛОГИЯСЫ





**Қазақстан Республикасы  
консулдық қызметінің  
хроникасы**

Астана қаласы

2022

УДК 341.8 (574)  
ББК 67.412 (5Каз)

Авторлық ұжымы

### **Қазақстан Республикасы консулдық қызметінің хроникасы**

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті, 2022. – 130 п.

ISBN 978-601-06-8924-4

Қызметтің әртүрлі кезеңдерінде Қазақстанның сыртқы саяси ведомствосының консулдық қызметін басқарған, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның консулдық қызметінің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, дипломатиялық қызмет ардагерлері, елшілер, дипломаттар құрамына кіретін авторлық ұжымның кітабы.

Басылымда қазақстандық консулдық қызметтің қалыптасу тарихы, бейнеленген, консулдық қызмет қызметкерлерінің, оның ішінде шетелде қызметтік борышын атқарудағы ерен еңбектері баяндалған. Сондай-ақ консулдық тарихи очерктер, оқиғалар мен фактілер берілген.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-06-8924-4

ISBN 978-601-06-8924-4



9|786010|689244|

## МАЗМҰНЫ

<b>Қазақстан Республикасы консулдық қызметінің қалыптасуы және дамуы.....</b>	6
Г. Машимбаева	
***	
<b>Тәуелсіз Қазақстанның Консулдық қызметінің қалыптасу тарихы.....</b>	34
Б. Сейітбатталов	
<b>Қоңырбаевтың қоңыр жолы.....</b>	62
М. Кәрібай	
<b>Мұхсиынов Орынбек туралы сөз.....</b>	65
М. Кәрібай	
<b>Әр қазақстандығым - жалғызым.....</b>	69
С. Жаңабай	
<b>Ұлы мүдде жолындағы ерең еңбек.....</b>	72
Ы. Дәуренбек	
<b>Қазақстанның Ресейдегі консулдық қызметінің тынымсыз еңбек күндері.....</b>	83
Н. Қасымқұлов	
<b>Дипломатия қызметі туралы естеліктер.....</b>	90
А. Мадиев	
<b>Дипломатия саласының адам тағдырына әсері.....</b>	97
Т. Үмбетбаев	
<b>Цифрландыру дәуіріндегі консулдық қызмет.....</b>	101
Б. Ақатаев	
***	
<b>«Әке мен ана ...».....</b>	107
А. Елемесов	
<b>Әмірліктердегі консулдық тәжірибем туралы.....</b>	110
М. Меңілбеков	
<b>Заңнама – елдердің арасындағы қатынастарды реттеу негізі.....</b>	115
К. Қожамбердиев	

<b>Цифрландыру – озық ел атану жолындағы басты құрал.....</b>	119
А. Қашабаев	
<b>Тағлымды белестер.....</b>	126
М Кәрібай	
<b>Еңбегің кетпес далаға ... ..</b>	131
Э. Сүгірбеков	
<b>Жерлесіміз Е.Ахметовтың Отанына оралуына жәрдемдесу туралы.....</b>	134
Б. Мамлин	
<b>Консулдық қызмет және менің достарым туралы сөз.....</b>	136
Ғ. Ағыбаев	
<b>Сирияда болған оқиға.....</b>	140
Б. Дәуренбек	

## **Қымбатты оқырман!**

Қолыңызға тиіп отырған «Қазақстан Республикасы Консулдық қызметінің хроникасы» кітабының жарыққа шығуы отандық дипломатия саласының ғана емес, сондай-ақ еліміздің саяси, қоғамдық және рухани өміріндегі елеулі оқиғасы. Расында, халықаралық қатынастардың сан ғасырлық тарихы мен қазіргі заман тұсындағы консулдық қызмет саласының алар орны айрықша екені белгілі. Мұның нақты дәлелі ретінде 1961 жылы 18 сәуірде «Дипломатиялық қатынастар туралы» Вена конвенциясы қабылданған соң арада екі жыл өткеннен кейін 1963 жылы 24 сәуірде «Консулдық қатынастар туралы» Вена конвенциясы қабылданғанын айта аламыз.

Бүгінде әлемнің 186 мемлекетімен дипломатиялық қатынастар орнатқан Қазақстан Республикасының 90-нан астам шет елдерде ашылған дипломатиялық миссияларының қатарында бас консулдықтар мен консулдықтардың атқарып отырған ауқымды жұмыстарының орны мен маңызы ерекше. Шын мәнінде, тарихи тұрғыдан қысқа мерзім ішінде ҚР Сыртқы істер министрлігі ұлттық стратегиялық мүдделерімізді қамтамасыз етуге, Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықта сенімді әріптес, бейбітсүйгіш ықпалды мемлекет ретінде танылуына қол жеткізді. Мұндай іргелі, тиімді жетістіктер ел азаматтарының әлемнің барлық дерлік мемлекеттеріне іскерлік, туристік немесе жеке сапарлармен шығуына барынша қолайлы ахуал туғызды. Сәйкесінше, қазақстандық консулдық қызметтің негізгі міндеттері дүниежүзі бойынша ел азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау болғандықтан, жауапкершілігі мен маңызы уақыт өткен сайын сан мәрте арта түсуде.

Өткен 30 жылдық кезеңде халықаралық алаңдардағы ресми кездесулер мен келіссөздерде ғана емес, жаһандық пандемия, жан-жал ошақтары тәрізді күрделі сынақтар мен оқиғалар, қилы тағдырлар арасында жүріп, кәсіби өсу мен шыңдалу мектебінен өткен консулдық сала мамандарының, соның ішінде, өкінішке орай бүгінде арамызда жоқ қадірлі әріптестеріміздің күнделікті қызметі мен өмірінен алынған ерекше оқиғаларды қамтыған кітаптың берері мол, тағлымы терең екеніне зор сенім білдіреміз.

**МАШИМБАЕВА**

**Гульмира Амангельдиевна**

*з.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*халықаралық құқық кафедрасының доценті*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСУЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

**Тәуелсіздік алу және дипломатиялық қызмет жүйесінің қалыптасуы.** 2022 жылғы 01 шілдеде Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің мерейтойын атап өтті. Осыдан 30 жыл бұрын, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін оның алдында сыртқы саяси бағыттың өзіндік векторын таңдау және дипломатиялық қызметтің өзіндік жүйесін құру міндеті тұрды. Қысқатарихи мерзімде геосаяси координаттар жүйесінде өз орнын айқындау, өзінің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін тұжырымдау, осы мүдделерге сәйкес келетін сыртқы саяси басымдықтар жүйесін анықтау, өзінің сыртқы саяси стратегиясының негізін қалау қажет болды. Әлемнің басқа мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастар орнату, әмбебап және өңірлік халықаралық ұйымдармен диалог құру, Қазақстанды әлемдік шаруашылық байланыстарға енгізу, күрделі геосаяси ортада орналасқан жас мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның заңды экономикалық мүдделерінің сақталуына қол жеткізу, сондай-ақ ішкі қайта құрулар үшін қолайлы халықаралық жағдай жасау маңызды болды. Бұл Қазақстан үшін көптеген күрделі саяси, экономикалық, экологиялық мәселелермен ауыртпалық түскен күрделі кезең болды. Бұл міндеттердің шешімін дипломатиялық қызмет органдарының қалыптасып келе жатқан жүйесі ғана қамтамасыз етуге тиіс еді.

Сол кезде Сыртқы істер министрі, қазіргі Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік туының астында» атты кітабында атап өткендей «бәрін жаңадан бастау қажет болды. Кеңестік кезеңде экономика, ғылым және білім



салалары жұмыс істесе де, Қазақстанда дипломатия баршаға мәлім себептермен мүлдем дерлік әрекет етпеді» [1].

*Қысқа уақыт ішінде дипломатиялық қызметке арналған заңгерлік қор әзірлеу қажет болды. 1992 жылғы 2 шілдеде Президенттің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы», «Қазақстан Республикасының Елшілігі туралы» және «ҚР Төтенше және Өкілетті Елшісінің негізгі міндеттері мен құқықтары туралы» Ережелер бекітілді. Сол жылы тәуелсіз Қазақстанның Сыртқы саясат Концепциясы қабылданды, бүкіл әлемге мәлім болған көпвекторлық қағидаттар оның негізін құрады.*

Сонымен қатар, республика сыртқы саяси қызметтің шарттық-құқықтық қорын қалыптастыра бастады. 1993 жылғы 31 наурызда мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық қызметінің құқықтық мәртебесін анықтайтын әмбебап халықаралық-құқықтық актілер болып табылатын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Қазақстан Республикасының 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына қосылуы туралы» және «Қазақстан Республикасының 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясына қосылуы туралы» Қаулысы қабылданды.

Жас мемлекетті белсенді тану және екі жақты халықаралық шарттар негізінде дипломатиялық қатынастар орнату процесі басталды.

*Бүгінде Қазақстан Республикасын әлімнің барлық мемлекеттері таныды, олардың 183-імен (бұған қоса бақылаушы мәртебесіне ие БҰҰ жанындағы 3 субъект) дипломатиялық қатынастар орнатылды [2]. Бұл ретте ҚР СІМ дипломатиялық қызметі үлкен рөл атқарғаны даусыз.*

### **Консулдық қызмет ұғымы және оның мазмұны.**

Қазақстандық дипломатияның жетістіктері туралы айта отырып, еліміздің сыртқы саясатын жүргізуде аса маңызды рөл атақаратын консулдық қызмет туралы да айта кеткен жөн.

Дипломатиялық (саяси) қатынастарды орнату мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастыққа, әлеуметтік-құқықтық және мәдени алмасуға қызмет көрсететін консулдық қатынастарды да орнату дегенді автоматты түрде білдіреді. Яғни, дипломатиялық қатынастар мемлекеттер арасындағы байланыстардың барлық алуан түрлілігін тауыспайды. Әртүрлі мемлекеттердің азаматтары мен ұйымдарының әртүрлі салалардағы байланыстары үлкен мәнге ие. Соңғы жылдары Қазақстанның экономикалық, білім беру, мәдени, туристік салалардағы халықаралық байланыстары едәуір кеңейді. Қазақстандық азаматтардың шетелге, ал шетелдіктердің Қазақстанға сапарлары күрт артты. Олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау консулдық қызмет тарапынан оны қамтамасыз ету мен реттеу талап етіледі. Осы сөздің шын мағынасында - қорғау. Бұл жерде консулдық қызметтің гуманитарлық аспектісін атап өткен маңызды.

Қазақстанның халықаралық қызметін талдау соңғы уақытта еліміздің шаруашылық жүргізуші субъектілері белсенділігінің едәуір артқанын көрсетеді. Олар әлемдік экономикада белгілі позицияларға иеленіп, халықаралық кеңістікке өз бетінше шығады. Бұл ретте, шетелдік іскер топтардың Қазақстанға, оның экономикалық әлеуетіне деген қызығушылығы артып келе жатқанын атап өткен жөн.

КСРО ыдырағаннан кейін консулдық қызметтің бағытында көп нәрсе өзгерді. Мемлекеттің сыртқы саудаға монополиядан бас тартуы, Қазақстанның сыртқы саясатының экономикалық құрамдас бөлігін күшейту, қазақстандық қоғамның ашықтығы консулдық қызметтің алдына жаңа міндеттер қойды. Экономика

және сауда саласына қызмет көрсету қазақстандық консулдық қызметтің басым бағытына айналды. Дипломаттар мен консулдар алдына Қазақстанға шетелдік инвестиция ағынына жәрдемдесу міндеті қойылды.

Қазақстан Республикасының консулдық қызметі ҚР Сыртқы істер министрлігі Консулдық қызмет департаментінің және шетелдегі консулдық мекемелерінің қызметімен ұсынылған, олар Қазақстан Республикасының сыртқы саясат саласында қойылған міндеттерді жүзеге асыру бойынша күнделікті жұмыстармен айналысады.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Заңы<sup>1</sup>-бабының<sup>14</sup>-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының консулдық қызметі – дипломатиялық қызметтің халықаралық құқық жол беретін шекте қызметі мемлекеттің, Қазақстан Республикасы азаматтарының және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен достық қатынастарын дамытуға және экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық, гуманитарлық-мәдени байланыстарды және туризм саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге жәрдем көрсетуге бағытталған бір бөлігі [3].

*Консулдық қызмет болмаса, халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат мәселелерін шешу, сыртқы сауда мен мәдени байланыстарды сәтті дамыту қиын болар еді.*

Біз басқа мемлекетке барғымыз келген сайын тиісті виза алу керек. Егер белгілі шетелдік балет труппасы немесе танымал шетелдік оркестр немесе әнші Қазақстанның елордасына гастрольдік сапармен баруға ниет білдірсе, олардың барлығы өз еліндегі Қазақстанның консулдық мекемесінен виза алуы

тиіс. Консулдық қызметтің ерекшелігін нақты түсіну үшін қарапайым сұрақтар қояйық. Қазақстан азаматы шетелде қиын өмірлік жағдайға тап болғанда, есіне кім келеді? Қазақстан Республикасының консулы. Шет елде құжаттарын, ақшасын жоғалтып алса, азаматтың отанына оралуына кім көмектеседі? Консул. Шетелде ұсталған күдікті немесе сотталған азаматпен кім кездесіп, оған көмектесуге тырысады? Тағы да қазақстандық консулы. Шет мемлекеттің ауруханасына түскен қазақстандық азаматтарға кім барып, қолдау көрсетеді? Тағы да консул. Неке қию, баланың тууы, коммерциялық және басқа да мәмілелер, өсиеттер мен құжаттарды заңдастыру, азаматтарды және олардың мұрагерлерін іздеу. Қазақстандық азаматтарға шетелде осы және басқа да іс-әрекеттерінің бәріне Қазақстан Республикасының консулдығы қолдау көрсетеді және куәландырады.

Консулдық қызмет біздің өміріміздің барлық дерлік салаларын қамтиды. Бұл жерде, біздің ойымызша, XIX ғасырдың басындағы әйгілі француз саясаткері, дипломат Шарль-Морис Таллейранның сөздерін еске түсірген орынды болар: «Жақсы дипломат бола аласың, бірақ жақсы консул болу үшін одан да көп нәрсені білу керек! Өйткені консулдың міндеттері шексіз әртүрлі, олар сыртқы істер министрлігіндегі басқа шенеуніктердің міндеттерінен едәуір ерекшеленеді. Олар арнайы білімді қажет ететін көптеген тәжірибелік білімді қажет етеді» [4].

Маңызды саяси мәселелермен қатар, консулдық қызметтегі лауазымды тұлға өз азаматтарына дұрыс кеңес беру, қажет болған жағдайда, көмек көрсете алуы үшін азаматтық, отбасылық, коммерциялық, іс жүргізу құқығының (отандық және болу елінің) негіздерін білуі, құқықтық құжаттарды ресімдей алуы, болу елінің саяси, экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық, қылмыстық жағдайына баға бере алуы керек. Өнер, мәдениет, білім, сауда – бұл салаларда консулдың түсінігі мол болуы шарт. Бұл болу елінің шет тілін жетік білуді де талап етеді.

Жоғарыда аталғандардың барлығы Қазақстан Республикасының консулдық қызметінің маңыздылығын және консулдық лауазымды тұлғаларға қойылатын жоғары кәсіби талаптарды түсіндіреді.

**Қазақстан Республикасы консулдық қызметінің қалыптасуы және дамуы.** Бүгін, қазақстандық консулдық қызмет өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқанда, оның тарихын да еске алған жөн.

Консулдар институтының негізі көп уақыт бұрын тұрақты елшіліктер пайда болғанға дейін қаланды және ең көне халықаралық құқық институттарының бірі болып саналады.

Бұл институттың пайда болуы, ең алдымен, халықаралық қатынастардың, әсіресе халықаралық рәсімдемені қажет ететін сауда және теңізде жүзу саласындағы қатынастардың дамуымен байланысты.

Консулдық мәселелер жөніндегі ғылыми әдебиеттерде консулдар институтының отаны Ежелгі Греция мен Ежелгі Рим болыптабылады деген факт мойындалған деп саналады, олардың сыртқы саясатын көбінесе сауда қатынастарының едәуір өсуі айқындады. Осылайша, Ежелгі Грецияда консулдардың прототипі ретінде проксендер-шетелдік көпестерге қамқорлық болған құрметті азаматтар қызмет етті. Ежелгі Римде шетелдіктердің құқықтары мен жеке бостандықтарын қорғаумен патрондар айналысты. Орта ғасырларда экономикалық байланыстардың дамуымен консулдық өкілдіктер институты қалыптасты. Сол кезеңде сауданың қарқынды өсуі шетелдік азаматтар арасындағы даулар қарастырылатын сауда және коммерциялық соттар деп аталатын жаңа құрылымдардың пайда болуына әкелді. Мұндай тәжірибені реттеу «әркімнің құқығы өз отанының заңдары бойынша талқылануы тиіс» деген қағидатқа негізделді [5]. Бұл сауда адамдарын тарту және сауда

қатынастарын дамыту үшін қажет болды. Судьяларды консул деп атады. Бұл отандастар арасындағы дауларды шешу үшін сайланған тұлғалар болды [6].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, тарихи тұрғыдан консулдық институттың табиғаты гуманитарлық аспектіні, адам құқықтарымен байланысты, жәрдем мен көмекті қамтиды деп тұжырымдауға болады. Сонымен қатар, консулдық қызмет халықаралық сауда-экономикалық байланыстарды дамытудың аса маңызды қозғалтқыштарының бірі болып табылады, бұл бейбітшілік пен қауіпсіздікті, демек, жалпы өркениеттік ілгерілеуді қолдап тұруға мүдделілікті де білдіреді.

Қазіргі заманғы консулдық қызметтің мазмұнын түсіну үшін Қазақстан Республикасы консулдық қызметінің тарихын білу қажет, егер олар бар болса, қазақстандық консулдық қызмет құқықтық мирасқоры болған КСРО консулдық қызметінен негізгі айрықша белгілерін анықтау қажет, ең болмағанда 1999 жылға дейін ҚР-да өзінің құқықтық актісі қабылданғанға дейін КСРО Консулдық Жарғысы қолданыста болды.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін сыртқы саяси мақсаттарды жүзеге асыру үшін Кеңес мемлекеті консулдық қызметті қоса алғанда, сыртқы қатынастар жөніндегі мемлекеттік аппаратты дереу құруға кірісті. Консулдық қызметті ұйымдастыруды бастаған алғашқы заң актісі РКФСР ХКК 1918 жылғы 18 қазандағы «Консулдықтарды ұйымдастыру туралы» декреті болды, онда РКФСР басқа елдермен консулдық қатынастарының негізгі қағидаттары тұжырымдалды. Мұндай құжаттың қабылдануы консулдық өкілдіктердің, кейінірек сауда өкілдіктерінің сыртқы қатынастар органдарында бірінші орынға қойылуына байланысты болды, өйткені Кеңес мемлекеті сол кезде де-юре батыс державалары тарапынан мойындалмады, сондықтан онымен дипломатиялық қатынастар орнатылмады. Декретте «Консулдықтар Ресей Республикасы мен оның азаматтары

іскерлік қарым-қатынаста болатын елдерде құрылады» делінген. Консулдықтар қызметінің міндеттері ретінде Ресей Республикасының экономикалық және құқықтық мүдделерін қорғау; барлық Халық комиссариаттарының және басқа да мемлекеттік органдардың айрықша өкілдігі, азаматтардың және олардың бірлестіктерінің (ұйымдарының) экономикалық, құқықтық және әлеуметтік мүдделерін қорғау аталды. Декретпен дипломатиялық және консулдық қызметтер бірыңғай ведомствода – Сыртқы істер халық комиссариатына біріктірілді. Сонымен қатар, Декретте жеке консулдар деп аталатын институтты дамытудың негізін қаланды, оны кейіннен көптеген мемлекеттердің дипломатиялық қызметтері қабылдады [7].

Кеңестік консулдық қызметтің қалыптасуындағы Орталық Азия өңірі мен Қазақстанның рөлін атап өткен жөн. Бұл өңір мемлекеттік шекараларға жақын орналаса отырып, Кеңестік Ресейдің консулдық қатынастарына белсенді қатысты. 1918 жылғы 1 мамырда Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы жарияланды. 1920 жылғы 4 қазанда Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезінде Қырғыз (Қазақ) АКСР еңбекшілерінің құқықтары декларациясы қабылданды, ол БОАК және РКФСР ХКК «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декретін мақұлдады. Бұл екі республика да Ресей Федерациясының құрамдас бөлігі болды. Түркістан АКСР құрамына қазір Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстанның мемлекеттік аумақтарының құрамына кіретін аймақтар, сонымен қатар қазіргі Алматы, Жамбыл, Шымкент және Қызылорда облыстарының аймақтары кірді [8]. Қазақ АКСР құрамына қазіргі Қазақстанның солтүстік, батыс, шығыс облыстары кірді. Түркістан АКСР 1924 жылға дейін болды, ал Қазақ АКСР 1936 жылы одақтық республика болып қайта құрылды.

Алғашқы кезеңде Түркістан АКСР бірқатар жағдайларда сыртқы саяси қызметті дербес жүзеге асырды. Бұл Түркістанның Орталық Азия мемлекеттерімен шекараларға жақындығымен түсіндірілді. 1918 жылғы қыркүйек айының соңында Сыртқы істер халық комиссариаты өлкелік Кеңестерге, оның ішінде Түркістан АКСР-нің кеңес органдарына Қытай мен Парсы шекаралас өңірлеріндегі консулдарға басшылық етуге рұқсат берді. 1919 жылғы қарашада РКФСР Сыртқы істер халық комиссариатының орынбасары жеделхатында ТүрОАК-не «көрші мемлекеттерге өкіл тағайындау құқығы беріледі» деп атап өтті, дегенмен бұл тағайындау тек Орталықтың келісімі бойынша мүмкін екенін атап өтті. Көршілес мемлекеттер Түркістан АКСР-да өз консулдықтарын құра бастады. Мұнда Парсы консулдығы, Ауғанстан Бас консулдығы, Әмір Бұхара елшілігі жұмыс істесе, 1918 жылғы шілдеден бастап Түркістанда Қашқардан берік экономикалық қатынастар орнату үшін арнайы Қытай миссиясы жұмыс істеді.

Түркістан Республикасының Сыртқы істер халық комиссариаты 1918 жылдан 1919 жылға дейін әрекет еткен аз уақыт ішінде Ауғанстанмен, Бұхарамен және Хиуамен дипломатиялық және консулдық қатынастар орнатты. СІХК қызметі «Ресей Федерациясындағы Түркістан Республикасының Сыртқы істер комиссариаты туралы ережемен» реттелді. Онда келесі функциялар белгіленді: 1) шетелдік үкіметтермен саяси қарым-қатынас жасау; 2) шетелдерде саудамыз бен және жалпы республиканың мүдделеріне қамқорлық жасау; 3) республика құзырындағы азаматтарды олардың шетелдегі істерінде бойынша заңды қорғау туралы өтінішхат беру және 4) шетелдіктердің Түркістан Республикасындағы істері бойынша заңды талаптарын қанағаттандыруға жәрдемдесу [8, 158-б.].

Жергілікті мемлекеттік билік органдарының жоғары органдармен қатар шетелдік сыртқы қатынастар органдарын



да құра алуы Орта Азия мен Қазақстан өңірінің елшілік және консулдық құқығының ерекшелігі болды. Осылайша, Ташкент Депутаттар кеңесі РКФСР СІХК бекітуі үшін консулдыққа кандидаттарды іріктеу мәселелерімен және олардың Құлжа мен Шығыс Түркістандағы (Батыс Қытай) консулдықтарындағы қызметін бақылау мәселелерімен айналысты. 1918 жылғы тамызда Жетісу облыстық атқару комитеті Құлжада (Қытай) ерекше консулдық алқаны ашты.

Жоғарыда аталған барлық фактілер Түркістан АКСР мен Қазақ АКСР шет мемлекеттермен халықаралық қарым-қатынасқа өте қарқынды қатысқанын айғақтайды. 20-шы жылдары консулдық қызметті реттеу тәжірибесі Қазақстан Республикасы консулдық қызметінің қалыптасуына белгілі бір тарихи рөл атқарғаны сөзсіз.

Дегенмен, Кеңес үкіметі жылдарында халықаралық байланыстар мен сыртқы саясат мәселелері Орталықтың айрықша құзырына ие болды.

1936 жылы Қазақ КСР болып қайта құрылған Қазақ АКСР атынан кеңестік қазақ мемлекеттілігі халықаралық саяси деңгейге әлі де шықпады. КСРО мүдделерін білдіретін тек бірнеше тұлға ғана өзін дипломатиялық салада таныта алды. Нәзір Төреқұлов пен Тұрар Рысқұлов көрнекті дипломаттар болды. Н.Төреқұлов ұзақ уақыт бойы Сауд Арабиясындағы елші (КСРО-ның алғашқы елшісі), ал Т.Рысқұлов Моңғолиядағы елші болды. Олар КСРО-ның осы елдермен қарым-қатынасын нығайтуға зор үлес қосты [9].

КСРО сыртқы істер ведомствосы бірнеше орынбасарлары болған халық комиссары басқарған Сыртқы істер халық комиссариаты болды. Бұл ретте, орынбасарларды Орталық тағайындады, одақтас республикалар қатарынан, атап айтқанда Қазақстаннан кезек-кезек өкілдік болмады. Одақтас республикалардың өкілдері КСРО ОАК сессияларында КСРО-ның сыртқы саясатына қатысты заңнамалық актілерді талқылауға және қабылдауға ресми түрде қатысты.

Бірінші шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің оныншы сессиясында «Одақтық республикаларға сыртқы қатынастар саласында өкілеттіктер беру туралы және осыған байланысты Сыртқы істер халық комиссариатын одақтық-республикалық етіп қайта құру туралы» заң қабылданды. 1944 жылғы 1 ақпанда қабылданған осы заңға сәйкес, мұндай қайта құру мақсаты халықаралық байланыстарды кеңейту және КСРО-ның басқа мемлекеттермен ынтымақтастығын нығайту болды. Шын мәнінде, бұл факт Екінші дүниежүзілік соғыстың болуымен және одақтастардың әмбебап халықаралық ұйым құру мәселесін талқылауымен түсіндірілді. Кеңес Одағы, өз кезегінде, осы ұйымда өзінің кең өкілдігі туралы мәселені қарастырды және тек осы себептен одақтас республикалар шет мемлекеттермен қарым-қатынас орнатуға ресми құқық алды.

*Белгілі қазақстандық дипломат, ҚазКСР бұрынғы сыртқы істер министрі М.И.Исиналиевтің пікірінше, «1944 жылға дейін республика билігінің құрылымында одақтық республикалардың сыртқы әлеммен қандай да бір байланысы бар екенін алшақтан еске салатын ешқандай бөлімше болмады» [10].*

Сонымен, одақтас республикаларға сыртқы қатынастар саласында өкілеттік беру туралы заңға сәйкес ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі 1944 жылғы 13 сәуірде «ҚазКСР Сыртқы істер одақтық-республикалық Халық комиссариатын құру туралы» заңды бекітті. Қазақстанның консулдық қызметінің басталуы да осы кезеңге жатады.

Республика Сыртқы істер халық комиссариатының құрылуына байланысты ҚазКСР 1937 жылғы Конституциясына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалы, 16-б бабында: «ҚазКСР шет мемлекеттермен тікелей қарым-қатынас жасауға,

олармен келісімдер жасасуға, дипломатиялық және консулдық өкілдерімен алмасуға құқылы» делінген [1].

Сыртқы істер халық комиссариатының штатында 28 адам, оның ішінде хаттамалық-консулдық бөлімде 4 адам болды. Хаттамалық-консулдық бөлімнің мақсаттары мен міндеттері 1945 жылғы 20 қыркүйекте қабылданған ҚазКСР Сыртқы істер халық комиссариаты туралы Ережеде айқындалды.

ҚазКСР Сыртқы істер халық комиссариатының хаттамалық-консулдық бөлімі 1944 жылғы қараша айынан бастап өз қызметіне кірісті. Хаттамалық-консулдық бөлімнің есептері бойынша негізгі қызмет бағыттары төлқұжаттарды, визаларды беру, азаматтық мәселелер жөніндегі шешімдер қабылдау болғанын байқауға болады. Негізінен бірінші кезеңде ҚазКСР тек Қытаймен ғана консулдық байланыста болды.

ҚазКСР СІМ 1944-1945 жылдардағы консулдық саладағы қызметін талдау, Қазақстанға «шет мемлекеттермен тікелей қарым-қатынас жасауға, олармен келісім жасасуға» құқық беретін одақтық және республикалық маңызы бар заңнамалық актілерінің болуына қарамастан, республика осы құқыққа номиналды формалді түрде ие болды деп пайымдауға негіз береді. Қазақстанның шетелдерде бірде-бір дипломатиялық және консулдық өкілдігі болмады десек те жеткілікті; Қазақстан ешбір мемлекетпен дербес шарттық қатынастарға түспеді. Қазақстан аумағындағы шетелдік өкілдіктердің ішінде тек үш қытайлық консулдық мекеме ғана болды, олар 1953 жылға дейін ғана жұмыс істеді. Басқа шетелдік өкілдіктер болмады. Консулдық қызметтің жұмысы республикада шет мемлекеттердің мемлекеттік, үкіметтік және партиялық делегацияларын қабылдау бойынша хаттамалық шараларды әзірлеуге жинақталды.

Қазақстанның халықаралық байланыстары негізінен социализм елдерімен жүзеге асырылды. Бұл негізінен мәдени алмасу болды. Қазақ шет елдермен достық және мәдени

байланыстар қоғамы желісі бойынша 93 мемлекетпен қарым-қатынас жүргізілді.

70-шы жылдары мемлекетаралық қатынастардың «бауырлас елдердің жұмысшы-мамандары арасындағы тікелей байланыс» сияқты нысаны кең таралды. Тәжірибе мен өндірістік жетістіктермен үнемі алмасу қазақстандық Ермак пен Болгария металлургтерін, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты мен Пловдив түсті металл комбинатының жұмысшыларын «біріктірді». Қазақстандық қалаларда туыстас қалалар пайда болды. Қазақстан елордасы Алматы Францияның Ренн қаласымен, сондай-ақ Конго Халық Республикасының астанасы Браззавиль қаласымен туыстас болды [12].

Осылайша, жоғарыда баяндалғанның негізінде, ҚазКСР-і КСР Одағы шеңберінде негізінен социалистік блок мемлекеттерімен және дамушы елдермен мәдени қатынастарға түсе отырып, сыртқы қызметті жүзеге асырды деп қорытынды жасауға болады.

ҚазКСР консулдық қызметі, егер іс шетелдік делегациялардың Қазақстанға және керісінше мемлекеттік сапарларына қатысты болса, дипломатиялық хаттама мәселелерімен басым айналысты.

80-шы жылдардың ортасында елде басталған қайта құру Қазақстанның сыртқы байланыстарын кеңейту үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Осы кезеңде Республикада Ақсайда (Орал облысы) Чехословакияның консулдық пункті, Құлсары ауылында (Гурьев облысы) Венгрияның консулдығы жұмыс істей бастады [13]. Қазақстан аумағында шет мемлекеттер өкілдіктерінің болуы мұнай және газ өнеркәсібі объектілерінде жұмыс істеген, республиканың орта-кәсіптік және жоғары оқу орындарында оқыған, жинақы тұратын шетелдік жұмысшылар мен мамандардың болуына байланысты болды. Бұл кезде Кеңес-Қытай қатынастарында жылымық болды, бұл да ҚазКСР-не әсер етті.

1987 жылы Алматыда КСРО СІМ және басқа да Орта Азия республикалары, КСРО Сыртқы сауда министрлігі өкілдерінің, сондай-ақ Орталық Азия республикалары және Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен, атап айтқанда СҰАА-мен байланыстарын кеңейту мәселесі бойынша Қазақстанның мүдделі ұйымдарының қатысуымен аймақтық кеңес өтті. ҚазКСР СІМ-нде сыртқы байланыстар бөлімі құрылды.

1989 жылы жазда Алматыда ҚазКСР СІМ, КСРО СІМ және КСРО Дипломатиялық академиясының бастамасымен «КСРО-ның Азия-Тынық мұхиты аймағындағы саясаты. Көрші елдер, мәселелер, перспективалар» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті, оған ғалымдар, дипломаттар, қоғам қайраткерлері қатысты. Ол кезде бұл СІМ мен оның консулдық бөлімінің қызметін жандандыруға әсер еткен маңызды халықаралық іс-шаралар болды.

Қызметтің шектеулі аясына қарамастан, ҚазКСР СІМ консулдық бөлімінің жұмыс тәжірибесі Қазақстан тәуелсіз және егемен мемлекет болып, шет мемлекеттермен, соның ішінде консулдық қатынастар саласында дербес сыртқы саясат жүргізе бастаған кезде пайдалы болды. ҚазКСР СІМ консулдық бөлімі қызметінің тәжірибесі Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін өзінің консулдық қызметінің толық көлемде дамыту үшін белгілі бір негіз болды.

**Тәуелсіз Қазақстанның консулдық қызметі.** Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялау еліміздің сан ғасырлық тарихындағы бетбұрыс кезеңі болды. 1990 жылғы 25 қазандағы Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы декларация Қазақстан халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болып табылатынын, сыртқы саясатты өз мүддесі үшін өзі айқындайтынын, дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасатынын, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысатынын белгіледі [14].

1992 жылғы 2 наурызда БҰҰ-ға кіру арқылы республика халықаралық құқықтың жаңа тәуелсіз субъектісі ретінде әлемдік кеңістікке шығу мүмкіндігіне ие болды. Тиімді геосаяси жағдай, бай табиғи-ресурстық әлеует және ішкі саяси тұрақтылық Қазақстан Республикасымен шет мемлекеттердің іскер және қаржы орталары тарапынан саяси және экономикалық қатынастар орнатуға мүдделіліктің объективті себептері болды.

Қазақстан Кеңес Одағының әміршіл-әкімшіл жүйесінен, орталықтың еркіне бағынудан түбегейлі бас тартып, инфрақұрылым мен сыртқы әлеммен нақты байланыс арналарын, сондай-ақ консулдық саланы қоса алғанда, республиканың сыртқы саясатының шарттық-құқықтық қорын құруға кірісті.

*Бүгінгі таңда мемлекет өзінің сыртқы саяси ведомствосын қалыптастырып, өзінің дербес сыртқы саясатын жүргізуде. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ұжымының негізін кәсіби дипломаттар – Қ.К.Тоқаев, В.Х.Физзатов, С.А.Құрманғожин, А.А.Мусинов, М.М.Атанов және бірінші Сыртқы істер министрі Т.С.Сүлейменов бастаған Мәскеуден және шетелден келген басқа да дипломаттар құрады.*

Олардың барлығы жаңа СИМ негізін құрады және ұйымдастыру кезеңінің барлық күрделілігін, әлем елдерімен дербес дипломатиялық және консулдық қатынастар орнату жөніндегі өрескел жұмыстарды өз мойнына алды [12, 71-б].

*Қазақстан Республикасының консулдық қызметінің қалыптасуында қазақстандық мемлекет қайраткері, кәсіби дипломат, Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Асқар Ахметұлы Мусиновтың рөлін ерекше атап өткен жөн. Оның барлық кәсіби қызметі дипломатиялық және консулдық қызметпен байланысты. Оның консулдық*

қызметтің қалыптасуына қосқан үлесі ҚР СІМ Консулдық қызмет департаментінің директоры ретіндегі жұмысымен және 1999 жылы халықаралық қатынастар жөніндегі жас зерттеушілерді, студенттерді зерттеудің міндетті көзі болып табылатын «Қазақстан Республикасының консулдық қызметінің даму тарихы» тақырыбында кандидаттық диссертация дайындап, халықаралық қатынастар ғылымының дамуына қосқан үлесімен байланысты.



**МУСИНОВ  
Асқар Ахметұлы**

*ҚР СІМ Консулдық басқармасының басшысы (1993-1995 жж.), ҚР СІМ Бас консулдық басқармасының басшысы (1996-1997 жж.), ҚР СІМ Консулдық қызмет департаментінің директоры (1997 ж.)*

Консулдық салада қазақстандық нормативтік-құқықтық қорды құру кезінде қолданыстағы халықаралық шарттарға қосылу, сондай-ақ екіжақты консулдық шарттар жасасу сияқты бағыттарды дамыту маңызды болды. Тәуелсіздікке қол жеткізу процесі Қазақстанның шет мемлекеттермен саяси, экономикалық, мәдени байланыстарын объективті түрде кеңейтті және осы байланыстардың консулдық қамтамасыз етуді талап етті.

Осылайша, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға қол қойылғаннан кейін 2 айдан соң, 1992 жылғы 22 ақпанда Нью-Дели қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасында консулдық қатынастар орнату туралы хаттамаға қол қойылды. Сол кезде екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнады, Президент Н.Ә.Назарбаевтың Үндістанға ресми сапары барысында Қазақстан мен Үндістан арасындағы қарым-қатынас қағидаттары туралы декларацияға

қол қойылды. Бұл тәуелсіз Қазақстанның алғашқы халықаралық акциясы болды, нәтижесінде халықаралық маңызы бар алғашқы құжаттар пайда болды. 1992 жылғы 26 ақпанда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.А.Терещенко мен ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьер-министрі Ли Пэн сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы, екі ел азаматтарының өзара сапарлары саласындағы көлік саласындағы ынтымақтастық туралы, сондай-ақ қытай-қазақ шекарасында қосымша өткізу пункттерін ашу туралы құжаттарға қол қойды [16]. Содан кейін 1992 жылы ақпанда ГФР-мен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Осылайша, дипломатиялық және консулдық қызметтің халықаралық-құқықтық қорын құру бойынша қарқынды жұмыс басталды.

Қазақстан Республикасының консулдық қызметін одан әрі дамыту, консулдық салада екіжақты келісімдерге қол қою сыртқы экономикалық, сауда, қаржы орталарын жандандырды, Қазақстан Республикасының аумағында бірлескен және шетелдік кәсіпорындар құруды қоса алғанда, қолайлы технологиялық алмасуға, инвестициялық саладағы ынтымақтастыққа қолайлы жағдай жасады. Қазақстандық кәсіпкерлер, экономиканың, ғылымның, мәдениеттің түрлі салаларының мамандары, студенттер, туристер басқа мемлекеттерге баруға нақты мүмкіндік алды. Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен әуе қатынастарын ашты. Азаматтар мен заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемелері тарапынан құқықтық қолдауға кепілдік берілді.

*ҚР консулдық қызметінің мемлекетішілік нормативтік қоры.*

Шетелге шығатын қазақстандықтар санының артуымен Қазақстанның консулдық қызметінің жұмысы барынша шиеленіске түсуде, ал әлемде жиілеп бара жатқан әскери жанжалдардың, лаңкестік әрекеттердің, адамдарды кепілге



алу, табиғи және техногендік апаттар және т.б. салдарынан – анағұрлым болжанбайтын болатүсуде. Консулдық қызметкерлер көбінесе елімізден заңсыз көшіп келушілермен жұмыс істеу, лаңкестік әрекеттер орын алған жерлерде ҚР азаматтарына көмек көрсету және іздеу, отандастарымызды ықтимал ұрыс қимылдарынан эвакуациялау жоспарларын әзірлеу сияқты мәселелерге тап болады. Шет елдерде ҚР азаматтарын заңсыз іс-әрекеттер жасағаны үшін ұстау жағдайлары және шет елдердегі ҚР азаматтарына қатысты қылмыстық іс-әрекеттер жағдайлары жиілеп кетті. Соңғы екі жыл қазақстандықтар үшін де, республиканың консулдық қызметі үшін де қиын болды, бұл күтпеген жерден пайда болған COVID-19 пандемиясы кезінде де, Украинадағы, бұған дейін Ауғанстандағы күрделі ахуалда да алдыңғы қатарда болды. Көмек пен кеңес беру, шетелде қалған отандастарымызды туған жеріне жіберу, қазақстандық студенттерді шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу мәселелерін шешу, Қазақстан азаматтарына психологиялық қолдау көрсету. Бұл консулдан мән-жайларды анықтау және адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау кезінде жоғары кәсібилік пен жеделдікті, жергілікті заңнаманы жақсы білуді, мекендеу елінің ресми органдарымен қарым-қатынасты шебер құра білуді талап етеді.

Сонымен қатар, шет елдерде келісімшарт бойынша оқитын және жұмыс істейтін, өз мемлекетінен тыс қызметтік және жеке істер бойынша, демалыс пен туризм мақсатымен сапарға шыққан Қазақстан азаматтарының саны артып келеді. Бұның бәрі шетелде консулдың болу және жоғарыда айтылған кең ауқымды мәселелерді шешуге үнемі көмек көрсету қажеттілігін талап етеді. Консулдық мекемелердің осы саладағы іс-қимылының тиімділігі белгілі бір дәрежеде консулдық қызмет сүйенетін құқықтық қордың деңгейіне байланысты болады.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәттен бері құқықтық жүйені реформалау бойынша ауқымды жұмыс жүргізді, қысқа мерзім ішінде мемлекеттің заңнамалық қоры толығымен жаңартылды, оған консулдық қызмет мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер де енгізілді.

Консулдық мәселелер бойынша жеке құқықтық қорының қалыптасуы халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларына қатаң сәйкестікте жүрді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық қорын талдай отырып, консулдық қызметтің жұмысы егжей-тегжейлі құқықтық реттелгенін атап өткен жөн.

Барлық қарастырылатын нормативтік актілерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

- Қазақстан Республикасы консулдық қызметі үшін негіз қалаушы;
- консулдық мәселелер бойынша жекелеген ережелерді қамтитын;
- Қазақстан Республикасы консулдық органдарының қызметін реттеуші.

*Консулдық қызмет кез-келген басқа мемлекеттік қызмет секілді конституциялық негізге ие. Сондықтан да бірінші топтың ең маңызды нормативтік актісі 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады, онда консулдық қызмет саласына тікелей қатысы бар бірқатар ережелер айқындалған.*

Ең алдымен, «мемлекеттік билік... Конституция негізінде жүзеге асырылады...» деп баса көрсетілген 3-бапты атап өткен жөн. Консулдық мекемелер, жоғарыда атап көрсетілгендей, билік өкілеттіктері бар мемлекеттік органдар болып табылады. Сондықтан олар осы бапты басшылыққа алуға міндетті [17, 34-б.].

Конституцияның бірқатар ережелері консулдық функцияларға жататын мәселелерге қатысты, 10-бап Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелерін реттейді, онда Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығы мойындалмайтыны атап көрсетіледі. 11-баптың 2-тармағында «республика өз азаматтарын өз шекарасынан тыс жерлерде қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді» деген ереже қамтылады. 21-бап азаматтардың және шетелдік адамдардың Қазақстан Республикасының аумағынан кету және оған келу құқығын бекітеді. 44-бапқа сәйкес азаматтық және саяси баспана беру мәселелерін шешу ел Президентінің тікелей құзыретіне кіреді [17, 37, 39 б.].

Қазақстан Республикасының шетелдік консулдық мекемелерінің қызметі үшін негізгі нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі №240 Жарлығымен бекітілген Консулдық Жарғы болып табылады, ол консулдық мекемелердің ұйымдастырылуын және жұмысын реттейтін, сондай-ақ консулдық лауазымды тұлғалардың оларды жөнелту функциялары мен тәртібін белгілейтін қағидалар жиынтығын құрайды. Бұл тәуелсіз Қазақстанның консулдық қызметі негізге алып, жұмыс істейтін үшінші Консулдық Жарғы болып табылады.

Өз қызметінің басында, Қазақстанның сыртқы саяси ведомствосы құрылған алғашқы жылдары, нормативтік-құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде, күнделікті жұмыста консулдық қызмет қызметкерлері КСРО 1976 жылғы 25 маусымдағы Консулдық Жарғысының ережелерін пайдаланды. Уақыт өте келе қазақстандық Консулдық Жарғыны әзірлеу және бекіту қажеттілігі күрт туындады. Ол одақ құжатындағы оң тәжірибені ескере отырып, ҚРСІМ Бас консулдық басқармасында әзірленді. Бірақ уақыт өтіп жатыр, заңнама жетілдіріліп, қазір 2016 жылғы Консулдық Жарғы қолданыста.

*Екінші топқа жатқызуға болатын Қазақстан Республикасының консулдық қызметі үшін маңызды нормативтік құқықтық актілердің бірі Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы 1991 №1017-ХІІ «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңы болып табылады [18].*

Заңда азаматтыққа анықтама беріледі, азаматтық алудың негізгі рәсімдері белгіленеді, Қазақстан Республикасының азаматтық істер жүргізетін мемлекеттік органдары аталады, Қазақстан азаматтығы туралы істер бойынша іс жүргізу және шешімдерді орындау тәртібі айқындалады. 31, 39-баптар ерекше назар аударуға тұрарлық. Бірінші бапта ҚР СІМ, дипломатиялық және консулдық мекемелердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі өтініштерді қабылдау және қажетті құжаттармен бірге оларды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жолдау; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуын тіркеу туралы; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу болып табылатын өкілеттіктері бекітілді. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын азаматтарды есепке алудан тұратын өкілеттіктері шоғырландырылды. 39-бапқа сәйкес басқа мемлекетте тұратын адамдарға қатысты азаматтық мәселелер жөніндегі шешімдердің орындалуы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне және шет елдегі мекемелерге жүктеледі.

Консулдық қызмет жұмысында шет ел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуі мен онда болуы мәселелері үлкен орын алады. Бұл саладағы негізгі акт Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы №2337 «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы

туралы» Заңы болып табылады. Одан басқа консулдық қызметтің лауазымды тұлғалары шетелдік азаматтардың келуі және кетуі мәселелері бойынша, ҚР визаларын беру тәртібі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген бірқатар нұсқаулықтарды, Сыртқы істер министрінің және Ішкі істер министрінің бұйрықтарын басшылыққа алады.

Жоғарыда атап өтілгендей, Қазақстан Республикасы консулдық қызметінің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық шарттарында айқындалған тәртіпте қазақстандық азаматтарды қорғау және оларға қамқорлық көрсету болуы тиіс.

Мемлекеттік шекарадан өткен сәттен бастап біздің азаматтарымыз шетелдіктерге айналады және сол мемлекеттің юрисдикциясы оларға да қолданылады. Сонымен қатар, егер мекендеу елінде шетелдік азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделері бұзылса, олар оған азаматтық берген мемлекет тарапынан қорғалатынына сенімді бола алады.

Осылайша, қазақстандық азаматтар шетелде жүргенде қос юрисдикцияға бағынады: олар мекендеу елінің заңдарына бағынуы керек, сонымен бірге олардың өз мемлекетімен құқықтық байланысы үзілмейді.

*Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Республикасының консулдық қызмет мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің үшінші тобына консулдық органдардың немесе консулдық функцияларды жүзеге асыратын адамдардың құқықтық мәртебесін тікелей реттейтін актілер жатады.*

Консулдық қызмет, ең алдымен, мемлекеттік болып табылады және оны мемлекеттің сыртқы қатынастарының арнайы органдары – консулдық мекемелер жүзеге асырады, олардың құқықтық мәртебесі халықаралық келісімдерден басқа ішкі заңнама заңнаманың нормаларымен айқындалады: конституциялық әкімшілік, еңбек.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметі [19].

Қазақстан Республикасының Консулдық қызметі дипломатиялық қызметтің бір бөлігі болып табылады, ол өз кезегінде Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарындағы кәсіби қызметі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Консулдық қызметі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментінің және шетелдегі консулдық мекемелерінің қызметімен ұсынылған. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын және дипломатиялық, демек, консулдық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы СІМ КҚД Қазақстанның консулдық мекемелерінің жұмысын үйлестіреді және іс жүзінде басшылық жасайды, олардың қызметінің құқықтық негіздерін әзірлейді және оларға консулдық функцияларды орындауға жәрдемдеседі, шет мемлекеттермен консулдық қатынастардың теориясы мен тәжірибесі мәселелерін әзірлеуге белсенді қатысады. Ол сондай-ақ, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет елдердің консулдық мекемелерімен ынтымақтастықты қолдайды.

Консулдық мекеме - нормативтік құқықтық актімен айқындалған өз құзыреті шегінде консулдық қатынастар саласындағы атқарушылық және әкімшілік қызметті жүзеге асыратын, мемлекеттік-құқықтық билік өкілеттіктермен сипатталатын Сыртқы істер министрлігіне және басқа да мемлекеттік органдарға бағынатын мемлекеттік аппарат буыны.

Консулдық лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері бола отырып, өз функцияларын қызметтік әдеп пен мемлекеттік қызмет қағидаттарына сәйкес орындайды.

Консул өз жұмысында қолданатын және кәсіпқой ретінде түсінетін барлық нормативтік актілерді тізімдеу мүмкін емес. Жоғарыда айтылғандай, консулдықтар көптеген функционалдық міндеттерді атқарады. Сондықтан нормативтік қорға «Нотариат туралы» заң, қылмыстық заңнама, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік, кеден, салық, отбасы заңнамасы да жатады. Консул тек ішкі ғана емес, сонымен бірге қабылдаушы мемлекеттің құқығын да түсінуі керек екенін ескере отырып, бұл тізімді жалғастыра беруге болады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі кезеңінде құрылған мемлекеттік дипломатиялық және консулдық қызметті реттеу жөніндегі нормативтік актілер қоры консулдық қызмет органдарының Қазақстанның сыртқы саясатының міндеттерін, қазақстандық азаматтар мен заңды тұлғаларының мүдделерін қорғау функцияларын табысты жүзеге асыруына ықпал етеді, тұтастай алғанда халықаралық консулдық құқықтың одан әрі дамуына жәрдемдеседі.

Халықаралық байланыстарды тереңдету Қазақстанның консулдық қызметі үшін ұзақ мерзімді даму перспективаларын тудырады. Халықтар арасындағы сауда-экономикалық және әлеуметтік-мәдени байланыстардың кеңеюіне қарай консулдардың жұмыс көлемі мен консулдық қызметтің маңызы ұдайы артып отыратын болады. Сондықтан да Қазақстанның консулдық мекемелерін кадрлармен қамтамасыз ету, консулдық лауазымды тұлғалардың кәсіби деңгейін арттыру мәселесі өткір тұр. Бұл консулдық қызметтің беделін жоғарылатады.

Кәсіби консулдық қызметкер мекендеу елінің ішкі және сыртқы саясаты, мәдени өмірі, оның заңнамасы мен нормативтік актілері мәселелерінде еркін бағдарлануға міндетті. Ол Қазақстан Республикасының мекендеу елімен екіжақты қарым-

қатынастарының шарттық-құқықтық және экономикалық мәселелерін, визалық тәжірибені, консулдық тақырып бойынша хат алмасуды және қолданбалы сипаттағы басқа да мәселелерді білуге, сондай-ақ мекендеу елінің тілін міндетті түрде білуге тиіс. Бұл мәселені шешу шаралары: тәжірибелі консулдық қызметкерлердің тұрақты резервін құру және нығайту; кәсіби критерийлер негізінде консулдық лауазымдарға баламалы іріктеу тәжірибесін дамыту; консулдық лауазымдарға конкурстық іріктеу тәжірибесін жетілдіру; консулдық қызметте қажетті кәсіби даярлығы және тәжірибесі бар КҚД және СИМ басқа да бөлімшелері қызметкерлерінің қатарынан консулдық шетелдік мекемелер штаттарын құрамдау; консулдық қызметкерлерді мақсатты оқыту. ҚР СИМ Консулдық қызмет департаментінің жанынан шет елдердегі мекемелерге консулдық қызметке іссапарға жіберілетін қызметкерлерді кәсіби даярлау үшін оқу-әдістемелік орталық құру қажет.

Иран тарапының көмегімен Наушахр порты арқылы пароммен Ақтауға 650 оралман жөнелтілді, бұл екіжақты қатынастардағы маңызды оқиға және Каспий теңізі арқылы жасалған алғашқы рейс болды.

1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 300 мыңнан астам отбасы немесе миллионнан астам этникалық қазақ тарихи отанына оралып, қандас мәртебесін алды. Олардың шетелдік азаматтардан айырмашылығы - олар төлем қабілеттілігін растамай, көші-қон полициясына жүгіну арқылы тұруға ықтиярхат ала алады. Егер қандасымыз үкіметтік квота бар өңірге тұруға қоныс аударса, ол әлеуметтік жәрдем алады. Сондай-ақ тұруға ықтиярхат рәсімдегеннен кейін азаматтық алу тәртібі де жеңілдетілді.

Шет елдермен саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту Қазақстанның консулдық қызметіне қойылатын талаптарды арттырып, алдына жаңа міндеттер қояды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде елімізде жеткілікті дәрежеде дамыған құқықтық құрылым құрылғанын, мемлекет мүдделерін әлемдік кеңістікте табысты ілгерілетуге қабілетті жоғары кәсіби кадрлар «консулдық мектептен» өткенін, қазіргі уақытта Президент Әкімшілігінде, Парламентте, Үкіметте, ҚР СІМ, басқа да министрліктер мен ведомстволарда, сондай-ақ ұлттық компанияларда және шетелдік мекемелерде жұмыс істеп жүргенін атап өткім келеді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің толыққанды Консулдық қызметі құрылды, ол ең маңызды міндеті ҚР азаматтарының құқығы мен мүдделерін шетелдерде қорғау болып табылатын өзіне артылған міндеттерді шешу үшін дайындалған кадрларға, дамыған инфрақұрылымға және халықаралық шарттық-құқықтық қорғау ие.

Қазіргі уақытта Консулдық қызмет департаменті ҚР СІМ ірі функционалдық бөлімшелерінің бірі болып табылады, ол басқа құрылымдармен бірге сыртқы саяси мәселелерді шешуге тікелей қатысады және консулдық жұмыстың ауқымды көлемін орындап келеді.

Сонымен қатар, халықаралық қатынастардың даму серпіні жаңа түзетулер енгізе отырып, қарқынды өсуде. Бұл, ең алдымен, біздің азаматтарымыздың шетелге шығуы мен шетел азаматтарының Қазақстанға келуіне байланысты.

Сондай-ақ, қазақстандықтардың шетелге саяхатының өсуімен бірге олардың географиясы да кеңейіп жатқаны анық. Бұл Қазақстанның жаһандану үдерісіне толыққанды тартылғанын көрсетеді, мұның оң және теріс салдары бар, өйткені қазақстандықтардың орасан зор санының елден тыс жерлерде болуы консулдардан жоғары кәсібилікті және ұтқырлықты жоғары талап етеді.

Қорытындылай келе, Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде тиімді құрылым құрып, жоғары кәсіби консул-дипломаттардың тұтас бір саңлағын тәрбиелей алғанымызды тағы да атап өткім келеді.

Өмір бір орында тұрмайтыны және әрбір жаңа күн белгілі бір жүйенің күшін сынайтын жаңа сын-қатерлер мен тәуекелдер әкелетіні баршаға мәлім. Бұл тұрғыда Консулдық қызмет департаменті өзінің ерекшелігіне қарай үнемі «алғы сапта» тұрады.

Мақаланың соңында Орталық аппаратта және ҚР шетелдегі алғашқы консулдары болып жұмыс істей жүріп, Қазақстанның жас Консулдық қызметінің сонау алыс 90-шы жылдары қалыптасуына елеулі жеке үлес қосқан тату ұжымдағы бірлескен жұмысы үшін өз әріптестерім – консулдарға ерекше алғыс білдіргім келеді: Биғали Тұрарбеков, Асқар Мусинов, Қуатбек Тәжібаев, Советқали Қартбаев, Қазбек Бейсебаев, Зульфия Аманжолова, Ақан Рахметулин, Еркін Ахинжанов, Уәлихан

Төреханов, Ержан Мұқаш, Ақылбек Қамалдинов, Қайрат Ахметәлім, Нұрлан Қасымқұлов, Ырысқали Дәуренбек, Зоя Скопина, Аян Қашабаев, Олеся Сладкова, Керім Қожамбердиев, Талғат Шалданбай, Николай Кузьмин, Ілияс Омаров, Мұхтар Кәрібай, Асхат Сарин, Тауболды Үмбетбаев, Ерлан Мұқашев, Ержан Қалекенов, Оңталап Оңалбаев, Рашид Рахымбеков, Мэлс Төрекелді, Жанболат Мурзалин, Асхат Сыздықов, Рашид Ғазизов, Сәкен Хамидуллин, Алмас Абдраманов, Андрей Антоненко, Мұрат Атанов, Уәлихан Қоңырбаев, Мұхтар Тілеуберді, Шахрат Нұрышев, Ғабит Қойшыбаев, Андриан Елемесов, Нұрлан Сейтімов, Өміртай Бітімов, Бекжасар Нәрібаев, Ерсайын Есенғалиев, Серік Батаев, Берік Садықов, Бақытбек Шабдарбаев, Төлеуғазы Ұйқымбаев, Сәкен Тәуекел, Айтжан Айдашев, Наталья Геллерт, Жошыхан Қыраубаев, Нұрлан Ғабдыжамалов, Бейсембек Дүйсебаев, Зәуреш Габдуалина, Эрик Сүгірбеков, Орынбек Мұхсиынов, Байғабыл Мамлин, Ғазиз Ағыбаев, Бекежан Жұмаханов, Тимур Оразаев, Бауыржан Ақатаев, Әділ Қыдырбеков, Раушан Есболатова, Дастан Мұсаев.

Біз, Дипломатиялық қызмет ардагерлері – бұрынғы консулдар, болашаққа сеніммен қараймыз, өйткені Қазақстанның дипломат-консулдарының жас буыны өздеріне жүктелген кез келген міндеттерді тиімді әрі кәсіби тұрғыдан сауатты орындай алатынына нық сенімдіміз.

## ҚОҢЫРБАЕВ

Уәлихан Сиянбекұлы

05.1999 – 08.2007 жж. ҚР Сыртқы істер  
министрлігі Консулдық қызмет  
департаментінің директоры



## ҚОҢЫРБАЕВТЫҢ ҚОҢЫР ЖОЛЫ

Асыл текті бабаларымыздың аманат-мұраты қастерлі Тәуелсіздігімізге қол жеткізген сәттен бастап еліміздің халықаралық қоғамдастықтың терезесі тең қатысушысы ретінде заманауи үдерістерге белсенді кіріскені баршаға мәлім. Алда тұрған күрделі міндеттерді шешу, әсіресе шет мемлекеттермен тиімді мәмілегерлік жасасу отандық дипломатия саласына жүктелді. Егемендіктің елең-алаң кезінде жас мемлекетімізді жанжал ошақтарына ұшыратпай, ымырашыл, сындарлы, бейбіт һәм өркениет жолымен өрлеуін қамтамасыз етудің қиын да абыройлы міндетін атқаруға үлкен жолға енді түскен сыртқы саясат саласының жаңадан қалыптасқан қызметкерлері білек сыбана кірісті. Осынау ерекше буынның алғашқы қатарында кеңестік кезеңдегі қатал сүзгінің талайынан тайсалмай өтіп, көптеген жауапты қызметтер атқарған тәжірибелі азамат, білікті маман, салиқалы ұстаз Уәлихан Сиянбекұлы Қоңырбаев ағамыздың есімін әрдайым мақтанышпен айтамыз.

Алдымен патшалық, одан кеңестік отарлық кезеңде өз атамекенінде отырса да, мәжбүрлі түрде әбден орыстанған солтүстікаймақтағы күллі қазаққа қасиетті өлке - Көкшетау өңірінің тумасы Уәлихан Сиянбекұлы Қарағанды политехника институтын 1969 жылы ойдағыдай аяқтаған соң, әскери салада, өндірісте, кәсіподақ пен партия қатарында ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, айтулы мектептерден өткен еді. Біліктілігін шыңдай түсу үшін екі жыл бойында Алматы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болды. Жігерлілігімен, ынтасымен көзге түскен жас маман



мектепті табысты тәмамдаған соң, Абай еліне - Семей қаласына жауапты жұмыстарға жіберілді. Аудандық партия комитетіне басшылыққа тағайындалды, қауіпсіздік органдарында жұмыс жасады. Еліміз тәуелсіздік алысымен жаңадан құрылған Сыртқы істер министрлігіндегі жауапты қызметке – Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департамент басшысы болып тағайындалды.

Мінеки, біз білетін Уәкең бұған дейінгі мол тәжірибесі мен біліктілігін туған елінің тәуелсіздігі тұғырын нығайтуға аянбай жұмсауға бекем бел буған қайратты, салмақты, ең бастысы, қазақи кең мінезді абзал азамат. Сондықтан болар, күні бүгінге дейін әріптестеріміз арасында «Қоңырбаевтың кең қолтығынан» шыққандар деген ұғым берік қалыптасқан. Расында, ондаған жылдар партия, сыртқы саясат мекемесінде болсын, кейіннен Парламент депутаты сынды жоғары лауазымда жүргенімен, ізбасарлары үшін Уәлихан Сиянбекұлының болмысы бала кезінде Зерендідей зергерлік бұйымға ұқсайтын сұлу жерде өскен, есейген кезеңі Семейдей қасиетті өлкедегі құнарлы қазақи ортаның ізгілікке тұнған төл мәдениетін бойына сіңірген қалпында қарапайым да қайырымды азамат, білікті басшы, ұстаз ретінде бұлжымастай қалыптасты.

*У.Қоңырбаевтың терең кәсібилігі мен қарымды қайраткерлігі өзіміздей жас мемлекетке кейбірде жоғарыдан қарағысы келген адуынды шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен түрлі бағытта, олардың орналасуы, қолайлы ғимараттар табу, жүріп-тұруы, жергілікті әкімдіктермен келісілу үдерісі тәрізді сан-қилы тірлік барысында ерекше аңғарылды. Оған қоса, қалың қандастарымыз тұратын Моңғолиядағы дипломатиялық өкілдік жетекшісі кезінде, жаңа қырынан көрінді.*

Өндіріс пен идеология, қауіпсіздік пен партия, шетелдік өкілдіктермен бетпе-бет қарым-қатынас сияқты ауқымды саладан өткен Сиянбекұлының кемелдікке көтерілген кезеңіне тұспа-тұс келген, ендігі мүлде жаңа бағыт – Консулдық қызмет саласына басшылыққа тағайындалуы, сөз жоқ, ол кездегі ҚР Сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаевтың көреген кадрлық саясатының жарқын көріністерінің бірі.

У.Қоңырбаев ҚР СІМ Консулдық қызмет департаментін ең бір күрделі кезеңде, ұзағынан сегіз жылдай 1999-2007 жылдары басқарды. Қазақстанның консулдық саладағы қарымды дамуы, бірқатар іргелі табыстарға қол жеткізуі, жаңа келісімдердің жасалуы мен әлем бойынша консулдық мекемелерінің көптеп ашылуы да осы жылдарға тап келеді. Сондықтан да кешегі қылдырықтай қыз-жігіттер, бүгінде сыртқы саясат саласындағы жоғары лауазымдарға жетіп отырған ондаған азаматтардың жолының ашылуының тамырында Министрлік басшылығы арасында іскерлік қабілеті, жоғары беделімен ірі бастамаларды көтеріп, олардың нақты жүзеге асырылуына білек сыбана кіріскен аға ұстаз Уәлихан Сиянбекұлының қарымды қолтаңбасы тұрғаны қапысыз. Сыртқы саясат мекемесінде қазақ тілінің де биік тұғырға көтерілуіне біздердің ұсыныс-ниеттерімізге әрдайым қолдауын көрсетуі тарихта таңбаланып қалмақ.

Уақыт толассыз зымырап, бүгінде құрметті зейнет жасында, ағалық, ақсақалдық биігіндегі Уәлихан Сиянбекұлы Қоңырбаевтың қоңыр жолы биылғы мерейтой - Қазақстан Республикасының Дипломатиялық қызметінің, сондай-ақ Консулдық қызметінің 30 жылдығы аясында халықаралық қатынастар саласында жүрген үмітті, сәулелі жастар, қарымды қызметкерлер үшін әрдайым адамдық, зиялылық болмыстың, ерен еңбектің үлгісі болып жалғаса бермек.

*Мұхтар Кәрібай*

**МҰХСИЫНОВ**

**Орынбек**

*02.2008 – 12.2008 жж. ҚР Сыртқы  
істер министрлігі Консулдық қызмет  
департаментінің директоры*

## **МҰХСИЫНОВ ОРЫНБЕК ТУРАЛЫ СӨЗ**

Еліміздің сыртқы саясат саласының айтулы мерейтойы - Қазақстан Республикасының Дипломатиялық қызметінің, сондай-ақ Консулдық қызметінің 30 жылдығы аясында біздер туған Отанына, халқына адал қызмет атқарған аға ұрпақты, алдыңғы буын әріптестерімізді ұлағатпен еске алуымыз - асыл парызымыз. Өкінішке орай, олардың арасында бүгінгі кемел қуанышты көре алмай, өмірден озып кеткен азаматтардың да қатары аз емес. Осындай айтулы дипломат әріптестеріміздің бірі Мұхсиынов Орынбек еді.

Кенді Алтай, таулары тәкаппар, даласы жомарт, дариясы шалқар, тарихы қатпар-қатпар Шығыс Қазақстан облысында соғыстан кейінгі қиын кезеңдерде 1952 жылы дүниеге келген Орекең, кеңес армиясы қатарында екі жылын өткізген соң С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, оны табысты аяқтады. Аталған оқу орнындағы Саяси экономика кафедрасында еңбек жолын бастап, бұдан кейін он алты жылдан астам уақыт бойы әскери салада қызмет атқарып, әскери қатаң өмірдің қиындықтары мен ауыртпалықтарынан әбден шыңдалып өткен сақа азаматқа айналды.

Мінеки, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Кадр басқармасының меңгерушісі қызметіне 1994 жылы Орынбек Мұхсиыновтың тағайындалуының негізінде, оның үлкен мектептен өткен тәжірибелі, білікті азамат екендігі жатса керек. Осылайша, қырықтың үстіндегі нағыз қайратына мінген қарымды шағында, оған туған елінің тәуелсіздігін бекемдеудің абыройлы ісіне өз үлесін қосудың нақты, орайлы мүмкіндігі туды.

Кадрлық мәселелер тәрізді қиындығы мол, шытырманы қалың қауырт бағыттағы іске сеніммен кіріскен Ореке осы салада ұзағынан бес жылдан астам абыройлы қызмет атқарды. Шынында да, тап сонау бір кезең белгілі себептермен сыртқы саясат мекемесіне құзырлы, дайын кадрлардың әбден тапшылығы сезілген күрделі уақыт еді. Өйткені елімізде халықаралық қатынастар бағытында арнайы кадр даярлайтын оқу орындары жоққа тән еді. Сондықтан жаңадан жасақталып жатқан дипломатиялық салаға қажетті мамандарды жан-жақтан, тіпті, бұл бағытқа мүлде қатысы жоқ энергетика, политехника, педагогикалық оқу орындарының түлектерін тартуға тура келгені кеше ғана. Оған қоса жоғары жақтардан, әртүрлі мекемелерден балалары мен жұрағаттарын дайын дипломат деп санаған әпенділердің қысымына төтеп берудің өзі бір бөлек жайт. Дей тұрсақ та, алдында айтып өткеніміздей, осындай бірегей бағытта Орекең сынды орнықты азаматтардың бекем отыруы қанатын енді қаға бастаған дипломатиялық саланың аяғынан тік тұруына қомақты үлесін қосқандығы қапысыз.

Кадрлар саласының қыр-сырын түбегейлі меңгеріп, адамдармен, мамандармен жұмыс істеудің тамырын терең сезінген О.Мұхсиновтың біліктілігін дер кезінде байқап бағалай білген Министрлік басшылығы оны Консулдық қызмет департаментінің бөлім жетекшісі етіп тағайындады. Бұдан бір-екі жылдан кейін әріптесіміз Қазақстан Республикасының Стамбул қаласындағы консулы болып тағайындалып, Түркия сынды бауырлас мемлекетте алғашқы ұзақ мерзімді шетелдік іссапарын жемісті өткізді. Орталыққа оралған Орекең ҚР СІМ КҚД Таяу және Орта Шығыс бөлімінің жетекшісі лауазымына бекітілді. Қалыптасқан тәртіпке сәйкес, кезекті шетелдік іссапарға Ресей Федерациясының Астрахань қаласындағы ҚР Консулдық мекемесінің жетекшісі ретінде аттанды. Арада көп ұзамай, Мәскеудегі Елшілікке шақырылып, Кеңесші лауазымын атқарды.

*Мұхсиынов Орынбек 2008 жылы бір жылдай уақыт Консулдық қызмет департаментінің директоры міндетін абыроймен атқарды. Қысқа болса да, осындай жауапты кезеңде отандық консулдық саланы одан әрі дамытуға, визалық бағытта келісімшарттар жасасуға, шет мемлекеттерде консулдық мекемелерді ашуға қарымды еңбек сіңірді.*

Өзекті жарған үлкен өкінішке орай, Орекеңнің Ресей Федерациясы Омбы қаласындағы қазақстандық Консулдық мекеме басшысы лауазымындағы кезекті шетелдік іссапары оның қызметінің ғана емес, өмірінің де соңғы сапары болып шықты. Марқұм әріптесіміз 2010 жылы шілде айында айтып келмеген сырқаттан кенеттен дүниеден озды.

Ұршықтай зымыраған мына заманда жылдар жылыстап өтіп, мінеки көзі тірі болғанда, Орынбек ағамыздың биылғы 2022 жылы тура 70 жылдық мерейтойы тойланар еді. Әттең-ай, осынау аға буын ұрпақтың маңдайына тәңірі күрделі де тағлымды тағдырды аямай бұйыртқаны аян. Олар байырғы қазақ даласында зорлықпен, қиянатпен жасанды түрде орнатылған кеңестік биліктің қатыгез қоғамында өмірге келіп, ата-ананың аялы алақанының жанды жадыратар жылуын да сезінуге мұршасы болмады. Өйткені әкелері екінші дүниежүзілік соғыстың алапат отына сұраусыз аттандырылып, ол жақтан қайтып оралмай, жарлары жесірліктің зарын кешіп, қанаттары қатайып үлгермеген перзенттері өмір бойында жетімдіктің мейірімсіздігінің жапасын шегіп өсуіне тура келді. Содан да болар, осынау бірегей ұрпақ өкілдерінің есею барысында қабақтарынан кірбің арылмаған қайран аналарының жүзін жадырату, қолдан келгенінше айналасындағы ауыр, азапты өмірді аз да болса жеңілдетуді, демек, жалпы қоғам өмірінің бейбіт бейнеде, жаңа мазмұнда дамуына араласуды мақсат тұтуы, ол үшін, ең алдымен, ең алдымен, оқу-білімге, адал еңбекке,

отасүйгіштікке ұмтылыстары орасан болуы табиғи. Өмірден ертерек озуларының да ауыр себептері содан, бәлкім. Орекең де солардың қатарында.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің 2010 жылғы шілдедегі қайғылы хабарламасында «Мұхсиынов Орынбектің қазақстандық дипломатиядағы ерең еңбегі біздің мемлекетіміздің сыртқы саясат тарихында мәңгі қалады» делінген еді. Бүгінгі мерейтой барысында біздің алдымызда адал да абыройлы еңбек үлгісімен, қарапайым мінезімен, кісілік қасиеттерімен жарқын із қалдырған Орекеңдей аға ұрпақтың көрнекті тұлғаларын әрдайым құрмет тұтып, еске алуымыз - қастерлі борышымыз.

*Мұхтар Кәрібай*



**ЖАҢАБАЙ**

**Самат Қуанышбекұлы**

*11.2009 – 07.2011 жж. ҚР Сыртқы істер министрлігі  
Консулдық қызмет департаментінің директоры*

## **ӘР ҚАЗАҚСТАНДЫҒЫМ - ЖАЛҒЫЗЫМ**

Канададағы және АҚШ-тағы консул ретінде шетелде ұзақ іссапарлар барысында, сондай-ақ Дубайдағы Бас консулдың және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Консулдық қызмет департаментінің (КҚД) директорының жұмысы барысында мен көптеген қызықты оқиғалардың куәгері және тікелей қатысушысы болдым, олар жарқын әсер қалдырды және маған баға жетпес кәсіби және өмірлік тәжірибе алуға мүмкіндік берді.

Жалпы, тек білімнің ғана емес, кейде одан да көп тәжірибелік дағдылардың арқасында Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткерлерімен және дипломаттарымен иық тірестіре жұмыс істей отырып, олардың тәжірибесін алу бақыты бұйырды, шетелдерде біздің азаматтарымызға тіпті сыни және өмірлік маңызды жағдайларда да көмек көрсетіп, азаматтарымыздың құқықтарын қорғау мүмкіндігі туды, бұл әрине консулдың тікелей міндеті болып табылады.

Бір айта кетерлігі, отандастарымыздың мүддесін қорғауды қамтамасыз ету мәселелерімен қатар, шет мемлекеттердің өкілдерімен нәтижелі келіссөздер жүргізе білу қажет.

ҚР СІМ Консулдық қызмет департаментін басқара отырып, КҚД қызметінің барлық саласымен жақыннан таныса отырып, мен және әріптестеріммен бірге консулдық қызмет пен консулдық консультация беру барысында қол жеткізілген екіжақты уағдаластықтарды реттейтін кейбір заңнамалық актілер қазіргі заманғы болмысқа байыпты бейімделуді талап етеді деген қорытындыға келдік.

Қазақстандық ең тәжірибелі консулдардың бірі, сол кезде КҚД орынбасары Керім Қуандықұлы Қожамбердиевтің қажырлы еңбегі мен мақсаткерлігінің арқасында, біз консулдық қызметке қатысты оны жетілдіру мақсатында қазақстандық заңнамаға қажетті өзгерістер мен толықтырулардың көпшілігін енгізе алдық, бірақ қауіпсіздік тұрғысынан жекелеген маңызды, халықаралық тәжірибеге сәйкес реттелмеген екіжақты консулдық қатынастарға қатысты мәселелер шешімін таппаған күйде қала берді.

Осылайша, көп еңбекті қажет ететініне және қазақстандық кәсіпкерлердің тарапынан қатты қысымға қарамастан, Консулдық қызмет департаменті көптеген айлар бойы консулдық консультациялар, көптеген келіссөздер мен хат алмасу түрінде бұрын ауызша қол жеткізілген уағдаластықтарды халықаралық нормаларға сәйкес келтіру үшін Қазақстан мен ҚХР арасында жүргізуші визаларын беру бойынша қажырлы және мақсатты жұмыс жүргізді.

2011 жылғы тамызда Қазақстан Республикасы мен ҚХР консулдық қызметтері арасында ноталар алмасу осы күрделі жұмыстың нәтижесі болды, онда екі тараптың тепе-теңдік негізде жүргізуші визаларын беруі үшін қажетті шарттар белгіленіп нақтыланды. Осы күрделі мәселені шешуге кеткен бүкіл уақыт бойы мен түрлі негізсіз сынға ұшырасам да, бүгінгі таңда сол қиын-қыстау кезеңде дұрыс таңдалған жолдан ауытқу ойыма кіріп те шықпағанын ойласам, қазір қуанамын, өйткені КҚД-ғы қазақстандық консулдармен және шетелдегі консулдармен бірлескен біздің ортақ еңбегіміз жемісін берді.

Бірақ мен Сыртқы істер министрлігінде және консулдық салада 12 жылдан астам уақыт жұмыс істеу барысында ең бастысына – қазақстандық консулдардың шетелдегі отандастарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау ісіндегі жоғары кәсібилігіне көзім жетті.



Қазақстандық консулдар қазақтың көне ережелерінің бірі: «Әр қазағым – жалғызым» қағидасын басшылыққа алады деп сеніммен айта аламын, бұл отандастарымыздың амандығы үшін күресу керек дегенді білдіреді. Менің ойымша, Қазақстанның барлық азаматтарына қатысты, олардың ұлтына қарамастан, қазіргі заманғы түсінікте бұл ереже біздің Консулдық қызметімізде былай деп айтылған болар еді: «Әр қазақстандығым - жалғызым».

**ДӘУРЕНБЕК**

**Ырысқали Рақымұлы**

*07.2011 – 06.2013 жж. ҚР Сыртқы істер министрлігі  
Консулдық қызмет департаментінің директоры*



## **ҰЛЫ МҮДДЕ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕРЕҢ ЕҢБЕК**

Биыл Қазақстан Республикасының дипломатиясына 30 жыл.

Әрине, бұл кезеңді қазақ елінің тарих безбенімен өлшесек, тамшыдай. Дегенмен, «отызында орда бұзбаған, қырқында қамал ала алмайды», - дейді қазақ. Сондықтан да ұлтымыздың таным-түсінігінде 30 жас өте маңызды белес болып саналады.

1991 жылғы желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланған сәттен бастап мемлекетіміз халықаралық құқық субъектісі ретінде дүниежүзілік қатынастар кеңістігіне шықты. Сол кезде қайта құрылған мемлекетке еліміздің шын мәнінде қандай екенін көрсету, халықаралық деңгейде мойындалуына қол жеткізу, оның қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету және халықаралық экономикалық қатынастарға қосылу сияқты бірқатар мәселелерді шешуге тура келді.

Шетелде бірде-бір дипломатиялық немесе консулдық өкілдігінің болмауына және білікті кадрлар тапшылығы өткір сезілгеніне қарамастан, жас мемлекетіздің тәуелсіз сыртқы саясатын қалыптастыру жолына бел будық. Осы бағытта жаңадан құрылған министрліктің ішінде сыртқы саясатты жүзеге асыратын бөлімдер ашылды. Соның бірі консулдық қызметті қамтамасыз ететін консулдық басқарманы атап өтуге болар еді.

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан сол уақыттан бастап консулдық саланың іргетасын қалап, өз қызметін қалыптастыра бастады. Еліміз қысқа мерзімде 1961 жылғы 18 сәуірдегі «Дипломатиялық қатынастар туралы» Вена конвенциясына және 1963 жылғы 24 сәуірдегі

«Консулдық қатынастар туралы» Вена конвенциясына қосылды, сондай-ақ алғашқы Консулдық жарғысын бекітті.

*Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының консулдық қызметі өз жұмысын жоғарыда аталған жарғыға, консулдық-құқықтық мәселелерді реттейтін заңнамаға, консулдық саладағы халықаралық конвенциялар мен келісімшарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Әлемнің жетпістен астам елінде Қазақстанның екі жүзге жуық консулдық мекемесі мен құрметті консулдығы өз қызметін атқарып келеді. Ең бастысы, бұл жетістіктерге осы консулдық қызмет саласына жауапты мамандардың бірлескен күш-жігерінің арқасында қол жеткізіп отырмыз.*

Осыған байланысты, әрине Консулдық қызметтің бастаулары жайлы айтылатын естеліктер мол. Осынау маңызды салаға менің де азды-көпті қатысым болғандықтан оқырманмен ой бөлісуді жөн көрдім.

\*\*\*

Әрбір тәуелсіз мемлекеттің елтаңба, әнұран немесе ту сияқты қажетті рәміздері қатарына ұлттық төлқұжат пен виза да жатады деп ойлаймын. Оның себебі, біріншісі жол жүретін және халықаралық саяхат мақсатында қолданылатын құжат болса, екіншісі - шет елдер азаматтарының өзге елге заңды түрде кіруі үшін арналған рұқсат қағаз.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндері елімізде бұрынғы КСРО-ның жалпыазаматтық шетелдік төлқұжаттары қолданылатын. Шет елдерге шығатын лауазымды тұлғалар мен дипломаттар да әлемнің саяси картасынан біржолата жоғалып кеткен мемлекеттің қызметтік және дипломатиялық төлқұжаттарын қолдануға мәжбүр еді, кейбіреулері бұған намыстанатын да.

Сонымен қатар, аталған құжаттарды басқа мемлекеттердің төлқұжаттарынан ажырата алу үшін оның соңғы парақшасына «Қазақстан Республикасының азаматы - Citizen of the Republic of Kazakhstan» деген мөртаңба қойылатын.

Бір қызығы, аталған төлқұжаттарды берер алдында оларды шын мәнінде астымызға салып (бет жүзіне, лауазымына қарамай), біраз уақыт үстінен басып отыруымыз керек болатын, өйткені онсыз төлқұжат иесінің сұйық кеңсе желімімен жағылған фотосуреті тез және сапалы жапсырылмайтын. Бұл әдіс арамызда «қалыптасқан тәртіпке» айналған еді.

1994 жылдың алғашқы айларының бірінде мені Консулдық басқарманың сол кездегі басшысы Асқар Ахметұлы Мусинов шақырып, жоғарыдан Қазақстан Республикасының жаңа дипломатиялық және қызметтік төлқұжаттарын жасап шығару туралы бұйрық келгені туралы айтып, бұл істі маған тапсырды. Сол кезден бастап қызу және қызық жұмыс басталып кетті, алайда бұл салада еш жұмыс тәжірибеміз болмағандықтан, бастапқыда өте қиын болды. Көпке созбай, кішігірім бейресми жұмыс тобын да құрдық. Ол топтың құрамында әріптестерім Мұхтар Кәрібай, Ержан Омарбеков сияқты белгілі консулдар да болды. Қысқа мерзімде өзге елдердің қолданыстағы төлқұжаттарының үлгілерін сұратып алып, оларды барлық жағынан мұқият зерттеп, нәтижесінде өз төлқұжаттарымыздың алғашқы үлгісін кәдімгі қаламмен қағазға қолмен жазып салдық. Мұның себебі, сол кезде басқармада бұрынғы Германия Демократиялық Республикасында шығарылған «Robotron» деген тек бір-екі ғана компьютер болатын және олардың өзі мұндай жұмыс жасауға мүлдем жарамайтын.

Дайын болған паспорт үлгісін басында Қазақстан дизайнерлер одағының төрағасы Тимур Сүлейменовке көрсеттік, қарамағында қызмет ететін мамандармен ақылдастық, алайда олардың да бұл саладағы тәжірибелері аз екені байқалды. Сол кезеңдердегі

қиындықтарға қарамастан, алғашқы дайындық жұмыстарын уақтылы аяқтадық. Алматыға көп ұзамай Алманияның Мюнхен қаласында орналасқан «Giesecke&Devrient GmbH» неміс компаниясының өкілдері келіп, олармен алғашқы келіссөздер жүргізілді (ол кезде тендер жариялау деген мүлдем болмайтын).

Атап өтетін жайт, осы төлқұжаттың үлгісі мен оның сипаттамаларын дайындау барысында мемлекетіміздің ағылшын тіліндегі транскрипциясы мен аудармасын жазу процесі тым ұзақ мерзімге созылып, үлкен қиындыққа соққан еді. Сол кезде басшылық белгілеген мерзімге дейін үлгермей қаламыз ба деген қорқыныш та болды. Оның себебі, алғашқысында төлқұжатымыздың басты бетіне ел атауын ағылшын тілінде «Kazakstan» деп жазамыз деп келісілген болатын, кейін Президент аппараты басшысының кеңсесінен «Kazakhstan» деп жазылсын деген тапсырма түсті. Ондағы мамандарының пікірінше, ағылшын тілінде «k» деген дыбыс сөз ортасында орналасса, «h» әріпсіз мүлдем оқылмайды және естілмейді екен. Менің ойымша, бұл қателік болды, өйткені аталған кеңсенің сол «мамандары» ел атауының ағылшын тіліндегі аудармасын тек орыс тіліне ғана сүйене жасаған.

Сонымен, 1994 жылғы қазанда басқарма басшысы Асқар Ахметұлы екеуіміз Мюнхен қаласына ұшып барып, «Giesecke&Devrient GmbH» компаниясының штаб-пәтерінде арнайы келісімшартқа қол қойдық. Қуанышымызда шек болмады. Көп ұзамай Алманиядан барлық қажетті техникалық құрал-жабдықтар мен дипломатиялық және қызметтік төлқұжаттар бланкілері келіп жетті. Оны елге алып келген жүк ұшағын Алматы халықаралық әуежайына барып, үйге аса құрметті қонақ келген сияқты ресми түрде қарсы алдық. Содан соң Алматыдағы Төле би мен Желтоқсан көшелерінің қиылысында орналасқан Сыртқы істер министрлігінің жаңа ғимаратына жайғастырдық. Қазіргі кезде ол жерде Алмалы ауданы әкімінің аппараты орналасқан.

Атап өтетін жайт, аталған төлқұжаттардың реттік нөмірлері 0000001 деп басталатын, сондай-ақ алғашқы он төлқұжаттың болашақ иелерінің аты-жөні алдын ала келісіліп, олардың тізімі де бекітіліп қойған. Осыған байланысты, ендігі істің ең қиын жағы сол төлқұжаттарды басып шығарар кезде туындады, себебі басып шығару процесі кезінде ешбір қате жасалмауы тиіс еді. Өйткені, төлқұжаттың әр бланкісі жалғыз данада шығарылған, оның жеке сәйкестендіру нөмірі бар және қателерді бұрынғыдай кеңестік төлқұжаттарда сияқты ақ корректормен түзете салуға болмайды.

*Сондықтан да, қолайсыз жағдай болса, кешірер деген үмітпен, алғашқы басып шығарылған қазақстандық тұнғыш дипломатиялық төлқұжатының нөмірі D0000009 болды. Тізім бойынша бұл нөмір сол жылы тағайындалған еліміздің Сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаевқа тиесілі еді. Нәтижесінде бәрі сәтті болып, сол күні аталған төлқұжат өз иесіне табысталды. Келесі күні «бірінші ондыққа» кіретін тұлғалардың да кезегі келіп жетті.*

Көп ұзамай министрдің бұйырығымен маған атташе деген алғашқы дипломатиялық дәреже де берілді. Бұл енді бөлек тақырыптағы әңгіме...

1992 жылы Қазақстан Республикасы қолданысқа енгізген бірінші визалары мөртаңба түрінде болды, оны қолдану өте ыңғайсыз болатын. Сонымен қатар, ондай мөртаңбалардың қолданыстағы саны өте көп болғандықтан, кейде оларды шатастырып алу жағдайлары да орын алатын.

Мысалы, сол жылдары Алматы халықаралық әуежайында орналасқан консулдық бекетінде кезекшілік еткен белгілі әріптестеріміздің бірі (аты-жөндерін атамай-ақ қояйын) сол мөртаңбаларды шатастырып, жаңадан ғана тағайындалып, біздің елге ұшып келген Жапония Елшісінің төлқұжатына дипломатиялық

визаның орнына «Қазақстан Республикасының азаматы» деген мөртаңбанды қойып жіберген. Ел аумағына кірмей жатып, ойламаған жерден қазақ азаматтығына ие болған жапон Елшісі аң-таң болып қалған екен. Әрине, кейін ол мәртебелі дипломаттан кешірім сұрап, оған тиісті визасы берілді, ал бұл күлкілі оқиға өзіміздің арамызда аңызға айналды.

1995 жылдың көктем айында Алматы қаласында шет елдерде қызмет атқарып жүрген қазақ консулдарының бірінші ресми құрылтайын ұйымдастырдық. Әлемнің түпкір-түпкірінен келген еліміздің тұңғыш консулдары, өздерінің алғашқы сапарлары жайлы ой-пікірлерін айтып, тәжірибелерімен бөлісті. Олардың қатарында Германиядағы Нұрлан Қасымқұлов, Франциядағы Қазбек Бейсебаев, АҚШ-тағы Роза Қасенова, Мысырдағы Ержан Мұқаш, Ирандағы Владимир Лапий, Ресейдегі Бекетжан Жұмаханов және т.б. бар.

Сол күні Қазақстан Республикасының заманауи үлгідегі жаңа визалық жапсырманың тұсаукесері де өткен болатын және ондай визалық жапсырманы ТМД елдері арасында Қазақстан алғашқылардың бірі болып енгізді. Бұл визалық жапсырмалардың жобасын басынанаңағына дейін өзіміз дайындап, «Giesecke & Devrient GmbH» неміс компаниясының Лейпциг қаласында орналасқан фабрикасында басып шығарылған болатын.

2001 жылдан бастап бұл жапсырмалар, сондай-ақ дипломатиялық және қызметтік төлқұжаттардың бланкілері Қазақстан Ұлттық банкінің Банкнот фабрикасында жасалатын болды. Ол да енді басқа әңгіме тақырыбы ...

\*\*\*

Қазақстан Республикасы өз азаматтарына қай жерде жүргеніне қарамастан, әрдайым қолдау көрсетуге міндетті.

Жақында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Қазақстанның азаматтарын Украинадан эвакуациялау жұмыстарын сәтті ұйымдастырғаны үшін бір топ дипломаттар

мен консулдар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Бұған дейінде ҚР Сыртқы істер министрлігі жүргізгентүрлі гуманитарлық шаралар нәтижелерінде Ирақ, Ауғанстан және Сирия елдерінен қазақ азаматтары, сондай-ақ осы қақтығыс аймақтарында еріксіз жүрген балалар елімізге аман-есен қайтарылды. Ал 2020 жылдың алғашқы күндері Қытайдың Ухань қаласы мен Ресей аумағынан Қазақстанның мыңдаған азаматы эвакуацияланды және ол жерлердегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты азаматтарымызды елге қайтару жұмысы өте күрделі болған еді.

Міне, осы аталған және басқа атқарылған көптеген істердің сыртында сол елдердегі біздің кәсіби дипломаттар мен консулдардың да көзге көрінбейтін орасан зор еңбектері бар. Сондай-ақ, бұл біздің негізгі міндеттеріміздің бірі деп есептеймін.

Кәсіби дипломат, белгілі публицист Мұхтар Кәрібай «Парыз бен қарыз» деген эссесінде біздің әріптесіміз Бабыр Дәуренбек туралы былай деп жазады:

*«Кезінде көршілес бір елде бас бостандықтарына қауіп төніп, елінен, отанынан, бала-шағасынан ажырай жаздаған жиырмадан астам қарапайым жүргізуші азаматты құтқару үшін қаншама күндер мен айларыңды, жүйке-жүйенді сарп етіп, нәтижесі баянды болып, олардың ел шекарасына кірдік-ау, дегенде жата қалып вагонның еденін сүйгенін көрген, тағы бірде бір топ ана мен баланы ұлтаралық жанжал апатынан, еліміздің ондаған азаматтарын өзің қызмет етіп жатқан елдегі соғыс отынан аман алып шыққан, жақында ғана адасқан тағы бір жігітімізді өз басыңа қауіп төндіре отырып, жұртына жетектеп алып келген ерлігің ешқашан ұмытылмауы لازم, төтенше жағдайлар жөніндегі бас мекеменің медалін алуың, оны қойшы, азаматтық парызыңды әрдайым адал атқарып, сен құтқарған, көмегің тиген сол азаматтардың, демек, қарпайым халқыңның ақ батасы мен адал ниеті өзіңді кез-келген пәле-жаладан, тіпті тозақ отынан аман алып шығарына біз кәміл сенеміз.»*



Менің пікірімше, автор осындай бір ғана сөйлеммен тек Бабыр досымызға ғана емес, барлық консулдардың күнделікті адал еңбектеріне баға берген сияқты.

Осы орайда маған тағы мынадай бір оқиға есіме түсіп отыр. 2004 жылғы желтоқсан айының соңында Үнді мұхитында жер сілкінісі болып, ғалымдар оның амплитудасын 9,1-9,3 балл деп бағалады. Таиланд жағалауларындағы, Үндістан, Шри-Ланка және Индонезияның оңтүстік аймақтарындағы елді-мекендер су астында қалып, жүздеген мың адам қаза болды. Бұл жаңа ғасырдағы ең ауыр трагедиялардың бірі еді.

Аталған оқиғадан зардап шеккендердің арасында Қазақстан азаматтары да болды. Осы аймақтарда демалып жүрген бірнеше мың отандасымызды құтқару мақсатында дереу эвакуациялау жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі туындады. Атап өтетін жайт, сыртта жүрген соншалықты көп адамды төтенше жағдай жарияланған елден бір мезетте қайтару тәжірибесі бізде ол кезде әлі болмаған-ды.

Сол күні кешке ҚР СІМ Консулдық қызмет департаментінде жедел түрде Үйлестіру штабы құрылып, консулдарымыз бен өзге мемлекеттік органдардың өкілдері бір апта бойы күні-түні жұмыс жасады. Нәтижесінде, аталған аймақтардағы Қазақстанның барлық азаматтары құтқарылып, аман-сау елге жеткізілді. Өкінішке орай, үш адам із-түссіз жоғалып кетті.

Сонымен қатар, Қазақстан үкіметі күрделі экономикалық ахуалға тап болған Шри-Ланкаға гуманитарлық көмек көрсету туралы шешім қабылдады. Оны жеткізуге біздің консулдар барынша ат салысты. Осы шараның арқасында мыңдаған адамды ұзақ мерзім азық-түлікпен, алғашқы медициналық көмекпен және гигиеналық тазалық заттарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берілді.

Осы кезде бір ерекше оқиға орын алған еді. Эвакуация барысында су астында қалған Пхукет аралынан аман-есен алып шығарылған бір азаматымыз елге оралудан бас тартып,

Бангкок қаласында орналасқан бір бесжұлдызды қонақ үйінде демалысымды жалғастырамын деп шешті. Келесі күні сол жас жігіт қонақ үйдің ауласындағы бассейнге батып көз жұмды. Тағдыр дегеніміз осы екен...

\* \* \*

Былтыр Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығы мен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын қатарымен атап өттік. Желтоқсан көтерілісі - қазақ халқын оятып, рухын көтерсе, Тәуелсіздік күні - ата-бабаларымыздың арманын ақиқатқа айналдырып, азаттыққа қолымызды жеткізген асыл да қастерлі мейрам.

Кезінде осы Ұлы оқиғалардың нәтижесінде жаңа Ата заңымыз қабылданып, мемлекетіміздің тәуелсіздігін білдіретін символикалық айырым белгілері, яғни мемлекеттік рәміздер қабылданды. Сондай-ақ, Конституциямыздың 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып қазақ тілі бекітілді.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары Алматыда орналасқан шетел дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен дипломатиялық хат алмасу тек орыс тілінде ғана жүргізілді. Кеңестік тоталитарлық жүйеден енді шыққан жас мемлекет үшін мұндай ахуалды түсінуге болар. Тек, 1995 жылдан бастап Сыртқы істер министрлігінің ресми ноталарын бірте-бірте мемлекеттік тілде жолдап, шын көңілден балаша қуанғанымыз әлі есімізде. Мұның алдында Тауболды Үмбетбаев, Мұхтар Кәрібай, Ержан Қалекенов, Талғат Шалданбай, Ержан Омарбеков сынды әріптестерімізбен бірге ҚР СІМ Консулдық басқармасы басшылығының алдында осы мәселені қайта-қайта көтеріп, ақыры оларды көндірген болатынбыз.

Сол кезде біз және біздің сыртқы саяси мекемеіміздің қызметкерлері 25-30 жылдан соң ресми жиындарды, кездесулерді, келісімдер мен іс-қағаздарды тек мемлекеттік тілде ғана жүргізетінімізге еш күмәніміз болмаған еді...

Алайда, бұл жетістікке тек 2002-2007 жылдар аралығында ғана жеттік деуге болады. Осы жылдары біздің мекемемізде мемлекеттік тіліміз «өгей бала» мәртебесінен толық құтылып, қазақ тілін жетік меңгерген мамандар жұмысқа тартылып, нәтижесінде ресми іс қағаздардың басым бөлігі қазақ тілінде әзірленетін болды.

Сонда да, кейбір кезде біздің Министрліктегі осы қалыптасқан жағдай қайта нашарлап қала ма деп уайымдайсың. Оған себеп болатыны - Министрлік пен елшіліктерде өтетін кейбір жиындар мен кездесулердің күні бүгінге дейін тек орыс тілінде жүруі, ресми құжаттардың сол тілде дайындалып жолдануы. Мен мұны Тәуелсіздігіміз әперген жетістіктерімізді тәрк етіп, отаршылдық саясат заманына қайта оралудың сорақы белгісі деп түсінемін. Менің пікірімше, еліміздің азаттығы мен тәуелсіздігі жолында құрбан болған қасиетті де қаһарман, батыр бабаларымыз өз тіліміздің жағдайы осындай халге душар болады деп ойламаған болар.

Ана тілімізден айырылып қалуымыз - ұлттық қасиетімізден айырылғанымызбен тең. Олай болса, қаншама қан мен тер төгіліп ғасырлар бойы армандаған біздің тәуелсіздігіміз кімге керек!? Қазіргі кезде көпшілікті уайымдататыны балалардың болашағы, халқымыздың келешегі болғандықтан, қазақ тілі сөз жүзінде ғана емес, еліміздің нақты мемлекеттік тілі болуы жолындағы мақсат-мұратынан тайынбайық. Өз елінің шынайы патриоттары ретінде сіздер де іштеріңізден осыны тілейсіздер деген сенімдемін...

\* \* \*

Ғасырларға бергісіз осынау 30 жыл аралығында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызметінің қара шаңырағынан жүздеген жоғары санатты дипломатиялық мамандар шыққаны барлығымызға мәлім. Қазіргі кезде кейбір ардагерлеріміз зейнетке шыққан, ал басқалары ҚР СІМ орталық аппаратында, өзге мемлекеттік органдар мен өндірісте немесе

әлемнің көптеген елдерінде абыройлы қызмет атқаруда. Олардың қатарында А.А.Мусинов, Қ.Ы.Тәжібаев, С.Қ.Қартбаев, В.С.Коңырбаев, Б.Ж.Сейтбатталов, А.И.Антоненко, Р.Ж.Қасенова, З.А.Аманжолова, Т.Б.Үмбетбаев, А.А.Рахметуллин, А.Р.Сыздықов, Н.Ә.Қасымқұлов, Е.Қ.Ақынжанов, Д.А.Кәріпов, А.К.Елемесов, Қ.Қ.Лама Шариф, Е.С.Мұқаш, О.С.Оңалбаев, Б.М.Жұмаханов, А.А.Камалдинов, У.А.Төреханов, Т.Р.Шалданбай, Е.Ж.Қалекенов, М.А.Кәрібай, К.Қ.Қожамбердиев, С.Е.Хамидуллин, Е.Б.Мұқашев, М.Батырқұлов, Р.Т.Рақымбеков, Ғ.А.Ағыбаев, Б.Л.Садықов, М.Е.Төрекелді, Б.Т.Мамлин, Е.Т.Әбішев, З.Габдуалина, И.Омаров, Р.Р.Газизов, Ғ.С.Ермеков, А.Әбікенов, Е.Омарбеков, Ғ.Тұмабаев, В.Лапий және т.б. бар. Бәрін түгел атап шығу мүмкін де емес...

Осыған байланысты, бүгінгі күнге тәуба деп, жетпіс жылдан астам уақыт бойы кеңес одағының қоластында болған қазақ елі өз тізгінін өз қолына алды. Енді бұл елдің болашағы - тек біздің қолымызда. Сондықтан да қазақ мемлекетінің Тәуелсіздігі біз үшін ең басты байлық және қастерлі қазына, асыл парыз болып қалуы керек. Осынау Ұлы мүдде жолында аянбай еңбектенейік.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!



**ҚАСЫМҚҰЛОВ**

**Нұрлан Әбілқасымұлы**

*06.2013 – 09.2014 жж. ҚР Сыртқы істер министрлігі  
Консулдық қызмет департаментінің директоры*

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСЕЙДЕГІ КОНСУЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК КҮНДЕРІ**

2020 жыл тек қазақстандықтардың өзі үшін ғана емес, күтпеген жерден өршіген індет кезінде алдыңғы қатарда болған республиканың консулдық қызметі үшін де ауыр жыл болды. Көмек пен кеңес беру, шетелде қалып қойған отандастарымызды еліне, туған жеріне жіберу, қазақстандық студенттердің ресейлік жоғары оқу орындарында білім алуына қатысты мәселелерді шешу, Қазақстан азаматтарының құқықтарын мүлтіксіз қамтамасыз ету...

Мұның бәрі Қазақстанның Ресейдегі елшілігі мен консулдығы қызметкерлерінің бір жыл ішінде тәулігіне 24 сағат және аптасына жеті күн бойы атқаруы тиіс істерінің аз ғана бөлігі. Осы және басқа да көптеген жайттар туралы «МК» тілшісіне берген айрықша сұхбатында Қазақстанның Ресейдегі Елшілігінің кеңесшісі-консулы Нұрлан Қасымқұлов өз ойымен бөлісті.

- Консулдық қызмет туралы бұлай бір-екі сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, өйткені оның негізі ертеде дерлік қаланған. Бұл салаға қызығушылық танытқан кез келген адам, мысалы, алғашқы консулдар пайда болған Рим кезеңіне экскурсия жасай алады. Көне заманда «консул» сөзі отанға, азаматтарға, мемлекетке қамқорлық жасаушы немесе халық пен сенатқа «жауап алушы» деп аударылған. Сондықтан бұл сөз ұғымының тамыры, дипломатиялық қызмет ұғымына қарағанда, тарихи тұрғыдан ертеректеу пайда болып, анағұрлым тереңде жатыр. Оның үстіне консулдар институты консулдарға, белгілі бір сот процестерін

жүргізуді қоса алғанда, өте ауқымды өкілеттіктер берген еді. Алайда, Рим империясы жаулап алған елдердегі консулдардың бірінші кезектегі міндеттері өз мемлекеті азаматтарының мүдделері мен құқықтарын қорғау болды. Консулдардың бүгінгі міндеттері басым тұсынан өзгергенімен, аталған негізгі ереже сақталып қалды. Сондықтан консулдың міндеті – шетелдегі, белгілі бір мемлекеттегі қазақстандықтардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету. Сәйкесінше, қалған консулдық қызмет жүйесі, атап айтқанда қазақстандық консулдық қызмет те осы постулаттың төңірегінде құрылған. Айтпақшы, Қазақстанның тәуелсіздік таңы арайлап атқанда, консулдық қызметінің бастауында тұрғанымды, өз үлесімді қосқанымды бүгін мақтан тұтамын.

*- Нұрлан Әбілқасымұлы, бұл ретте Қазақстан Республикасының Ресейдегі консулы ретінде сіздің «әдеттегі» күнделікті жұмысыңыздың күн тәртібі қандай? Қандай мәселелердің шешімін табуға тура келеді? Қазақстандықтар сізге қандай сұрақтармен жүгінеді?*

- Менің жұмысым, ресми тілмен айтатын болсам, Қазақстан тәуелсіздігін алған тұста қабылданған құжаттарға негізделген – бұл Дипломатиялық және консулдық қатынастар туралы Вена конвенциялары, екіжақты қатынастардың шарттық-құқықтық қоры, Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қазақстан Республикасы СІМ мен Консулдық қызметінің нормативтік-құқықтық құжаттары. Бұл ретте, консулдық қызметкерлерге біздің елімізде мемлекеттік органдар атқаратын міндеттер жүктеледі. Тіпті, елімізде институты жақында ғана енгізілген ХҚҚО режимінде жұмыс істеп жатырмыз дер едім. Ал біз - шетелде орналасқан консулдық мекемелеріміз бастапқыда «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істедік. Көбінесе бізге азаматтық алу, қазақстандықтарды құжаттандыру, нотариат мәселелері, АХАТ мәселелерін шешуге тура келді және әлі де шешуге тура

келеді. Яғни, қазақстандықтарға ел ішінде көрсетілетін барлық мемлекеттік қызметтің бүкіл кешеніне шетелде консулдық қызмет жауап береді деп есептеңіз. Сондықтан, іс жүзінде шетелдегі консул өз мемлекетінің мемлекеттік органдарының ресми өкілі болып табылады.

Айтпақшы, консул баруға және өз отандастарының құқықтарын қорғауға құқылы, басқа мемлекеттің түзеу мекемелеріне, түрмелеріне түскен өз елінің азаматтарының тағдырына қатыса алады және қатысып келеді. Сондықтан, өзіңіз көріп отырғандай, біздің жұмысымыздың ауқымы өте кең және тағы да қайталап айтамын - Қазақстанда мемлекеттік органдардың өкілдері азаматтар үшін жасап жатқан істерінің барлығын шетелде консулдық қызмет өкілі жасайды.

*- Жұмысыңыз іс жүзінде үнемі тынымсыз жалғаса беретін болса, қалай және қашан демалып үлгересіз?*

- Қызық сұрақ! Консулдық бөлімнің қызметкерлері де пенде адам ғой, оларға да демалыс керек. Біздің азаматтарымызға шұғыл көмек қажет болатын оқиғалар секілді күптеген, аяқ асты жағдайларды қоспағанда, жұмыс бір жүйеге келтірілген болса - жақсы. Бақытымызға орай, Ресейде мұндай жағдайлар көп емес, бірақ олар кейде боп тұрады ... Сондықтан кейде біз басқа қарапайым адамдар сияқты демалуға және отбасымызбен жергілікті көрікті жерлерге барып көру мүмкіндігіміз болады. Бірақ тағы қайталап айтамын, түнде оятып: «Маған консул беріңіз!» деп қоңырау шалатын жағдайлар да болады. Мысалы, Ресейде көп қазақстандық студент білім алады, көптеген азаматтарымыз келісімшарт негізінде жұмыс істейді, вахталық жұмыс істейді – біз өз Отанынан жырақта жүргендердің барлығына көмектесуге тиіспіз және бұны жасауға тырысамыз.

*- Сіз осы қызмет бастау алған кезеңден бері жұмыс істеп келесіз... Осыдан 30 жыл бұрын болған консул жұмысы және бүгінгі таңдағы жұмысыңыз арасында айырмашылықтар бар ма?*

- Ең алдымен – еліміздің шет елдерге шығатын және шетелде жүрген азаматтарының саны. 90-шы жылдары бұлар аз болса, қазір қазақстандықтар еуропалықтар мен ресейліктер сияқты «саяхаттаушы ұлтқа» айналды. Демек, белгілі бір елде консулдық қызметтің болуы қажеттілігі туындайды. Мысалы, БАӘ-ін есептемегенде, басқа араб елдерінде Қазақстан үшін бір ғана консулдық қызметкер жеткілікті болса, Ресейде үш штаттық қызметкері бар Елшіліктің консулдық бөлімімен қатар, Санкт-Петербург, Қазан, Омбы және Астрахань қалаларында бас консулдықтар қызмет атқарады. Осылайша, жалпы Ресей Федерациясында қазақстандық консулдық қызметінің 11 штаттық қызметкері жұмыс істейді. Осы аталған мекемелердің әрқайсысы үшін өзінің консулдық округтері белгіленгендігіне қарамастан, шұғыл төтенше жағдайда, бұл шекаралар шартты болады, сондықтан қазақстандықтар қажетті көмек немесе кеңес алу үшін өздерінің орналасқан жеріне жақын тұрған консулдық мекемеге жүгіне алады.

Мысалы, Ресейге еңбек мигранттары көп келетін Қырғызстан немесе Өзбекстан елдерімен салыстыратын болсақ, онда бұл мемлекеттер өз азаматтарына арналған консулдық мекемелердің бұдан да көп санымен ұсынылған. Консулдар жұмысының тиімділігі мен сапасы, өз азаматтарының қандай да бір мәселелерін толық шеше алуы консулдық қызметкерлердің санына байланысты. Менің ойымша, Қазақстанда бұл тұрғыда бүгін дипломаттарының саны жеткілікті.

*- Сіз консул ретінде жұмыс істеген барлық кезеңде қандай істер ең қиын, оғаш, ерекше болды?*

- Шетелдегі консул үшін «қиын» мәселе деп азаматтарымыздың қазасын тіркеу және «жүк 200» отанына жөнелту дер едім. Бұл арада рәсімдік-техникалық тұрғыдан емес, психологиялық тұрғыдан қиын. Ал мұндай жағдайлар, өкінішке орай, біздің азаматтарымызбен шетелде жиі болып тұрады ...



Пандемия кезінде туындаған мәселелер күтпеген және күрделі болды, ол қазақстандық студенттерге және Қазақстан Республикасының азаматтарына, олардың туған жеріне оралуына байланысты болды. Естеріңізде болса, Ресейдегі пандемияның алғашқы шыңы өткен жылдың сәуір айында болды, бізге азаматтарымыздан, негізінен үйлеріне қайтқысы келген студенттерден көп өтініштер түсе бастады. Сондықтан біздің барлық уақытымыз және елшіліктің барлық тартылған қызметкерлерінің уақыты іс жүзінде қазақстандықтарды отанына қайтаруға жұмсалды. Бұл тек Ресейге ғана қатысты болып қойған жоқ - Мәскеуге әлемнің түпкір-түпкірінен келіп сол жерде түйісетін көптеген әуе рейстер болды. Консулдық бөлімнің қызметкерлері әуежайдан шықпады дерлік, әуежайға арнайы көлікпен жеткізілетін топтың қалыптасуына және логистика үшін жауап беретін мәдени-гуманитарлық бөлім де іске қосылды. Бүгінде жағдай біршама басқаша – студенттер қашықтан оқыту жүйесіне көшті, шиеленіскен жұмыс аздап саябырсыды. Бірақ, сонымен бірге, қазір Ресей Федерациясына оралып, оқуын осында жалғастырғысы келетін қазақстандық студенттердің өтініштері көбейді. Біз оқуға деген ықыласы бар студенттерімізді жақсы түсінеміз: алда сессиялар, ақысы төленіп қойған жатақханалар... Сонымен қатар, пандемияға байланысты Ресейдегі мектептер мен жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту, біздің еліміздегі секілді, тек Қазақстан азаматтары үшін ғана емес, сонымен қатар барлық шетелдік азаматтар мен Ресей азаматтары үшін де енгізілгендігін түсіну қажет.

*- Осындай төтенше жағдайлардан басқа, консулдық бөлімнің әдеттегі жұмыс кестесі немесе жұмыс тәртібі қандай?*

- Консулдық бөлімдегі күн тәртібі келесідей: сағат 9.30-дан 12.30-ға дейін барлық мәселелер бойынша құжаттар қабылданады, ал түстен кейін сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін дайын құжаттар беріледі.

Қарастырылатын мәселелердің ұзақтығы олардың күрделілігіне байланысты. Яғни, бұл қарастырылатын мәселе тікелей біздің құзыретіміз болса, мысалы қайтару туралы куәлік беру сияқты мәселе тіпті бір күннің ішінде де шешілуі мүмкін. Егер мәселе ҚР мемлекеттік органдарымен келісуді талап етсе, мерзімдер біршама ұзартылады. Консулдық қызметкерлерінің қызмет көрсету ерекшеліктеріне келетін болсақ, біз сол жерде қабылдайтын құжаттар бойынша шешім Қазақстанда түпкілікті қабылданады. Бұл төлқұжат рәсімдеу, тұрақты тұруға кетуге рұқсат беру, виза беру, айтпақшы, бүгін бізде электронды форматта жүреді. Жұмысымыз қызық, бірақ сонымен бірге оңай емес, ықтиятты түрде қарауды талап етеді – шындығына келгенде, біз тірі адамдармен жұмыс істейміз, олар әрқашан әртүрлі болып келеді. Әркім өз мәселесі мен арманымен жүгінеді және олармен кері байланыс біз үшін әрқашан өте маңызды.

*- Өміріңіздің үш онжылдығын арнаған мамандығыңызды не үшін жақсы көресіз? Сіз оған кездейсоқ келдіңіз бе?*

- Әрбір адамның өмірінде оның болашақ өмірін алдын ала анықтайтын бақытты кездейсоқтықтар болатын шығар. Алматы қаласындағы шетел тілдері факультетінің түлегі ретінде мен неміс тілі бойынша еркін диплом алдым. Бірақ ол кезде, 1989 жылы, қарапайым мұғалім ретінде де кез келген жерде жұмысқа тұру қиын болды, бірақ менің жолым болды. Бірде мен Мир көшесі мен Абай көшелерінің қиылысында орналасқан ҚазКСР Сыртқы істер министрлігінің жанынан өтіп бара жатып, ішке кіріп жұмыс жайын сұрайын деп шештім. Аздап қорқақтадым - олар мені бос жұмыс орындар туралы білу үшін министрдің көмекшісіне жіберуге уәде берді. Ол кезде бұл қызметті Асқар Мусинов атқарды, ол мен үшін «кіндік әкем» секілді болды, дәл сол кезде СИМ-де неміс тілін білетін маман лауазымы бос болды, сол орын кездейсоқ маған бұйырды. Бірақ бұған дейін маған күрделі мектептен өтуге, кәсіби жарамдылыққа емтихан тапсыруға тура

келді, кейін Қазақстанды халықаралық кеңістікте танытқан түрлі дәрежедегі елші мен дипломат болған көптеген мамандармен таныстым. Мысалы, мен жұмысқа орналасқанға дейін бір жыл бұрын қазақстандық СІМ жүйесіне келген, ҚР-ның РФ-дағы қазіргі Төтенше және Өкілетті Елшісі Ермек Көшербаевпен таныстым. Қазір біз Мәскеуде бірге жұмыс істейміз, бірақ мектепте оқып жүргенімде «Менің ғарышкер болғым келеді» деген тақырыпта шығарма жазғанмын! Дегенмен ... Мен жұлдыздарға әлі де қарауды ұнатамын. Ақиқат мәнін түсіну сияқты, бұл өмір бойы ішкі істер органдарында қызмет еткен әкемнен алынған қасиет. Алайда, көріп отырғаныңыздай, тағдыр мені ІІМ-не емес Сыртқы істер министрлігіне жетеледі, оған мен еш өкінбеймін, керісінше, басқа өмірді елестете алмаймын... Ал жұлдыздар – бұл адам әрқашан ұмтылатын белес, әсіресе рухани тұрғыдан. Менің «жұлдызым» - бұл маған деген сұраныс пен менің шынайы орнымда, жұмысымда және өмірде болуыма деген қажеттілік.

Демек, мен бала кезімнен, мектептен бастап орындағым келген бұл арманымға басқа жолмен болса да, сол нәтижемен келдім деп айта аламын.

*Сұхбат алған Ольга Шишанова  
«Московский комсомолец» газеті 2021 жылғы 20 қаңтар*

**МАДИЕВ**

**Ардақ Еділұлы**

*09.2014 – 08.2018 жж. ҚР Сыртқы істер министрлігі  
Консулдық қызмет департаментінің директоры*



## **ДИПЛОМАТИЯ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР**

### **СІМ-де жұмыс істеген алғашқы жылдарым туралы**

Мен консулдық қызметтің жұмысымен алғаш рет 1995 жылы, еліміздің Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында жаңадан құрылған ҚР СІМ-де еңбек жолым басталғаннан кейін көп ұзамай таныстым. Бонн қаласында (ГФР) ҚР Елшілігінде қызметтік іссапармен жүргенімде, мен консулдық бөлімде жұмыс істеген кезімде, онда таңертеңнен кешке дейін Қазақстаннан жаппай көшіп жатқан азаматтармен (этникалық немістермен) жұмыс жүріп жатқан еді.

Бұл тәуелсіз, егемен еліміздің қалыптасуының алғашқы жылдары болды. Қазақстан КСРО ыдырағаннан кейін экономикалық дағдарыс пен гиперинфляцияның қыспағында болды. Немістердің Қазақстаннан Германияға жаппай қоныс аударуына да осы себеп болды. Бұған Германияның федералдық канцлері Гельмут Кольдің бұрынғы КСРО елдерінде тұратын барлық этникалық немістерге тарихи Отанына оралу туралы үндеуі түрткі болды. Кейін статистиканы қорытындылай келе, 1991-2000 жылдар аралығында бір миллионға жуық отандастарымыз Германияға көшіп кеткені белгілі болды. Азаматтықтан шығуға өтініш берген отандастарымыздың сауалнамаларын қарап отырып, мұғалімдер, ЖОО оқытушылары, дәрігерлер мен инженерлердің елден кетіп жатқаны қатты өкінішті болды. Әрине, білікті мамандардың, еңбекке жарамды азаматтардың елден көптеп кеткені жүрегімізді ауыртты. Бұл ел үшін ең қиын жылдар болды.

Дипломатиялық қызметтің қыр-сырын тікелей жұмыс орнымда үйреніп, жас дипломат ретінде жұмыс істей жүріп, көп нәрсені үйренуге тура келді. Тәуелсіз Қазақстанның жас дипломаттарын дайындауда шетелдік Дипломатиялық академиялар жанындағы қысқа мерзімді дипломатиялық курстар үлкен демеу болды. Бұл сол кездегі көптеген жас дипломаттардың кәсіби тұрғыдан қалыптасуында маңызды рөл атқарды деп есептеймін. Кейде осы тәжірибені қазір неге қайта бастамасқа деп ойлаймын. Бұл - жас дипломаттарды кейіннен өңірлерге бөлу үшін даярлаудың нақты мүмкіндігі.

Осы жерде СИМ, оның Орталық аппаратының ұжымында қызметкерлер саны Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары өте аз болғанын атап өткен жөн. Барлығы бір-бірін жеке танитын және бәрі көз алдымызда болды десем де болады. Сондықтан мен үшін дипломат ретінде қалыптасуым үшін маңызды нәрсе - өзіме-өзім жоғары талап қоюым болды. Тәртіп, күнделікті өзін-өзі дамыту және жаңаға үйрену, ұжымда жұмыс істей білу, әріптестеріме қол ұшын беруге дайын болу – СИМ-дегі жұмыс істеген алғашқы күндерімнен бастап менің басты ұраныма айналды.

Тәлімгерлеріміз айтқандай, кәсіби және кадрлық дипломат болу үшін міндетті түрде бейіндік ЖОО-ны аяқтау немесе Дипломатиялық академияда оқудан өту қажет. Тіпті кадрлық дипломат бола тұра, барлық жаңалықтар мен уақыт талаптарын түсіне отырып, күнделікті өз бетіңізше жұмыс істеу керектігіне де кәміл сенімдімін. Десек те, дипломат болу – бұл романтика емес, қабілет екенін анық түсіну керек. Бұл Отан игілігі үшін күнделікті қажырлы еңбек. Бұл жұмысты жақсы көру керек, мұнда кездейсоқ адамдар болмауы тиіс.

Тәлімгерлер туралы айтатын болсақ, олар ерекше назар аударуға лайық деп ойлаймын.

### ***Тәлімгерлік туралы***

Өз еңбегімнің арқасында биіктерді бағындырдым дейтін адамдарды түсінбеймін. Алайда, таласып-тастыспаймын. Дегенмен, менің түсінуімше, ұстаздар мен тәлімгерлер адамды кәсіби мансабында белгілі бір белестерге жетелейді. Оның қалыптасуына өз тәжірибесін, білімі мен жанын салады.

СІМ-де жұмыс істеген алғашқы күндерімнен-ақ менің жолым болып, кеңес дипломаты, ҚазКСР-нің бұрынғы Сыртқы істер министрі, КСРО-ның Малидегі және Мароккодағы Елшісі Мәлік Сабырұлы Фазылов менің тәлімгерім болды. Өте қарапайым және парасатты тәлімгерім дипломатиялық мамандықтың қыр-сырын, ар-намысы мен қадір-қасиеті, кез келген жағдайда сабырлы және салқын қанды бола білу қабілеті туралы түсінікті және қызықты түрде жеткізіп, түсіндіре алды.

Бір басқармада жұмыс істей жүріп, тәжірибесі мол кеңестік және қазақстандық дипломат Хайыр Рахметжанұлы Омаровтан да көп нәрсеге үйрендім. Ол жас дипломатты ұялтпай, абыройын түсірмей, мысқылдап, кейде әзілдеп қателерімізді түзететін. Одан мейірім мен дала даналығы төгіліп тұратын. Ол керемет музыкаға қабілетті адам болды. Оның музыкалық таланты туралы біздің СІМ-де аңыз-әңгімелер көп айтылатын.

Есімде, әр басқармаға бір-бір компьютерден ғана берілетін (ол кезде департаменттер болмаған), қалған құжаттар баспа машинкаларында дайындалатын. Иә-иә, таң қалмаңыз, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында мұндай кезеңдер де болды. Кейде дәл сол күні рәсімдеуді және басып шығаруды қажет ететін құжаттар көптеп жиналатын. Маған өзім үшін де, сол жігіт үшін де, құжаттарды теріп, басып шығаруға тура келетін. Сондай кезде Хайыр Рахметжанұлы күлімсіреп: «Бүгін жасай алатын ісіңді ертеңге қалдырма», – дейтін. Естіген адам түсінеді. Сондықтан ертеңге қалдырмау үшін кеш қалуға тура келді).

Осы арада ЮНЕСКО, мәдениет және баспасөз істері жөніндегі басқарма бастығы болған Қайрат Исағалиұлы Исағалиев туралы да бірер сөз айтқым келеді. Әрқашан талапшыл, ұжымды басқаруда – қатал басшы. Ол прагматик болды. Ол жас дипломаттарды қатал ұстайтын, қылп еткізбейтін. Кейде сөзі сүйекке дейін өтетіндей, қатты ұрысатын еді. Кейде ойлаймын, соның арқасында өзіңе келген жұдырыққа төзе білуді үйрендім. Мұны да үйрену керек еді.

Көбінесе, СИМ-де жұмыс істеген алғашқы жылдарымды есіме түсіріп, қазіргі уақытта да тәлімгерлік дәстүрін жаңғырту қажет екенін түсінемін, аға және тәжірибелі дипломаттар кәсібін енді бастаған жас дипломаттарға өздерінің дағдылары мен біліктерін бере алар еді.

### ***Консулдық қызмет туралы***

ҚР СИМ жүйесінде Консулдық қызмет өте маңызды рөл атқарады. Консулдық қызмет департаменті (бұдан әрі – КҚД) СИМ халыққа мемлекеттік қызмет көрсететін жалғыз бөлімшесі болып табылады. Сондықтан консулдарға қойылатын талаптар да жоғары болады. Консул болу – құрметті, бірақ үлкен жауапкершілікті талап ететін қызмет. Дипломатиялық қызмет жүйесінде консулдар ерекше санат десем, қателеспеймін.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың «естітін мемлекет» туралы тұжырымдамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдардың алдына азаматтардың және бүкіл қоғамның әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жұмысты күшейту міндеті қойылды. Осы тұрғыда, елімізден тыс қары жерлерде бола отырып, шетелдегі өз отандастарының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге тиіс консулдардың жұмысына да назар аударғым келеді. Олардың тілектері мен өтініштеріне мұқият болу, азаматтардың өтініштеріне тез және тиімді жауап беру. Өйткені, консулдың жұмысына қарай халық

бүкіл СИМ қызметі мен тиімділігіне баға береді. Азаматтардың көпшілігі СИМ-нің Қазақстанның әлемдік қауымдастықпен және жаһандық ойыншылармен өзара іс-қимылы бойынша мақсаттар мен міндеттер қойылған сыртқы саясат тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша емес, оларға мемлекеттік қызметтер көрсету, көмек көрсету және олардың өзекті мүдделерін қорғау дәрежесі бойынша жұмысын бағалайтыны құпия емес.

Осы жерде Консулдық қызмет департаментінің 2015-2017 жылдардағы ҚХР-дан келген оралмандармен жүргізген орасан зор жұмысын еске түсірген орынды. Осы ретте, ШҰАА-да тұратын туыстары мен жақындарын көшіру үдерісін жеделдету туралы талаппен КҚД-не азаматтардан жүздеген өтініштер түсе бастады. Елімізде Қытайдан келген этникалық қазақтарды қолдауға арналған пикеттер мен митингілер басталды. Мәселенің мәні ҚХР-дан келген этникалық қазақтар жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан азаматтығын алып, ҚХР азаматтығынан шығу бойынша шарттар мен рәсімдемелерді сақтамауында болды.

Бұл мәселе ҚР Сыртқы істер министрі Е.А.Ыдырысовтың тұрақты бақылауында болды. Күн сайын ондаған адамды қабылдадық, соның ішінде БАҚ арқылы бірнеше рет түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Қысқа мерзімде біз шиеленіс деңгейін төмендете алдық.

СИМ басшылығы жағдайды реттеу үшін шұғыл шаралар кешенін қабылдады. Бір жыл ішінде біз ҚХР-дағы әріптестерімізбен консулдық консультациялардың бірнеше кезеңін өткіздік. Бұл қиын келіссөздер болды. Өйткені, әңгіме ҚХР азаматтары болған этникалық қазақтар туралы болды. Өте байсалдылықпен қарау қажет болды. Таразының бір жағында мыңдаған этникалық қазақтың тағдыры, екінші жағында ұлы державамен екіжақты қарым-қатынастар тұрғандай болды.

Қалыптасқан жағдайға түсіністікпен қараған қытайлық әріптестеріміздің арқасында біз ШҰАА-да тұратын этникалық қазақтарды ҚХР азаматтығынан жеңілдетілген түрде шығару



туралы уағдаластыққа қол жеткіздік. Бұл ұзақ та қажырлы еңбектің, соның ішінде ШҰАА сапарларының арқасында жүзеге асты. Шетелдік дипломаттарға сол жерге бару өте қиын болды, өйткені аймақта ерекше режим енгізілген болатын. Біздің делегациямыздың басшысы, сол кезде - ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары, М.Б.Тілеубердімен бірге Үрімшіде (ҚХР) болып, ШҰАА Компартиясының басшылығымен келіссөздер жүргізгеніміз есімде. Келіссөздер барысында біздің делегация басшысының сенімділігі, мейірімділігі мен сабырлылығы қытайлық қарсы серіктестердің бастапқы шиеленісін жойып, нәтижесінде тиісті келісімдерге алып келді. Осы арада ҚХР-дағы Елшіміз Ш.Ш.Нұрышев және Елшіліктің барша ұжымы Бейжің мен Үрімшіде келіссөздер жүргізуде үлкен көмек көрсеткендерін атап өткен жөн, сол еңбектері үшін оларға үлкен алғыс айта кетуіміз қажет. Жүргізілген барлық жұмыстардың нәтижесі Қазақстанға қоныс аударатын этникалық қазақтардың ҚХР азаматтығынан жеңілдетілген түрде шығу мәселесі бойынша сыртқы істер органдарының басшылары деңгейінде тиісті келісімдерге келу болды. Міне бұл, ҚР СІМ КҚД атқарып жатқан үлкен жұмыстың бір эпизоды ғана шығар.

Консулдық қызмет департаменті мемлекеттік қызмет көрсете отырып, мемлекеттік орган мен шетелдегі елдестер және отандастар арасындағы өзара іс-қимылдың алдыңғы қатарында екенін атап өткен жөн. Бұл өз кезегінде, әрбір консулға үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан, КҚД қызметкерлерін ҚР-ның шетелдегі мекемелеріне жіберу кезінде олардың моральдық-психологиялық дайындығына, штаттан тыс жағдайларға тез ден қою қабілетіне, белгілі бір құқықтық білімінің болуына, сондай-ақ мекендеу елінің негізгі заңнамасы мен әдет-ғұрыптарын білуіне аса назар аударылады.

Қорытындылай келе, күрделі міндеттерді өз ұжымына сенетін, әр қызметкерді қолдайтын, құрметпен қарайтын басшылар шеше алады деп айтқым келеді. Осындай қарым-қатынаста

және берік байланыста болған жағдайда ғана бөлімше кез келген күрделі тапсырмаларды орындауға дайын болады. Ешкім өмірбақи басшы болмайды. Олардың әрқайсысы бірқатар нақты міндеттерді шешуге келеді. Іске асыру табыстылығы мақсаттарға жету үшін ұжымды біріктіре және жұмылдыра білуіне байланысты болады. Өзара сенім мен құрмет болмаса, нақты нәтижелерге қол жеткізу мүмкін болмайды. Сондықтан әрбір басшыға өзінен кейін ұжымда қандай із қалдыратынын, қандай естелік қалдыратынын әрдайым естен шығармаған жөн.

Осы жылдар бойы (2014-2018 жж.) иық тіресе жұмыс істеген КҚД ұжымына үлкен құрметпен қараймын. Консулдық қызмет департаментінде жұмыс істеген кезімде, еңбек жолын енді бастаған жас кадрлармен жұмыс істеу менің алға қойған басым міндеттерімнің бірі болды. Олардың көпшілігі СІМ-не келісімшарт негізінде келген қызметкерлер болды. Олардың басым бөлігі дипломат болды деп мақтанышпен айта аламын. Қазір уақытта – бұл тәжірибелі, жігерлі, өз ісіне берілген жастар. Дәл осы жастар санаты Қазақстанның заманауи және ұтқыр Консулдық қызметінің негізін құрайтынына сенімдімін.



**ҮМБЕТБАЕВ**

**Тaubолды Балхияұлы**

*08.2018 – 10.2020 жж. ҚР Сыртқы істер министрлігі  
Консулдық қызмет департаментінің директоры*

## **ДИПЛОМАТИЯ САЛАСЫНЫҢ АДАМ ТАҒДЫРЫНА ӘСЕРІ**

1964 жылғы 26 шілдеде Алматы облысының Амангелді ауылында дүниеге келдім. 1982 жылы «Алмалы» ауыл орта мектебін аяқтап, 1982-1984 жылдары Кеңес Одағы әскері қатарында болдым. Бір жыл ауыл құрылыс орындарында тас қалаушысы болып жұмыс жасап, 1985-1990 жылдары «Алматы педагогикалық шет тілдер институты» жоғары оқу орнына неміс тілі мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түстім. 1990-1993 жылдары Жамбыл облысы Қордай ауданының орта мектептерінде мұғалім, оқу, тәрбие ісі меңгерушісі, мектеп директорының м.а. лауазымдарында қызмет еттім.

1993 жылғы сәуірде Сыртқы істер министрлігінің консулдық жүйесіне жалпы конкурстан өтіп, референт болып тағайындалдым. Сол кезде жастарды біздің министрлікке қызметке алу комиссиясының Төрағасы ҚР сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары, қазір Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еді (1992 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің орынбасары, 1993 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары, 1994 жылы еліміздің Сыртқы істер министрі).

1993-2009 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Консулдық қызмет басқармасының (Бас басқарма кейіннен Департамент) және Қазақстан Республикасының Германия мен Швейцариядағы дипломатиялық өкілдіктерінде референттен 1-хатшыға дейін әртүрлі лауазымдарда болдым.

2009-2014 жылдары Вена қаласында Қазақстан Республикасының Австриядағы Елшілігінің консулдық бөлімінің меңгерушісі, 2014-2015 жылдары «Нұр Отан» ХДП Орталық аппаратының сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқардым.

2015-2018 жылдары Қазақстан Республикасының Мюнхендегі (Германия) консулдығының басшысы, 2018 жылғы шілде және 2020 жылғы қазан аралығында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Консулдық қызмет департаментінің директоры, ал 2020 жылғы қазаннан бастап Қазақстан Республикасының Астраханьдағы Бас консулы болып тағайындалдым.

1993 жылғы сәуір және 2000 жылғы желтоқсан аралығында, яғни СИМ Консулдық басқарманың жалпы консулдық мәселелер жөніндегі бөлімінің референтінен Қазақстан Республикасының Ганновердегі (Германия Федеративтік Республикасы) құрметті консулдығының консулы қызметіне ауысқан кездерім маған үшін үлкен мектеп және тәжірибе жинау кезеңі болды. Әрине, алғашқы дипломатиялық және консулдық бағыттағы ұстаздарым Е.М.Асанбаев, Қ.К.Тоқаев, В.Х.Гизатов, Қ.Ы.Тәжібаев, А.А.Мусинов, т.б. туралы дана-аңыз дипломаттарға ауыз толтырып айтар естеліктер өте көп және келешекте олар туралы көптеген мақалалар жазатыныма сенемін.

Ерік Мағзұмұлы Асанбаев – Қазақстанның мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасының вице-президенті, 1989-1990 жылдары - Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, 1991 жылғы сәуір-қазан айларында - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы, КСРО халық депутаты, 1996 жылғы ақпаннан 2000 жылғы шілдеге дейін - Қазақстан Республикасының Германиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі.

1936 жылғы 10 наурызда Қостанай облысында дүниеге келіп, 2004 жылғы 23 тамызда дүниеден өтті.

Гановер қаласында консулдық қызметте жүрген шағымда есімде қалған байсалды, әке орнына әке бола білген, асыл сүйекті ағамыз, ақсақал Ерік Мағзұмұлы Асанбаевпен өткізген оқиғаларды болашаққа үлгі болар деген ниетпен арнайы кіргізіп отырмын.

### ***Адамгершілік және ағалық нұсқау:***

Қазақстан Республикасының Германиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ерік Мағзұмұлы Асанбаевтың 1997 жылы күз айында Берлин қаласы, кезекті консулдық жиында есеп беруге жиналған консулдарға айтқан сөзі:

«Сіздердің бүгінгі күнгі әрбір іс-қимылыңыз, еліміздің ертеңі үшін аққан маңдай теріңіз, әрбір істі ойланып, таразылап барып іске асырғаныңыз мемлекеттің келешегі үшін бүгінгі күннен бастап өте қажет әрекет!». Ерік Мағзұмұлының осы сөздері мәңгі есімде қалды. Ол кездері Қазақстаннан қоныс аударған ұлты неміс азаматтарының саны шамамен бір миллионға жетіп қалған болатын. Күнделікті консулдық іс әрекеттерден ай сайын миллиондаған неміс франкілерін мемлекет бюджетіне түсетін еді.

2000 жылы жұбайым Тамара қатты ауырып жатқанын естіген Ерік Мағзұмұлының тағы бір ағалық кеңесі: «Барлық ауруларға табиғат шипа береді, сондықтан келінді табиғаты жақсы бір жерге апарып, таза табиғи су мен ауа аясында демалдыр». Осы кеңестен кейін жұмыстан 14 күндік демалыс алып, Алматы тауларына алып бардым, шынымен де, бір аптадан кейін зайыбымның жағдайы жақсарып, басын көтерді, көңіліміз орнына түсті.

2003 жылы Швейцария елінде 2-хатшы қызметінде жүргенімде, Цюрих қаласының маңындағы бір ауылдан Лида есімді, ұлты орыс қыз телефон шалып, көмек сұрап жатыр деген ақпарат түсті. Алматылық Лида Қазақстан азаматшасы Швейцария азаматымен неке қию келісімшартына қол қойған, соңынан нәрестелі болған, енді Швейцария азаматы баланы өзіне алып қалып, Лиданы

Швейцария жерінен шығарып жіберумен айналысып жатқанын айтып жылады. Мәселенің анық-қанығын, шындығын анықтау үшін келесі күні жолға шықтым. Жасырын түрде баласын бала арбасына салып, қолда бар барлық құжаттарын алып, келіскен жерде кездестік. Бірден неміс тілінде жазылған келісімшартты оқып шықтым. Аталған келісімшарт неке қию келісімшарты емес, суррогаттық ана келісімшарты болып шықты. Тіл білмеген жас қыздың алданғанын бірден сездім. Осындай жағдайда бірден дұрыс шешім қабылдау әр консулдық қызметкердің азаматтық борышы деп ойлаймын.

Лида мен баласын дипломатиялық нөмерлі көлікке салып алып, «Алла жар болсын» деп, Бернге қарай бет алдық. Елшілікке келісімен Орталыққа осы жағдай туралы бірден шұғыл хат жолдап, Швейцария полициясы іздеу салмай тұрғанда, зардап шегушіні бірден шекарадан алып шығуды ойластырдым. Консулдық қызметті кезінде бірге бастаған әріптесім, бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Германиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Даурен Кариповке (ол кезде әріптесім Майндағы Франкфурт қаласындағы Бас консулдықтың 3-хатшы-вицеконсулы) телефон шалып ақылдастық. Сол түні Германияның Майндағы Франкфурт қаласына жолға шығып, ертесінде зардап шегушіні Алматы қаласына ұшатын ұшаққа мінгізіп жібердік.

Міне, адам тағдырында болатын осындай және басқа да әртүрлі жағдайлар - консулдар өміріндегі күнделікті іс-шаралар.

«Консулдың тұла бойында туа біткен адамгершілік, үлкендер мен жастарға деген сый-құрмет, елі мен жеріне, халқына деген патриоттық сезімі, ата-анасы мен туған-туыстарына, отбасына деген махаббаты болуы шарт!»



**АҚАТАЕВ**  
**Бауыржан Рымқанұлы**  
*ҚР СІМ Консулдық қызмет департаментінің директоры*  
*10.2020 жылдан бастап осы уақытқа дейін*

## **ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ КОНСУЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ**

Консулдық қызметтің қазіргі жағдайдағы мүмкіндіктері мен оны одан әрі дамыту перспективалары туралы айтқым келеді.

Өздеріңіз де байқаған боларсыздар, консулдық қызмет – ең алдымен шетелдегі азаматтарымыздың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған күнделікті, жауапты, кейде ауыр жұмыс. Сонымен қатар, тәжірибе көрсеткендей, біздің жұмысымыз өте тартымды және қызықты. Қанша қатты естілсе де, шет мемлекетте әртүрлі қиын өмірлік жағдайларға тап болған азаматтарымыздың тағдырын шешетін жалғыз адам - бұл консул деп айтуға болады. «Әр консул дипломат бола алады, бірақ кез келген дипломат консул бола алмайды» деген сөз бар. Әрине, бұл тезиспен дауласуға болады, бірақ бұл салада жұмыс істеу арнайы, нақты дағдылар қажет екені күмән тудырмайды. Өйткені, консул қызмет бабы бойынша азаматтық, АХАЖ, нотариус, құжаттандыру және т.б. мәселелері болсын, әртүрлі салалар мен мемлекеттік құрылымдар жұмысының қыр-сырын жан-жақты білуі керек. Сонымен қатар, консул мәртебесі – бұл, осы сөздің жақсы мағынасында, тағылған таңба десе де болады, сондықтан біздің ортада бұрынғы консул деген сөз жоқ деп айтылады.

Өздеріңіз білетіндей, консул шетелде өз қызметін консулдық мекемелерде жүзеге асырады, олар біздің азаматтарға түрлі мемлекеттік қызметтер көрсетеді. Консулдық мекемелерді шетелдегі халыққа қызмет көрсету орталықтарының бір түрі деп айтуға болады, бірақ олардың мекендеу елінің географиясына, менталитеті мен саяси құрылымына байланысты қалыптасатын өзіндік ерекшеліктері бар.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда консулдық қызмет біздің өміріміздің басқа да көптеген салалары сияқты белсенді цифрландыру кезеңін бастан өткеріп жатқанын атап өткім келеді. Мәселен, соңғы бірнеше жылда консулдардың техникалық және коммуникациялық мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласында оқыту арқылы олардың қызметін оңтайландыру және тиімділігін арттыру үшін бірқатар нақты шаралар қабылданды.

Консулдарға ақпараттық жүйелерді қолжетімді ету цифрлық түрлендіруге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Мысалы, бұрын шетелде туған азаматтарымызға туу туралы куәлік ЖСН-сіз берілгендіктен, сол себепті олар Қазақстан халқының жалпы дерекқорына енгізілмейтін еді. Баланың ата-анасы баланың туылуына байланысты жәрдемақы алу, балабақшаға кезекке қою және басқа да қызметтерді алу мүмкіндігін бірден пайдалана алмады. Баланы дерекқорға енгізу үшін ата-аналар Қазақстанға келгеннен кейін көптеген мекемелерге қосымша баруға мәжбүр болды. Осы себепті, 2016 жылы біздің министрлік басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, консулдарға баланың шетелде туылуын тіркеу кезінде онлайн режимінде актілік жазбаны онлайн жүргізуге мүмкіндік беретін «АХАЖ» АЖ қолжетімділігін қамтамасыз етті, бұл ретте ЖСН автоматты түрде қалыптастырылды және бала бірден Қазақстан халқының дерекқорына енгізілді.

Осы тұрғыда Қазақстанның Мәскеудегі Елшілігінің консулдық бөлімінің басшысы болған кездегі жұмыс тәжірибем туралы айтуды жөн санаймын. Осы аталған шетелдік мекеме мемлекеттік қызмет көрсету және консулдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру бөлігінде мекемеге аса көп «жүктеме» түспеді, менің «жолым болды» десек те болады. Бұл ретте, олардың саны жыл сайын артпаса, кеміген жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі негізгі мәселе қандай да бір құжаттарды,



әсіресе біздің азаматтарымыздың төлқұжаттарын рәсімдеу ұзақтығы болды. Жалпы алғанда, бұл процесс шамамен үш айға, ал кейбір жағдайларда одан да көп уақытқа созылды. Бұның Қазақстанға қағаз құжаттарды дипломатиялық пошта арқылы жіберу қажеттілігіне байланысты объективті себептері болды. Қазақстанда төлқұжаттарды рәсімдеу мерзімдері біршама қысқарғанын ескерсек, біздің азаматтарымыз оны шетелде де тездетіп алғысы келгені әбден қисынды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, 2019 жылы Мәскеуде «Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде құжаттауды» тіркеу пункті» қолданбалы бағдарламалық жасақтама арқылы азаматтарымызды электрондық құжаттандыруды енгізу бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Бұл жүйе шетелдік мекемеден қағаз құжаттар пакетін ИМ-не жіберу қажеттілігін толығымен жоюға мүмкіндік берді, өйткені барлық қажетті ақпарат жүйеге онлайн режимде енгізілді, осылайша төлқұжаттарды рәсімдеу мерзімі 80 күннен 30 күнге қысқарды. Осы жүйе арқылы рәсімделген ең алғашқы төлқұжат өтініш берушіге өтініш берілгеннен үш күннен кейін берілді. Дайын төлқұжат алған кезде оның қуанышқа толы таңдана қараған көздерін көрсеңіз ғой. Жалпы, бұл жаңалықты азаматтарымыз өте жақсы қабылдады деп айтуға болады. Өтініш берушілер әзілдеп, тіпті бұл өте ұзақ уақыт деп наразылық білдіргендей, төлқұжатты бұдан да тезірек берсеңіздер деп әзілдеді.

Нәтижесінде бұл жүйе өзін жақсы тұсынан көрсете алды және қазіргі уақытта Қазақстанның басқа да консулдық мекемелерінде белсенді түрде енгізілуде. Уақыт өте келе ҚР-ның барлық шетелдік мекемелерін 100% қамту қамтамасыз етілетін болады. Сондай-ақ, бұл жүйе консулдың басқа да мемлекеттік қызметтерді көрсетудегі жұмысын едәуір жеңілдететінін атап өткен жөн.

Өкінішке орай, процестерді автоматтандыруға қатысты инновациялар бастапқыда азаматтардан тиісті қолдау таппай, теріс қабылданған жағдайлар да болды. Жоғарыда атап өткенімдей, біздің Мәскеудегі кеңсеміз «шиеленіс нүктесі» болып саналды және күн сайын екі жүзден астам өтініш берушіні қабылдады. Түннен таңға дейін консулдың қабылдауына жазылғысы келген азаматтар қатары консулдық бөлімнің кіреберісінде тізіліп тұрды. Кейде арызданушылар арасында даулар мен наразылықтар да болды. Біз азаматтар үшін автоматтандырылған кезек жүйесін енгізу арқылы бұл процесті реттеу туралы шешім қабыладық. Айта кету керек, ҚР-ның кейбір шетелдік мекемелерінде мұндай жаңашылдық табысты болды. Азаматтар біздің жаңашылдыққа бірден бейімделе алмай, «жауша» қарағандары да болды. Болашақты болжай айтсақ, біз дұрыс бағыт алдық деп айта аламыз, өйткені аз уақыттан кейін адамдар бейімделіп, біздің консулдық бөлімге бармай-ақ, даудамайсыз, оны қуана-қуана пайдалана бастады.

Елшілікте азаматтарымыз үшін электронды цифрлық қолтаңба беру жүйесін енгізу тағы бір жаңалық болды. Егер азаматтарды ЭЦҚ-мен қамтамасыз ете алсақ, олар өз кезегінде eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы өзіне қажетті қызметтердің басым бөлігін онлайн режимде ала алатыны анық еді. Өйткені, Қазақстанда да, шетелде де мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде тең жағдай жасау біздің басты мақсатымыз болды. Бұл өз кезегінде консулдық бөлімге түсетін өтініштер санының азаюына ықпал етті. Бастапқыда бұл жаңа енгізілім біздің Мәскеудегі кеңсемізде пилоттық режимде сыналды, енді бұл жүйе Қазақстанның оннан астам шетелдік мекемелерінде енгізілді.

Қорытындылай келе, консулдық саланы цифрлық түрлендіру консулдарға және олар көрсететін мемлекеттік қызметтерге деген сенімдеңгейін арттыруға, қағазбастылықты жоюға, сондай-

ақ бизнес-процестерді оңтайландыруға және жеделдетуге едәуір табысты ықпал етеді деп айтуға болады. Нәтижесінде, консулдар шет елдердегі мемлекетіміздің, отандастарының және ҚР заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен достық қатынастарын дамытуға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық, гуманитарлық мәдени байланыстарды және туризмді кеңейту бойынша өзінің негізгі қызметіне көбірек уақыт бөле алатын болды.

*«Азаматтардың мәселелерін тыңдап,  
көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы –  
дұрыс және әділ шешім шығару қажет».*

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ**

**ЕЛЕМЕСОВ**

**Андриан Көпмағамбетұлы**

*Қазақстан Республикасының Куба Республикасындағы  
Төтенше және Өкілетті Елшісі*

## «ӘКЕ МЕН АНА ...»

Консул жұмысы - өте қызық әрі жауапты! Консул болу – біріншіден, шетелдегі азаматтарымыздың игілігі үшін атқарылатын қажетті күнделікті ауыр жұмыс. Екіншіден, бұл шетелдік азамат елімізге келе жатқан жолында кездесетін бірінші шенеунік. Үшінші..., төртінші... т.б. «КОНСУЛ деген кім?» сұрағына жауаптарды шексіз тізімдеуге болады.

Қазақтың бір ұлы саясаткері: «Дипломат болу үшін хаттамалық қызметтен, консулдық жұмыстан, одан кейін тек сыртқы саяси ведомствоның саяси бөлімшесінен өту керек» деген екен. Дипломат болып жұмыс істейтін адам, әсіресе шетелде, қандай да бір жағдайда өзін қалай ұстау керектігін, әртүрлі жағдайларда азаматтарымызға қалай көмектесу керектігін, өз қандастарымыздың немесе қазақстандық кәсіпорындардың мүддесін қалай қорғау керектігін білуі тиіс. Сыртқы саяси қызмет міндеттерінің бірінші тармағы «азаматтарымыздың құқықтары мен мүдделерін қорғау...» деп бекер айтылмаған.

Шетелде жүріп көптеген азаматтар «көмекке мұқтаж емеспіз және біздің дипломатиялық өкілдікке ешқашан жүгінбейміз» деп ойлайды. Кейде біздің азаматтарға кездейсоқ кездесіп, консулымызға хабарласуға, координаттарын хабарлауға, тіпті консулдық тіркеуге тұруға кеңес береміз, бірақ олар бұның бәрін «дұшпандықпен» қабылдайды. Бізден қашқақтайды, тіпті бізді олардың «соңына түсіп алды» деп айыптап, мәлімдемелер жасайды. Бірақ COVID-19 пандемиясының тәжірибесі көрсеткендей, олар шет елде жүрген кезде, қандай да бір мәселеге тап болған бойда, Қазақстан Республикасының азаматы

екенін, біз оларға материалдық көмек көрсетуге және олардың отанына тезірек оралуын қаржылық жағынан қамтамасыз етуге міндетті екеніміз есіне түседі.

Түрлі себептермен алыс-жақын шет елдерде тұрып жатқан қандастарымыз баршылық. Әрине, Қазақстан азаматы болғандықтан, олар кейде қандай да бір құжатты рәсімдеу мәселесіне тап болады. Міне, осы кезде ғана олардың есіне консулдар да, жалпы дипломаттар да түседі.

*Консул болып жұмыс істеу - үлкен мақтаныш! Бұл шетелдегі ең қамқор адам, бұл біздің азаматтар үшін «Әке мен ана». Бұл тұрмыстық мәселелерді шешуші адам. Бір тұлға заңгер әрі нотариус, экономист әрі бухгалтер, сонымен қатар республиканың барлық мемлекеттік органдарының «өкілі» болып табылады. Елшілік Елшісіз жұмыс істей алады, ал консулсыз Елшілік жұмыс істей алмайды.*

Бір қызық оқиға болды. Қазақстан Республикасының Елшісі мен бір еуропалық елдің министрінің маңызды кездесуі өтіп жатты, көптеген маңызды мәселелер талқыланды. Келіссөздерді Елшіліктің қызметкері (ол консул болған) аударып отырды. Жиі болған жәйт, тараптар кездесудің кейбір мәселелері бойынша ортақ келісімге келе алмады. Кездесу соңында Елші аудармашысын таныстырды және тараптар оған көрсеткен көмегі үшін алғыс білдірді. Сонымен бірге, ол қарапайым аудармашы емес, Елшіліктің консулы екенін қоса айтты. Кенеттен әлгі министр орнынан атып тұрып, консулмен қол алысып, барлығынан қайта жайғасуын өтініп, сұрақтарын жалғастырды. Соңында тараптар келіссөздердің күн тәртібіне қойылған барлық мәселелер бойынша уағдаласты. Олар сыртқа шыққанда, біздің Елшіміз олар үшін елшіден гөрі Консул маңыздырақ екенін айтты.

Көптеген адамдар кейде Елшілік дипломатын консул деп ойлап қателеседі. Консул – консулдың қызметкері. Ал Елшілікте консулдық мәселелермен айналысатын дипломат немесе консулдық бөлімнің басшысы немесе оның қызметкері бар. Күнделікті өмірде, әрине, бәрі оны консул деп атайды.

**МЕҢІЛБЕКОВ**

**Мадияр Сәмәдіұлы**

*Қазақстан Республикасының Біріккен Араб Әмірліктеріндегі  
Төтенше және Өкілетті Елшісі*

## **ӘМІРЛІКТЕРДЕГІ КОНСУЛДЫҚ ТӘЖІРИБЕМ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 22 мамырдағы №118 Жарлығымен еліміздің Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Елшілігі ашылғаны мәлім. Сол жылдың қыркүйек айында Әбу Дабидегі Елшіліктің атташесі болып тағайындалып, консулдық бөлімге жауапты дипломат болдым.

Біріккен Араб Әмірліктерінің құрамына жеті әмірлік кіреді. БАӘ астанасы Әбу Даби қаласында шетелдік мемлекеттердің елшіліктері орын тепкен болса, сауда-экономикалық маңызы жағынан екінші орындағы Дубайда Бас консулдықтар орналасқан. Географиялық тұрғыдан алғанда, елдің солтүстігіндегі алты әмірлік бір-біріне жақын жерде болса, Әбу Даби әмірлігі олардан қашықтау орналасқан. Осы аталған ерекшеліктерге байланысты Әмірліктерде қабылданған тәртіп бойынша консулдық аймақ ретінде Әбу Даби әмірлігіндегі елді-мекендерді (Әбу Даби қаласы, әл-Айн және әд-Дафра аймақтары) Елшілік, ал қалған алты әмірлікті консулдық аймақтар ретінде Дубайдағы Бас консулдық қамтиды.

*Елшіліктің консулдық бөліміне жауапты дипломат ретінде 2006-2010 жылдары атқарған жұмыстарды төмендегідей жинақтауға болады.*

2006 жылы Елшілік ашылған мезеттен бастап Әмірліктердің күзиретті орындары – Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігінің, Көші-қон қызмет департаменті, Әбу Даби



Полиция департаменті және басқа да мемлекеттік органдармен байланыстар орнатылып, консулдық қызметтің мәселелерін жылдам шешуге мүмкіндік болды. Сонымен қатар, Әбу Дабидегі дипломатиялық корпуспен тығыз қатынастар жасап, тәжірибе және ақпарат алмасу бастапқыдан дұрыс жолға қойылды. Сол жылы Әмірліктердегі Сауд Арабиясы, Қатар Мемлекеті, Оман Сұлтандығы, Бахрейн Корольдігі елшіліктерінің консулдық бөлімдері қызметкерлерімен екіжақты кездесулер өткізіп, аталған елдердің визаларын алу тәртібі анықталды. 2006 жылы алғашқы рет Әмірліктермен «Дипломатиялық тәлқұжат иеленуші азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы» келісім жобасын талқылау басталған болатын.

2007 жылы Елшіліктің консулдық бөлімі Әмірліктердегі Интерполдың жергілікті басқармасының бастығымен тығыз байланыс орнатып, өзара ынтымақтастықты дамыту жолдарын қарастырды. Сонымен қатар, БАӘ Сыртқы істер министрлігінің Консулдық істер департаментінің директоры Обейд Ибрахим Салеммен болған кездесуде өзара құқықтық көмек көрсету маңыздылығына және тиісті құжаттарға қол қою қажеттігіне назар аударылды. Сол жылы консулдық бөлімде «Бүркіт-СІМ» бағдарламалық қамтамасыз ету іске қосылып, еліміздің құзыретті орындарына хабарланды. Ақпараттық-сараптамалық жұмыстың ауқымын кеңейту бағытында Біріккен Араб Әмірліктерінің көші-қон және визалық саясатына қатысты материалдар дайындалды.

Консул ретінде атқарған жұмысымының жемісі ретінде Әмірліктерді еліміздің сапарлар тәртібі жеңілдетілген 28 мемлекет қатарына енгізу туралы ұсыныс жолдап, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 29 маусымдағы №08-1-1-1/200 және ҚР Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі №272 бірлескен бұйрығына сәйкес Біріккен Араб Әмірліктері сапарлар тәртібі жеңілдетілген 28 мемлекет қатарына енгенін ерекше атап өткен жөн.

2008 жылғы шілдеде Елшіліктің 3-хатшысы лауазымына тағайындалып, консулдық бөлімдегі жұмысымды одан әрі жалғастырдым. Сол жылдың маусым айында БАӘ Үкіметінің 2008 жылғы №16 қаулысына сәйкес БАӘ Ішкі істер министрі шейх Сейф бен Заид Әл Нахаян №322 бұйрыққа қол қойып, «Шетелдік азаматтардың Біріккен Араб Әмірліктеріне келу және онда болу туралы» Заңның нұсқаулығына өзгерістер енгізді және визалардың жаңа түрлері бекітілді. Аталған өзгерістер 2008 жылғы 1 тамыздан бастап күшіне енді. Орталыққа осыған байланысты ақпараттық-сараптамалық материал жолдап, Әбу Дабидегі Ішкі істер министрлігі құрамындағы Натурализация және резиденттік департаменті басшысымен кездесу өткізілді. Нұсқаулыққа өзгерістер Әмірліктердің экономика, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы дамуға сәйкес болуы және виза беру тәртібін дұрыс жолға қою, елде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында енгізілді.

Елшіліктің консулдық бөліміне жауапты дипломат ретінде 2008 жылғы 7-9 қазанда Әбу Дабиде ҚР және БАӘ арасында азаматтық және сауда істері бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді экстрадициялау, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету жөніндегі келісімдер жобалары бойынша кеңейтілген келіссөздерге қатыстым. ҚР Әділет министрлігі, Бас прокуратурасы мен БАӘ Әділет министрлігі сарапшылары құжаттарды қол қоюға дайындау бойынша нәтижелі жұмыс атқарды.

2009 жылғы наурызда ҚР мен БАӘ арасындағы үш мемлекетаралық келісімге, яғни қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, Азаматтық және коммерциялық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және Қылмыскерлерді ұстап беру туралы келісімдерге қол қойылуы Әмірліктердегі консулдық қызметім барысындағы елеулі жетістіктердің бірі деп санаймын.

2010 жылғы консулдық қызмет саласындағы маңызды оқиға ретінде 10-14 мамырда Астанада өткен Үкіметаралық қазақ-әмірліктер бірлескен комиссиясының 4-отырысында ҚР Үкіметі мен БАӘ Үкіметі арасындағы Дипломатиялық төлқұжаттарды иеленуші азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге қол қойылуын атап өтуге болады. Аталған келісім 2011 жылы ҚР Үкіметінің №156 Қаулысымен күшіне енді және Әмірліктер аумағына ұшып келіп, визасыз кірген дипломатиялық төлқұжат иеленуші алғашқы азаматты Әбу Даби әуежайында өзім қарсы алғанымды мақтанышпен еске аламын. Келесі қадам ретінде ҚР Үкіметі мен БАӘ Үкіметі арасындағы қызметтік төлқұжат иелерінің өзара визасыз сапарлары туралы келісім жобасын дайындау бойынша жұмыстар басталғанын атап өтуге болады. Осылайша, келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттамаларға қол қойылып, әуелі қызметтік төлқұжат, сосын ұлттық төлқұжат иелері Әмірліктер аумағына визасыз кіруге мүмкіндік алды.

2018 жылғы 10 наурызда Қазақстан Республикасының Дубайдағы Бас консулы ретінде Әмірліктерге ұшып келген 200-ден астам азаматты қарсы алдым. Сол күндері Дубайдың Көші-қон және шетелдіктер істері жөніндегі Бас басқармасы Бас директорының орынбасары Талал әш-Шанқитимен кездесіп, Әмірліктерге визасыз кіру тәртібі туралы пікір алмастық, «Emirates» әуекомпаниясы еліміздің екі азаматын ұшаққа отырғызбағанын және «Amer Service Center» тарапынан қате ақпарат берілгенін жеткізіп, Дубайға ұшып келетін барлық халықаралық әуекомпанияларға ҚР азаматтарының визадан босатылғаны туралы ақпаратты қайта жолдауды ұйымдастырдым.

Қорыта айтқанда, Әмірліктерде консулдық қызметімді атташе лауазымында бастап, сосын Бас консул деңгейінде жалғастырған мерзім аралығында Қазақстан азаматтары құқықтарының сақталуы мен мүдделерінің қорғалуы әрдайым жұмысымдағы

басымдық болды деп білдім. Екі ел азаматтарының сапарларын жеңілдетуге, өзара құқықтық көмектің көрсетілуін қамтамасыз етуге барынша күш-жігерімді салдым. Еліміздің консулдық қызметі отыз жылда қол жеткізген елеулі жетістіктері тиісті деңгейге иеленіп, алдағы кезеңде одан әрі еселенеді деп сенемін.

**ҚОЖАМБЕРДИЕВ**

**Керім Қуандықұлы**

*Қазақстан Республикасының Омбы  
қаласындағы (Ресей) Бас консулы*

## **ЗАҢНАМА – ЕЛДЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУ НЕГІЗІ**

1990 жылдары ҚР-нан тарихи отаны ГФР-на жалпы көшіп жатқан оралмандар саны (шамамен 750 мың азамат) көп болды. Сондықтан, ҚР-ның ГФР-дағы Елшілігінің консулдық бөлімінде күнделікті қарастырылатын құжаттар санының күрт өсуіне байланысты (консулдық бөлімге тек бір күнде келетін поштаны бір жүк тасымалдайтын автокөлікпен алып келетін) 1995 жылы қаңтар айында ҚР СІМ Бас консулдық басқарманың 4 қызметкерін консулдық бөлімге практикалық көмек көрсету үшін Бонн қаласына қызметтік сапарға жіберді.

Бонн қаласындағы консулдық бөлімде атқарылатын консулдық іс-әрекеттердің өсуіне байланысты ҚР-ның ГФР-дағы Елшісі С.Т.Тұрсынов ҚР мен ГФР тиісті мекемелерімен келісе отырып, Германияның 4 Федералды жерлерінде қосымша консулдық мекеме ашуды көздеді. Соның бірі, аумағына Төменгі Саксония, Саксония Ангальт, Гамбург және Бремен Федералды жерлері кіретін Ганновер қаласындағы ҚР Құрметті консулдығы болды. Бұл ретте, ҚР Құрметті консулықта ҚР СІМ жолданған консулдық қызметкердің қатысуымен ресми түрде консулдық іс-әрекеттерді жүргізуді іске асырылатын болды.

Сол жылы сәуір айында аталған Құрметті консуллықтың ғимаратында консулдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін басшылықтың тапсырмасымен Ганновер қаласына келдім. Есте қалатыны, бір айлық дайындықтан соң мамыр айының басында ресми бірінші күнгі қабылдауға келген 40-60 жуық азаматқа ҚР Құрметті консулы Лотар Рель мырзаның көмегімен консулдық іс-әрекеттер жүргізілді.

Еліміз егемендігін алғаннан бастап шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына келу үшін ҚР мекемелерінің шақырулары ҚР Сыртқы істер министрлігінде (бастапқыда Консулдық басқармада, кейінірек Консулдық қызмет департаментінде) тіркелді. Министрлікке тапсырылған шақырулар заңнамаға сәйкес қарастырылды және ҚР шетелдердегі дипломатиялық мекемелеріне визалық қолдаулар жолданып отырды. Айта кететіні, бүкіл Қазақстан аумағы бойынша визалық қолдау көрсету үшін қабылданатын шақырулар ҚР СІМ тек Алматы, Астана және Атырау қалаларындағы өкілдіктерінде ғана қабылданды.

Уақыт өте, Қазақстан Республикасына келуші шетелдіктер санының артуына байланысты ҚР СІМ өкілдіктеріне тиісті құжаттарды өткізуде, атап айтқанда, Қазақстан аумағының көлемін ескере отырып, еліміздің алыс облыстарындағы шақырушы тараптарға ыңғайсыздық туғызып отырды. Сондықтан, аталған бағыт бойынша ҚР тиісті құзыретті мекемелерімен бірге визалық қолдауды рәсімдеу жұмыстарына талдау жүргізілді. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасына инвесторларды, туристерді тарту бойынша басшылықтың тапсырмаларын орындау мақсатында және алыс облыстарындағы шақырушы мекемелердің өтінішін ескере отырып, визалық қолдауға шақыруды ҚР Ішкі істер министрлігіне тапсыру дұрыс деп шешілді.

Алайда, бұл істі заңды түрде іске асыру үшін Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қон туралы» Заңына өзгерістер енгізу керек еді. Осы уақытта Қазақстан Республикасы Мәжілісінде аталған Заңға қандастарға қатысты өзгерістер енгізу қарастырылып жатқан болатын. Қандастарымыздың елге оралу немесе уақытша келу негіздемелерінің бірі шақыру болғандықтан, өз тарапымыздан шақыруларды ҚР ІІМ-не тапсыру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы ұсынысымызды Мәжіліс депутаттары

қолдады және шамамен бір ай ішінде өзгерістер енгізілген Заңға Қазақстан Республикасының Президенті қол қойды. Бұл Заңға өзгеріс енгізу үшін қарастырылатын мерзімдер ішінде ең қысқа мерзім болды.

«COVID-19» індетінің таралуына байланысты еуропалық бірқатар мемлекеттерінде карантиндік шектеулер қойылды. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Аустрия Республикасындағы Елшілігінде Кеңесші-консул лауазымында атқарған қызметімде Аустрия мен Словениядағы (қоса қызмет атқару мемлекеті) Қазақстан Республикасының азаматтарын елге қайтаруда бірқатар қиыншылықтар тап болды. Атап айтқанда, консулдық аумақтағы еліміздің азаматтарын консулдық тіркеу арқылы ғана анықтай алдық. Ал, уақытша келген (іскерлік, жеке сапар, туристік және т.б. мақсатында) еліміздің азаматтарын анықтау үшін ҚР Құрметті консулдарының көмегімен анықтадық.

Сол кездегі орталықтың басты тапсырмасы елге қайтуға ниет білдірген ҚР азаматтарына барынша көмек көрсету болды. Консулдық бөлімде тіркеуге алынған 370 студенттің ішінен 15-25 азамат елге қайтуға ниет білдірді. Оларды елге Амстердам - Атырау бағытымен қайтару тиімді болмады. Себебі, билеттің бағасы қымбат болды және Атыраудан Астанаға немесе Алматыға жетуде қиыншылықтар туындады.

Сондықтан, ҚР Чехиядағы, Словакиядағы, Мажарстандағы және Украинадағы консулдарымен біріге отырып, Қазақстаннан Украина азаматтарын алып қайту үшін жолданатын Украиналық әуекомпаниялармен жүргізілген келіссөздер нәтижесінде ұшақ Киев–Будапешт-Таразқаласына ұшатын болды. Осы мүмкіншілікті пайдалана отырып, алғашқы елге қайтару Словениядан 6 және Аустриядан 12 ҚР азаматтын Будапешт қаласына жеткізу үшін шекаралас елдердің тиісті министрліктерімен телефон арқылы келіссөздер жүргізілді. Мажарстанға кіруге арнайы рұқсат алуда

Мажарстандағы ҚР консулының еңбегін жоғары атап кеткен жөн. Кезекті 2 ұшу Мажарстан әуекомпаниясының ұшақтары арқылы іске асырылды. Бұл тұрғыда, ҚР шетелдегі консулдық қызметкерлері қойылған тапсырманы ұйымдасқан түрде атқарғанын айта кету керек.



**ҚАШАБАЕВ**

**Аян Нұрғазыұлы**

*Қазақстан Республикасының Пусан қаласындағы (Корея) Бас консулы*

## **ЦИФРЛАНДЫРУ – ОЗЫҚ ЕЛ АТАНУ ЖОЛЫНДАҒЫ БАСТЫ ҚҰРАЛ**

Өткенге көз жүгіртсем, консулдық қызметтің қалыптасу кезеңі, бұл процеске атсалысқан барлығының жұмысқа деген көзқарасы, кейбір әріптестерімнің ынта-ықыласы мен ұсынған идеялары мен үшін өте қызықты болды. Осы процестің басында қолданыстағы кеңестік консулдық жұмыс жүйесін көшіріп алғанымызды мойындау керек. Алдағы уақытта нақты жағдайларды ескере отырып, түзетулер мен өзгерістер енгізіле бастадық. Қазақстанның консулдық қызметін кезең-кезеңімен жетілдіру процесі жүріп жатты.

Келешекте консулдық қызмет саласының дамуына едәуір серпін берген кейбір жайттарға бөлек тоқталып өткім келеді. Біріншіден, консулдық қызметтің қызметін заңнамалық тұрғыдан бекіту, консулдық саладағы халықаралық әмбебап конвенцияларға кіру қажет болды. Осыған байланысты 1993 жылы Қазақстан Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясына қосылды, ал 1999 жылы Қазақстан Республикасының Консулдық Жарғысы қабылданды. Кейінірек, 1999 жылы Заңдастыруды тоқтату туралы Гаага конвенциясына және шетелдерде алимент өндіріп алу туралы конвенцияға қосылды. Осы орайда, жоғарыда аталған құжаттарға бастамашы болған Қазбек Бейсебаев пен Марат Батырқұловтың еңбегін атап өткім келеді. Аталған жұмыстармен қатар, нормативтік құқықтық актілерді Консулдық Жарғыға сәйкестендіру жұмыстары жүргізілді. Осылайша Қазақстанның консулдық қызметі реттелді.

*90-шы жылдардың ортасынан бастап шет елдермен азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімдер жасасу бойынша жұмыс басталды, бұл ең алдымен біздің азаматтарымыз үшін жүріп-тұруын ыңғайлы етуге және бизнес үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталды. Бұл жұмыс күні бүгінге дейін жалғасуда.*

Қазақстан Республикасының шетелдегі Құрметті консулы институтын құру сол бағыттардың бірі болды. Әдетте, бұл лауазымға елімізбен екіжақты қатынастардың дамуына үлес қоса алатын және өз елінде белгілі бір ықпалға ие көрнекті саясаткерлер, экономистер, мәдениет өкілдері, іскер топтар арасынан шетелдік азаматтар тағайындалады. Сонымен қатар, бастапқы кезеңде Құрметті консулдардың әлеуеті олардың өздері жүзеге асыра алмайтын тікелей консулдық іс-қимылдарды жүзеге асыру үшін де пайдаланылды. Бұл үшін ерекше тәртіп қолданылды, яғни, белгілі бір елдің келісімі бойынша ҚР СІМ Консулдық қызмет департаменті қызметкерлері қатарынан кәсіби консулдарды Құрметті консулмен бірге іссапарға жіберді. Бұл ретте барлық шығындарды, соның ішінде пәтерлерді жалға алу, қажетті құрал-жабдықтары бар кеңсе, автокөлік және т.б. ҚР Құрметті консулы есебінен өтелді. Осы тәжірибенің арқасында бюджет қаражаты үнемделді. Мұндай алғашқы консулдық мекемелер 1995-1997 жылдары ашылды, онда КҚД қызметкерлері Дюссельдорфқа (У.С.Елжасов), Ганноверге (Қ.Қ.Қожамбердиев), Афиныға (Р.Р.Фазизов), Торонтоға (Р.Ж.Қасенова) жіберілді.

Консулдық қызмет саласының кеңеюімен оның кейбір функциялары қайта қарауды немесе сыртқы саяси қызметке тән емес ретінде басқа мемлекеттік органдарға беруді талап етті. Еліміз егемендік алғаннан кейін де бұл бағыттар бұрынғыша ҚР СІМ құзырында қалып отырды. 1995 жылы менің бастамам бойынша Нұр-Сұлтан және Алматы әуежайларында «визалық

қолдау көрсету» шақыруларын рәсімдеу бойынша өкілеттілікті және консулдық орындарды ҚР ИІМ-не беру туралы реформа ұсынылды. Бұл ұсыныстарды ҚР Президентінің Әкімшілігі, Үкіметі және мүдделі мемлекеттік органдары қолдады. Содан кейін ҚР заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне тиісті өзгерістер енгізілді. Бұл функциялардың нақты тапсырылуы тиісінше 1997 және 2020 жылдары жүзеге асырылды. Мұндай реформаны жүргізу тәуекелге барумен бірдей болды, бірақ негізді болды және біздің департаменттің басшылығынан мұндай қадамға бару қажеттілігін және қатаңдықты талап етті. Осы орайда СІМ басшылығын осындай реформа жүргізуге көндірген КҚД директоры А.Мәдиевтің берік ұстанымын атап өткім келеді. Бізді осындай өзгерістер енгізуге түрткі болған сол кездегі жағдай, қадағалау органының бұл бағыттағы кемшіліктерді жою туралы ұсынысы, сондай-ақ заңды тұлғалардың әділ шағымдары болды, себебі визаларды рәсімдеу тек Астана мен Алматы қалаларында ғана жүзеге асырылды. Бұл заңды тұлғалар үшін артық қаржылық шығындарға әкелді. Бұл өкілеттіктердің берілуімен олар өз облыстарында мұндай өтінімдер беру мүмкіндігіне ие болды, бұл олардың шығындары мен уақытын едәуір қысқартты. Сонымен қатар, осы реформадан кейін біз Атырау, Өскемен қалаларындағы консулдық пункттерімізді ауыртпалықсыз жаба алдық, оларды ұстау қаржылық тұрғыдан да, консулдық қызметкерлерді осы пункттерге жіберу тұрғыдан да қиындық туғызып отырған болатын. Осы реформаның нәтижесінде 20-дан астам қызметкер КҚД-дан босатылды, кейін олар ҚР СІМ басқа құрылымдық бөлімшелеріне жұмысқа жіберілді. Бұл процеске өзімнен бөлек КҚД тарапынан атсалысқан қызметкерлер Қ.Қожамбердиев, Б.Мамлин, А.Омаров, А.Қанапинов және ҚР ИІМ тарапынан атсалысқан қызметкерлер Т.Тахтанов, Е.Щербиков, А.Алдоңғаров, Д.Ысқақов және М.Қасенованың еңбектерін атап өткім келеді.

Ақпараттық технологиялардың дамуына және мемлекеттік органдарда цифрландырудың белсенді енгізілуіне байланысты қазіргі уақытта департаменттің алдында мемлекеттік қызметтерді көрсетуді автоматтандыру және мүмкіндігінше оны оңтайландыру міндеті тұр. Осы орайда олардың қатысуымен біз кейбір мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруға және жеңілдетуге қол жеткізген құқық қорғау органдарын, әділет органдарын атап өту керек.

Шетелде азаматтарымыз үшін анағұрлым сұранысқа ие ҚР төлқұжатын рәсімдеу бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметке жеке тоқталғым келеді. Қазіргі уақытта ҚР төлқұжатын рәсімдеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету қағаз форматта жүзеге асырылады, қарау мерзімі 80 күнтізбелік күнді құрайды (қажет болған жағдайда оны күнтізбелік 10 күнге ұзартуға болады). Статистикалық мәліметтерге сәйкес төлқұжат рәсімдеу процесі әртүрлі себептермен алты айға дейін кешіктірілу жағдайлары да орын алады: шет елдердегі мекемелердің географиялық қашықтығы, осыған байланысты дипломатиялық пошта арқылы құжаттардың түпнұсқасын жеткізу процесі стандартты мерзімдерден асып кетеді, мемлекеттік органдардың ішінде жіберу және оны тіркеу, дайындау, сондай-ақ ұсынылған мәліметтер толық болмаған немесе қателер жіберілген жағдайда, құжаттар пакеті қайта қайтарылуы мүмкін. Қолданыстағы процесс өтініш берушілер тарапынан теріс қабылданады және осылайша бұл тек шетелдік мекеменің ғана емес, жалпы мемлекеттік аппарат жүйесінің беделіне де әсер етеді.

«Құжаттарды қабылдау және оларды Қазақстан Республикасының шет елдерде жүрген азаматтарына төлқұжаттар жасауға жіберу» мемлекеттік қызметті көрсету процесін оңтайландыру мақсатында ҚР СІМ, ҚР ІІМ мен Қазақстан ҚР ІІМ «Ақпараттық-өндірістік орталығы» РМК (бұдан әрі – «АӨО» РМК) осы қызметті электронды форматқа көшіру бойынша пилоттық жобаны сәтті жүзеге асырды.

Осылайша, 2019 жылы Қазақстан Республикасының Мәскеу қаласындағы Елшілігінде төлқұжатты автоматты режимде рәсімдеуге өтініштерді қарау бойынша «Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде құжаттау» тіркеу пункті (бұдан әрі – ШЕҚТП) пилоттық жобасы іске қосылды.

Мәскеуде пилоттық жобаның іске қосылуы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тиімділікті, икемділікті, жеделдікті пен сенімділікті көрсетті және оны ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен аталып өтілді. Жобаны одан әрі дамыту перспективалары, географияны кеңейту және ҚР басқа да шетелдік мекемелерін осы бағдарламалық жасақтамамен жабдықтау қажеттілігі туындады.

Осыған байланысты 2021 жылғы 20 мамырда ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б.Мусиннің төрағалығымен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті, онда аталған қызметті оңтайландыру мәселесі көтерілді. Комиссия отырысының нәтижесінде пилоттық жобаны 7 шетелдік мекемеге (Франкфурт, Берлин, Мюнхен, Вашингтон, Нью-Йорк, Сеул, Дубай) кеңейту туралы шешім қабылданды. Айта кету керек, нақты жоба ҚР 11 шетелдік мекемесінде жүзеге асырылды.

Кеңейтілген пилоттық жобаны жүзеге асыру мақсатында 2021 жыл ішінде ҚР СІМ, ҚР ІІМ және «АӨО» РМК өкілдері АҚШ, Германия, Өзбекстан, Корея мен Жапонияға сапар шекті. Осы қызметтік іссапарлар барысында ШЕҚТП Вашингтон, Нью-Йорк, Сан-Франциско, Берлин, Майндағы Франкфурт, Мюнхен, Ганновер, Бонн, Ташкент, Сеул және Токио қалаларында орнатылып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар, консулдық қызметкерлер бағдарламалық жасақтаманы қолдану бойынша оқытылды.

ШЕҚТП жобасын іске қосудың басты артықшылығы - қағаз құжаттар пакетін ҚР СИМ-не жіберу және оларды ҚР ИИМ-не қайта жіберу қажеттілігінің болмауы, сол арқылы барлық бизнес-процесті оңтайландыру (төлқұжатты жалпы әзірлеу мерзімі 30 жұмыс күнін құрайды).

Сонымен қатар, бұл пилоттық жобаның бірегейлігі - электрондық формулярлар дұрыс толтырылған жағдайда, ШЕҚТП төлқұжатты қызмет алушы құжаттарды тапсырған күні ресімдеуге мүмкіндік беруі. Жүйе сондай-ақ ҚР азаматтарының дерекқорына қолжетімділік береді, бұл консулдың ҚР азаматтарына басқа да мемлекеттік қызметтерді көрсету (ҚР азаматтығын анықтау, ҚР оралуға куәлік беру және т.б.) бойынша жұмысын едәуір оңтайландырды және жеңілдетті.

Сонымен бірге, әлемдегі технологиялық прогресті, цифрландыруды және мемлекеттік қызмет көрсету процестерін оңтайландыруды ескере отырып, пилоттық жобаның тәжірибеде сәтті іске қосылуы мемлекеттік органдардың, олардың ҚР ұлттық төлқұжаттарымен дер кезінде қамтамасыз ету және олардың негізгі құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, азаматтарға қызмет көрсетуді оңтайландыру мен жеңілдетуге бейілділігін растайды.

Осы жобаны жүзеге асыруда осы іске зор үлес қосқан ҚР ИИМ Көші-қон қызметі төрағасының орынбасары Галина Ордабайқызы Сәрсеноваға және оның қызметкерлері Ж.Қ.Қожахметова, М.Ш.Касеноваға, А.Қаңлыбаеваға, АӨО РМК басшылығына және қызметкерлері С.С.Саиновқа, В.Рябининге, А.Рябининге, Д.Имашевқа, Д.Акимовке, сонымен қатар КҚД қызметкерлері А.Князбаеваға, Ж.Абуға, Г.Бердіғалиеваға және Ж.Жұмағұлға ерекше алғыс білдіргім келеді.

Жоғарыда қысқаша баяндалғандар мен өзім үшін ең маңызды деп санайтын және жүзеге асырылуын өзім тікелей басқарып, қатысқан бағыттар ғана. Кемелдіктің шегі жоқ, уақыт өте келе

бұл да өзгертулер мен түзетулерге ұшырауы мүмкін. Басқа да көптеген қызық сәттер мен жоспарлар бар, мүмкіндік болып жатса, оларды да жүзеге асыруға тырысамыз.

Мен үшін консулдық қызмет – бұл оның дамуына өзім қосқан үлестен гөрі өзіме одан көбірек тәжірибе алған орын. Адамдармен жұмыс істеу шыдамдылықты, жеделдікті, олардың ұмтылыстарын түсінуді және дұрыс шешім қабылдауды талап етеді, өйткені көп нәрсе осы қасиеттерге байланысты болады. Мен консул адамның әлеуметтік мәселесін орындайды және шешеді деп есептеймін, менің ойымша, ол үшін белгілі бір қабілеттілік болу керек сияқты.

**КӘРІБАЙ**

**Мұхтар Ахатұлы**

*Қазақстан Республикасының Ош қаласындағы (Қырғызстан)  
консулдығының басшысы*

## ТАҒЛЫМДЫ БЕЛЕСТЕР

Біз өкіліне жататын, яғни кеңестік одақтың кермек дәмін сезіп үлгерген ұрпақтың маңдайына қасиетті халқымыздың тарих мұхитының асау толқындары мен дүлей дауылдарына тап болса да, әділет жолынан таймай, айнымай да адаспай, ұдайы алға басып, асыл текті бабалар мұраты - қастерлі Тәуелсіздігіне қол жеткізген кезеңіне куә болудың шексіз бағы бұйырды.

Егемендіктің еңсесін тіктеу, қазаны бұрқ-сарқ қайнаған халықаралық қоғамдастыққа дербес мүше ретінде қадам басқан еліміздің жаһан жұртына мойындалуы мақсатында жаңадан құрылған Сыртқы істер министрлігіне барынша ауқымды міндеттер жүктеліп, білікті кадрларды тарту қажеттігі туындап, бұл салада жырақта жүрген қазақтың ұл-қыздары түгел елге шақыртылды. Еті тірі «политех» пен «иняздың» жігіттерінен қалыспай, ҚазМУ-дың Шығыстану факультетінің түлегі, араб тілінің маманы, Марокко елінде бір жылдық араб тілі тағлымдамасынан өтіп келіп, мен де 1992 жылғы қазанда министрлікке жұмысқа қабылдандым. Университеттің соңғы курстарында Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды Алаш қайраткерлері ақталып, ғұмырларын ұлт азаттығына, әлеуметтік көтерілуіне арнаған тұлғалардың бүтіндей бір дәуір мүлде жабық болып келген ұлы мұрасынан сусындау мүмкіндігі туған еді. Сондықтан алдымызда бізге дейінгі сан ұрпақтың, арпалысып өткен арыстарымыздың аманатын орындау, Абайдың қалың елі қазағының дүниежүзілік қоғамдастықтағы өз орнын алуы, қысқасы, тағдыры терең Ұлы даланың маңызы мен мәнін Еуразия кеңістігінде ғана емес, барша әлемге таныту міндеті тұрды.



*Азаттықтың алғашқы жылдары жаңа министрліктің іргесін қалап, өркениетті жолға салу республикаға танымал, беделді, тәжірибелі қоғам қайраткерлері Ақмарал Арыстанбекова ханым, Төлеутай Сүлейменов, Қанат Саудабаевтай азаматтарға сеніп тапсырылып, ізашар аға ұрпақтың шарапатымен ендігі биік мәртебеге жетіп, министр, елші, әлемдік ұйымдардағы өкіл лауазымдарын атқарып отырған дипломаттарымыздың балаң мұртты, жасыл желекті бастапқы буыны да сол кезеңде қалыптасты. Бүгінде топшысы бекіген отандық дипломатияның кәсіби һәм зиялылық келбетінің орнығып нығаюы Қасым-Жомарт Кемелұлының есімімен тығыз байланысты.*

Сыртқы саясат ведомствосын ұзағынан екі мәрте басқарған жылдары Қ.Тоқаевтың жұмыс тәсілі күнделікті қауырт шаралардың, соның ішінде консулдық мәселелердің өзін мазмұнды, тағлымды оқиғаға ұластыруымен бірге, қаламы қарымды министрдің қолынан шыққан салмақты туындылары халықаралық қатынастар саласының күрделі иірімдерін көрнекі де көркем жеткізген шеберлік мектебіне айналғаны шындық.

Алаштың асыл перзенті Мұстафа Шоқай «Жаман халық деген жоқ, жаман адамдар бар; адамгершілігі мол мемлекет деген болмайды, адамгершілігі мол адамдар болады» деп жиі айтады екен. Демек, кәсіби дипломатия дегеніміздің өзі өзге мемлекеттердегі адамгершілігі мол әріптестерді тани біліп, олармен тіл табысу амалдарын табуда болса керек. Оның үшін Қадыр ағамыз өсиет еткендей, «өз тіліңді құрметтей отырып, өзге тілдің бәрін білу», ендеше ғұмыр бойы іздену, оқу, зерттеу, талдауың міндетті әрине! Айтып өткенімдей, қара шаңырақ қабырғасында қазақ филологиясы, шығыстану бағытында әйгілі ғалым ұстаздардың алдын көрген біліміміз өзектілікпен іске жарап, сыртқы саяси мекеме аясындағы алғашқы халықаралық, консулдық құжаттарды, берісін айтқанда, тұңғыш

дипломатиялық, қызметтік төлқұжаттардың, қазақстандық визалардың мемлекеттік тілдегі мәтіндерін әзірлеп, алғашқы ереже, нұсқаулықтарды дайындау ісінде нәтижелі жемісін берді.

Ол жылдары ҚР СІМ Консулдық басқармасында менің алғашқы басшым марқұм Бегәлі Шәріпқалиұлы Тұрарбеков еді. Қашан да салмақты, үлкен мектептерден өткен тәжірибелі басшымыз біз сияқты университет қабырғасынан енді шыққан жас кадрларға дипломатиялық, консулдық істің алғашқы дәрістерін үйреткені ұмытылмайды. Төлқұжат-виза бөлімін басқарған кәсіби дипломат бүгінде елімізге танымал саясаттанушы Қазыбек Бейсебаевтың менің министрлік табалдырығынан аттауыма тікелей ықпалын тигізгенін әрдайым айтып отыруым лазым. Ол уақыттағы ұжым шағын болғандықтан, бір үйдің балаларындай барынша тату, ұйымшыл, кез-келген сәтте өзара көмек пен қолдау көрсетуге дайын тұратын ерекше буын еді. Содан бері отыз жылдай уақыт зуылдап өтсе де, әлгіндей үлгілі қарым-қатынастарымыз күні бүгінге шейін қалтқысыз сақталып отырғанына разымын!

Өзге саладан дипломатиялық қызметтің өзіндік ерекшелігі - шет мемлекеттерге ұзақ мерзімді іссапарға жіберілу. Менің алғашқы сапарым Алатау бөктеріндегі Қырғыз елінде өтіп, сол кездегі елшіміз әйгілі ақын, қайраткер Мұхтар Шахановпен қызметтес болу орайы келді. Қалтарысы көп консулдық бөлімге жауапты бола жүре, саяси лауазымды әдебиет пен мәдениет қазанында біте қайнатқан бірегей Мұхаңның қолқасымен күн-түн демей, іргелес Алматыдан ағылып жататын ұлттық өнер, руханият өкілдерінің баршасымен дерлік тығыз араласу мүмкіндігі өз алдына, Бішкекте дүниеге келген ұлымызға адамзат Айтматов ағамыздың батасын алып, Шыңғыс есімін беріп, атақты туындыларының бірі «Тавро Кассандры» кітабына жазып берген қолтаңбасы айрықша қымбат дүние ретінде жеке кітапханамызда сақтаулы. Бірінші сапарда-ақ дипломат жұмысы ақ көйлек киіп, келіссөз үстелінде отыруды ғана білдірмейтіндігіне (күтіп алушы,

шығарып салушы, шамадан көтеруші, шай беруші, даяшы, тамада, музыкант, хаттамашы-сценарист, шопыр, т.б.) әбден көз жеткендіктен, біліктілікті көтеру ниетімізбен шәкірт қалыпқа қайта түсіп, баламыз мектепке, өзіміз академияға сабаққа бірге кететін кезең де өткен. Осылайша, менің замандастарым еңбек жолын тәуелсіздікпен бірге бастап, көбінесе жалдамалы пәтерде жабырқай жүрсе де, жасымай қызмет атқарып, мінеки жылдар өте бүгінде барлық дерлік саланың кадрлық негізін құрап тұрған үлкен стратегиялық буынға айналды.

Отыздан асқанда партаға қайта отырғызған Дипломатиялық академияға тек қана алғысымызды білдіріп, елеулі өмір мектебіне айналғанын мойындаған абзал. Расында, жұмыстың қарқынына қамалып, оқулық, кітап сүзуден алыстаңқырай бастаған шақта тағы да емтихан тапсырудың бұлтартпас талабы бұл жолы салиқалы, салмақты іздену нысанына бастады, ең бастысы, қолға қалам алу өзектілігін туындатты. Бұған академияда алдыңғы буын ағаларымыздың дәрістерін тыңдау, Парламент аппаратында өткен жылдары әулие Кекілбаев Әбекеңмен, энциклопедиялық ғалым Ақселеу Сейдімбековпен, Мұқағали мұңдасқан Фариза апамызбен сұхбаттас болу бағы бұйырғаны да айрықша ықпалын тигізген. Ендігі өзіміз де ағалық жасқа жылыстап келіп, соңымыздан ерген әріптес іні-қарындастарымыздың керегіне жарар деген ниетпен бірнеше сөздіктер, әдістемелік оқулық құралдарын, отандық БАҚ-та үздіксіз жарияланып келе жатқан зерттеу, талдау еңбектеріміздің жинақтарын, өлеңдер мен балладаларымды ұсынудамын. Жас ізбасарларымызға арнап, «Дипломатиялық хат алмасу» оқу құралын, бірнеше сөздіктер, «Дүбірлі дүние», «Мәңгілік ел мұраты» кітаптарын жарияладым. Осы жылдар бойында мен еліміздің Сыртқы саясат ведомствосында мемлекеттік ана тіліміздің қанат жаюына ұдайы, бәлкім кейбір сәттерде содан зардап көрсем де, азаматтық, патриоттық парыз санап, үздіксіз үлес қосумен келемін. Расында

әрбір білікті дипломат хаттамалық шаралар шеңберінде қалып қоймай, сыртқы әлеммен араласуға берілген орасан мүмкіндігін пайдалана отырып, көрген, білген, аңғарған жайттары жөнінде үнемі қағазға түсіріп, қоғаммен ой бөлісіп отыруы орынды. Осы арнада дипломат әріптестеріміз арасынан республикаға белгілі ақын Дәуірбек Дүйсебаев, танымал шығыстанушы маман, публицист Бабыр Дәуренбек, сұңғыла дипломат, аналитик, қаламы шебер бауырым Әлмұрат Тұрғанбековтың сындарлы ізденістерін атап өтуді парыз санаймын.

Орайлы сәтті пайдаланып, кейде ғасырдан да ұзақ көрінетіндей қысқа мерзімде еліміздің іргесі бекіп, адамзат қоғамдастығының қабырғалы мүшесіне айналып, еңсесі биіктеп абыройы арта түсуінің алқалы ісіне қомақты үлес қосып келе жатқан отандық дипломатиялық, консулдық қауымды Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесімен ізгі ниеті құттықтауымды жолдағым келеді.

**СҮГІРБЕКОВ**

**Эрик Әбдуалиұлы**

*Қазақстан Республикасы Латвия Республикасындағы  
Елшілігінің кеңесшісі*

## **ЕҢБЕГІҢ КЕТПЕС ДАЛАҒА ...**

Қазіргі Қазақстанның консулдық қызметінің қалыптасуы күрделі кезеңдерде өтті. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін елімізге келген жиырмаға жуық қызметкері бар Сыртқы істер министрлігін жаңадан құруға және қалыптастыруға тура келді. Көп нәрсені үйренуге және Тәуелсіз мемлекеттің дипломатиялық жүйесіне енгізуге кірістік. Дипломатиялық қызметпен қатар, консулдық қызмет те жетілдірілді.

Әрине, менің 28 жыл бойы дипломатиялық жолымда атқарған жұмысымның жиырмадан астам жылы консулдық қызметке берілді, көптеген қызықты және танымдық сәттер есте қалды. Сол естеліктерімнің бірі жөнінде Сіздермен бөліскім келеді. Бұл қазіргі және болашақ әріптестерім үшін ғибратты оқиға болар.

90-шы жылдары еліміздің басшылығы сол кезде «оралмандар», ал қазір «қандастар» деп аталатын этникалық қазақтарды Қазақстанға қабылдау және көшіру туралы шешім қабылдады. 1998-1999 жылдары Қазақстан Республикасының Пәкістан Ислам Республикасындағы Елшілігінде консул ретінде мен үшін де репатриациялық мәселелермен айналысуға мүмкіндік туды. Ол кезде этникалық қазақтар билік Талибан қозғалысына жататын Ауғанстанда екінші және үшінші ұрпақ ретінде жинақы өмір сүрген. Айта кететін жайт, ол кезде Ауғанстанда қазақстандық дипломатиялық өкілдік мүлдем болмаған.

Этникалық қазақтардың едәуір бөлігі билеуші әскери режимнен көрші елдерге қашуға мәжбүр болды. Олардың

бір бөлігі Ауғанстанмен шекаралас Пәкістанның Пешавар қаласын паналады. Ол кезде аталған елдер арасындағы шекара айтарлықтай «ашық» болды.

1998 жылы ҚР Көші-қон агенттігінің өкілі Е.Жиенбаевқа және Елшіліктің қызметкерлері Р.Ахметке және маған сұхбат өткізуден, олардың шығу тегі мен қазақ этносына жататынын анықтаудан бастап, құжаттарды ресімдеуге және арнайы қазақстандық әуе рейстермен жөнелтуге дейінгі барлық ұйымдастыру мәселелері бойынша жауапты миссиясы жүктелді. Консулға Пәкістан Ислам Республикасының Құқық қорғау органымен барлық ресми әрекеттерді реттеу, тізімдерді келісу, қайтару туралы куәліктерді рәсімдеу қажет болды, өйткені оралмандардың көбісі Ауған төлқұжаттарымен құжатталмаған. Құжаттау кезінде әйелдерді суретке түсіру сияқты қиындықтарға тап болдық; олардың көпшілігі өмірінде алғаш рет суретке түсті, сондай-ақ тәрбиенің менталдығына байланысты олар бастарына орамал тақпай суретке түсуден үзілді-кесілді бас тартты. Оралмандардың есімдері жеке мәселе болды: олардың арасында қазақ есімдерін саусақпен санауға болады. Этникалық қазақтар тұратын ауған қыстақтарында имамдар жергілікті тәжіктер немесе түрікмендер болған, олар дүниеге келген балаларына араб (Мұхаммед, Махмуд және т.б.) есімдерін берген.

Айта кетсек, сол кезде ұйымдастырушылық мәселелерді шешуге көп уақыт кетті. Қазақ қоныс аударушыларына оларды тарихи отанына жіберу бойынша рұқсатты шамамен 9 ай күтуге тура келді. Аталған уақыт ішінде олар тұрмыстарын шамалары келгенше жайғастыруға тырысты: олар Пәкістан қаласының шетіндегі сарайларға паналап, қолөнерді және қолдан жасалған тоқыма кілемдерді жасап шығаруды қолға алды. Елшілік қолдан келгенше көмек көрсетті, дипломаттар өз есебінен ұн мен күріш салынған қаптарды сатып алып, оралмандарға берді. Барлық ресми әрекеттер орындалып, ауған қазақтары Елшілік жалға

алған автобустармен қазақстандық ұшақтар келген Равалпинди қаласының әуежайына жеткізілген сәтте де күлкілі оқиғасыз өтпеді. Әйелдердің бірі жаңа туған нәрестесін орамалдың астына жасыруға мәжбүр болды, себебі оған құжат рәсімдеуге уақыт болмады. Белгілі бір қиындықпен, қоныс аударушыларды жылу мен жарықсыз лашықтарда қолданған керосин шамдарын, тіпті оралмандардың бірі өзімен бірге алып келген асыл тұқымды қоразын өздерімен бірге алмауға әрең көндірдім...

*1999 жылы Елшілік аталмыш операцияны Кветта қаласынан жасады. Менің алғашқы консулдық іссапарым барысында барлығы 500-ден астам Отанына оралды.*

Қазақстанға оралғаннан кейін маған қандай да бір қоныс аударушылармен кездесу мүмкіндігі түспеді. Біздің табанды күш-жігеріміз бекер болмай, олар қазақстандық қоғамға ықпалдаса алды деп үміттенемін.

**МАМЛИН**

**Байғабыл Төлегенұлы**

*Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы  
Елшілігінің кеңесшісі*

## **ЖЕРЛЕСІМІЗ Е.АХМЕТОВТЫҢ ОТАНЫНА ОРАЛУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ ТУРАЛЫ**

2019 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының азаматы Ерлан Ахметов Мадридтегі Қазақстан Елшілігінің консулдық бөліміне оны үйіне қайтаруға көмек көрсету туралы өтінішпен жүгінген.

Оның айтуынша, 2017 жылғы тамызда Барселонаға турист ретінде келген бойда, оның төлқұжаты мен ақшасы ұрланып, келеңсіз оқиғалар басталған. Құжатсыз, жұмыссыз, тұратын баспасыз отандасымыз 2 жыл бойы Испанияның көшелері мен жолдарын кезіп келген. Барселонадан оңтүстікке қарай Жерорта теңізі жағалауы бойымен мың шақырымнан астам ұзақ сапарды еңсеріп, ол Малага курорттық қаласына қоныстанды.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған ол сол жерде қаңғыбас өмір салтын жүргізді, саябақтардағы орындықтарда түнеп, жағажайларда душқа түсіп, қайырымдылық ұйымдарының тегін асханаларында және қолына келген тамақ жеп жүрді. Ерланның айтуынша, ол мүмкіндігінше аман қалған, қайыршы мәртебесін тағайындау құқығы үшін марокколық қарақшылармен соғысқан, батылдығы мен қорықпағандығы үшін оны «Crazy Chinese» (жынды қытай) деп атап кеткен.

Неліктен бірден елшілікке жүгінбегенін сұрағанымызда, ол ұятқа қалғанын, соңғысына дейін мәселесін өз бетімен шешуге тырысқанын айтты. «Бар күш-қуатым мен өмірлік ресурстарымның таусылғанын түсінгенімде, Мадридке жетіп, консулдыққа жүгіндім», - деді.



Қабылдау кезінде сырт келбетіне, жүріс-тұрысына қарағанда, іштей селк етіп, адамның шегіне жеткенін, шұғыл көмекке мұқтаж екенін түсіндік. Елшілікте душ қабылдап, адам кейпіне келді. Біз сатып алып, тамақ пен шай бердік. Төлқұжатының жоғалғаны туралы анықтама алу үшін оны полицияға алып бардық, оның негізінде Қазақстан Республикасына қайту туралы анықтама бердік. Бақытымызға орай, туыстарының телефон нөмірлері есіне түсіріп, оларға хабарласты, олар Барселона арқылы билет сатып алды. Хостелде түнеу туралы ұсынысымызға қарамастан, Испаниядағы соңғы түнді көшеде өткізді. Таңертең әріптестерімізбен ол ойын өзгертіп, қайтып келмейді деп алаңдадық, оның кейінірек келгеніне қатты қуандық. Тамақтандырып, автовокзалда Барселона баратын автобусқа отырғызып, шығарып салдық, сол жерде әріптесім Ринат Дюсембаев қосылып, отанына жеткізетін ұшаққа отырғызуын бақылап отырды.

Станцияға алып бару кезінде қаңғыбас болған жылдарында қалыптасқан әдеттері байқалды – жол бойы әр қадамын бәсеңдетіп, қоқыс жәшіктерінің жанынан өткенде ішіне көзін тастайтын. Ішіндегі сусыны таусылмаған бөтелке көргенде, «баспанасыздар үшін бұл - құдайдың берген сыйы» деп әзілдеді. Соңында оған аман-есен ұшып, үйіне жетуді, бұл қорқынышты тез ұмытып, жаңа толыққанды өмір бастауын тіледім. Қорытынды жасағандай болып, «енді Бурабайдан әрі еш жерге бармаймын» деп әзілдеді. Осылайша біз қоштастық, кейін ол бұл жайында сұхбат берді.

**АҒЫБАЕВ**

**Ғазиз Арықбайлы**

*Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің*

*Алматы қаласындағы Өкілдігі*

*Консулдық мәселелер бойынша басқармасының басшысы*

## **КОНСУЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ МЕНІҢ ДОСТАРЫМ ТУРАЛЫ СӨЗ**

Жақында ғана болған сияқты. Бірақ өмір уақыты өткінші және тез алға ұмтылады. Жылдар зымырап өтеді, жаңа күн туып, басқа заманға аяқ бастық. Алматы қаласындағы 1994 жылдың жазы менің есімде. Жаңа өмір бастауды армандаған қазақстандық жоғары оқу орындарының түлектері едік. Алматы қаласында жұмыс істейтін департаменттер мен министрліктерге құжаттарды жинап, дайындап, тапсырған күндеріміз. Біздің топ түлектерін Желтоқсан көшесінде орналасқан Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне сұхбатқа шақырды. Келесі кезең – Әйтек би, 65 мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық ғимаратында сұхбаттан өттік. Әрқайсымызды министрдің бірінші орынбасары Қ.К.Тоқаев қабылдап, жан-жақты сұрастырды. Соңында қорытындысы шағарылды.

Менің ҚР СІМ Консулдық басқармасындағы қызметім (Желтоқсан-Төле би қиылысындағы ғимаратында) төлқұжат-виза бөлімінде басталды. Күн сайын кіреберіс алдында үлкен кезек болды, азаматтарды тұрақты қабылдап, шұғыл құжаттар дайындап, Алматы әуежайындағы ҚР СІМ-нің консулдық пунктіне шығып жүрдім. ҚР СІМ КБ сол кездегі ұжымы: жетекшілеріміз Мусинов Асқар Ахметұлы, Тәжібаев Қуатбек Ідрісұлы, Андрей Иванович Антоненко, Сейітбатталов Бағдад Жұмабекұлы, Қоңырбаев Уәлихан Сиянбекұлы, әріптестерім мен достарым Асхат Сыздықов, Роза Қасенова, Зульфия Аманжолова, Нұрлан

Қасымқұлов, Ермек Тұрсағұлов, Қазбек Бейсебаев, Сарсен Бакуев, Ержан Калекенов, Рашид Рахимбеков, Ерсайын Есенғалиев, Ғалым Тумабаев, Талғат Шалданбай, Ғабит Ермеков, Ақан Рахметуллин, Ақылбек Қамалдинов, Бекет Жұмаханов, Тауболды Үмбетбаев, Рашид Ғазизов, Ержан Омарбек, Еркін Ахинжанов, Аян Қашабаев, Қайрат Ахметалимов, Мэлс Төрекелді, Асхат Сарин, Жайылхан Байтілеуов, Ғабит Қойшыбаев, Ілияс Омаров, Мұхтар Кәрібай, Керім Қожамбердиев, Ырысқали Дәуренбек, Байғабыл Мамлин, Ерлан Абишев, Сакен Хамидуллин, Берік Садықов, Ержан Жуkenов, Оңталап Оңалбаев, Ерлан Мұқашев, Асқар Әділбеков, Дәурен Кәріпов, Жанболат Мурзалин, Арман Әбікенов, Ерлан Сейтімов, Андриан Елемесов, Асқар Тәжібаев, Ерік Сүгірбеков, Алмас Абдраманов, Ербол Ахметов, Асхат Нұсқабай, Арман Мұхамеджанова, Эльвира Мұқанова, Олеся Сладкова, Жандос Бухбантаев, Владимир Ким, Ахметова Гүлнәр, Құралай Омарова, Светлана Бадже, Зоя Скопина, Арслан Дандыбаев, Зәуреш Ғабдуалина, Қарлығаш Әдиет, Асет Уәлиев, Марат Оспанов, Гүлнәр Қамалова, Сәуле Жакупова, Бақыт Нұрманбетова, Қарлығаш Қошаева, Майя Байтанаева, Берік Сарсенов, Дәулет Аманжол, Алмас Мақұлбеков, Серікжан Медеуов, Тимур Аббасов, Аян Хисимов, Лаура Жакупова, Жүсіп Орынбай, Құралай Ермекбаева, Айна Бекишева, Кристина Пирекова, Рүстем Исағалиев, Ерлік Омаров, Мадина Тұрлыбаева, Альмира Тұрсынбаева, Арсен Абдрахманов, Индира Алимова, Нұрлан Гильманов, Анара Құттыбаева, Анара Князбаева, Ләззат Беласарова, Дана Айтжанова, Қанат Жұмабеков, Жібек Садырбаева, Әмірбек Алиби, Елдос Жұманқұлұлы, Ерік Күмісбеков, Нурипа Құдайбергенова, Динара Жұмағұлова, Әділ Беделбек, Ырысдәулет Сейсенбек, Ерзат Қанатұлы және біздің т.б. барлық әріптестеріміз бен достарымыз! Сіздерге рахмет, достар!

Консулдық қызмет ұжымы күн сайын жеке және заңды тұлғалардан түрлі анықтамалар алуға, ноталар, визалық шақырулар ресімдеуге, дипломатиялық және қызметтік төлқұжаттар беруге, консулдық есепке қоюға және одан шығаруға, құжаттарды заңдастыруға және ҚР азаматтарына шетелде көмек көрсетуге құжаттар қабылдайтын. Сонымен қатар, біздің ұжым мерекелерді, туған күндерді және басқа да естелік іс-шараларды көңілді және тату атап өтетін. Бірге, үлкен дастархан басында, шулы және шынайы отырыстар көп болатын. Бөлімдер арасында үздік қызметтік кабинеттерге (тазалық, тәртіп және деңгей) жарыстар өткізілетін, сондай-ақ футбол, волейбол және үстел теннисінен турнирлер ұйымдастырылатын. Барлығы бәрін танитын, барлығы бәрімен тығыз байланыста болатын және барлығы бәрін қолдап жүретін. Бұл - біздің ұжымдағы табысты қызметтің кепілі және кілті!

*Бұл қызмет пен өмірдің тамаша және бақытты жылдары болды және болып табылады да! Консулдық қызмет - досшыл және ақжарқын ұжым, шынайы да мейірімді әріптестер, жолдастармен көптен күткен кездесулер, жаңа мақсаттар мен міндеттер, бағыттар мен әрекеттер.*

Консулдық қызметтің Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүйесінде ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі азаматтарға күнделікті көмек көрсету процесінде, сондай-ақ, консулдық қызметтің маңыздылығын атап өту қажет. Консулдық қызмет шетелдік дипломатиялық өкілдіктермен, шетелдік азаматтар мен заңды тұлғалармен жұмыс жүргізеді. Бүгінгі күні біздің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің консулдық қызметі барлық негізгі және маңызды бағыттар бойынша жұмысты қалыптастырып, дамыта отырып, өзіне

жүктелген ресми тапсырмаларды ойдағыдай және дәл орындап келеді.

Консулдық қызметтің ерекше маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, сондай-ақ біздің игі қызметтік дәстүрлерімізді нығайту және дамыту мақсатында, Консулдық қызметкерлерінің күнін бекіту туралы бастаманы ұсынғым келеді. Сонымен қатар, ҚР СІМ ғимараттарында және ҚР СІМ-нің Алматыдағы өкілдігінде «Консулдық қызмет ардагерлері клубтарын» ашу ұсынысым бар.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ардагерлерімізге, басшыларымызға, әріптестеріміз бен жолдастарымызға бірлескен және жемісті еңбектері үшін шексіз алғысымызды білдіреміз, зор денсаулық, бейбітшілік пен қуаныш тілейміз! Ұзақ та бақытты жылдар, Достар! Консулдық қызмет пен біздің ұжым біздің өтпелі өміріміздің үлкен және ұзақ бөлігі болып табылады. Бұл, іс жүзінде, жас шағымыз, күндеріміз, жылдарымыз, қалыптасу және өзгеру уақыты, ресми және достық қарым-қатынас, өзара қолдау мен көмек, қызметтік тәжірибе мен өтіл, біздің өмір жылдарымыз өткен орта!

**ДӘУРЕНБЕК**

**Бабыр Жақауұлы**

*Қазақстан Республикасының Сауд Арабия*

*Корольдігіндегі Елшілігінің хатшысы*

## СИРИЯДА БОЛҒАН ОҚИҒА

Жат ағымдардың жетегіне ілесіп, адастырар уағыздардың айтағына бас изеп, ақырында қақтығыс алаңына айналған Сирияға тап болған қандастарымызды елге қайтару ісінде мемлекетіміз тарапынан жүйелі жұмыстар жүргізілгені белгілі. Бұған «Жусан» операциясы дәлел бола алады. Осы орайда, яғни жат жерде басы шырмауға түскен жандарға қол ұшын беруде еліміздің шет мемлекеттердегі дипломатиялық қызметкерлерінің де атқарып жатқан істері мол. Бүгін өзімнің басымнан өткен сондай жағдайлардың біріне қатысты оқиғаны оқырмандарға баяндап беруді жөн көрдім.

Бұл оқиғаның өткеніне біршама уақыт болды. Мен ол кезде, яғни 2012-2015 жылдары Қазақстанның Сириядағы консулы қызметін атқаратынмын. Айта кетсем, консулдық қызметті бұған дейін Сауд Арабиясында, Иран мен Өзбекстанда атқарғаным бар, бірақ ең күрделі де жауапты жұмыс кезеңім осы елмен байланысты.

Сирияда соғыс ошағының тұтануына байланысты, Дамаскідегі кеңсеміз көршілес Иордания астанасы Амман қаласына көшіріліп, ендігі қызметті осы арадан жүргізуге тура келді. Қазақстандық азаматтардың қажеттіліктерін өтеу орайында Дамаскіге жиі барып тұратынмын. Осындай сапарларымның бірі есімде ерекше сақталып қалды...

Кезекті рет Орталықтың тапсырмаларын орындау мақсатында Дамаскіге жол жүріп кеттім. Әдетте, Сирияға Ливан арқылы қатынайтынбыз. Ұшақпен Бейрутқа жетіп, одан әрі қарай көлікпен Дамаскіге жетеміз. Амман мен Дамаскі арасында әуе

қатынасы үзілген, шекара жабылып, екі елдің арасында қарым-қатынас тоқтауға жақындаған. Бұл жолғы сапарымның мақсаты – Сирия аумағында болу тәртібін бұзғаны үшін ұзақ уақыт бойы қамауда отырған қазақстандық азаматты елге қайтару. Алдымен, Сирия Ішкі істер министрлігінің бірқатар лауазымды тұлғаларымен кездесіп, отандасымызды елге қайтаруға қатысты жайттарды анықтап алдым. Қуанарлығы, біздің жігітке сириялық құқық қорғау және лаңкестікке қарсы күрес жүргізетін мекемелері тиісті тексеру жұмыстарын жүргізіп, оған тағылатын қандай да бір айыптың жоқ екендігін жеткізді. Елінде соғыс қимылдары жүріп, қан төгіліп жатса да, дәстүрлі сабырлылығы мен қонақжайлылығынан, ақкөңіл пейілдерінен айырылмаған сириялықтардың мінезіне таңғалмасқа болмайды. Мәжбүрлікпен жат елдерде босқын болып жүрсе де, тұрған мекендерін лезде базарға айналдырып жіберетін олардың іскерлік қабілеттері де ғажап.

Әлгі қазақ жігіті Сирияға Түркиядан заңсыз кіріп, Хомс маңында ұсталғаннан кейін, Адра қаласында орналасқан арнайы түрмеге қамалып, бірнеше ай арнайы тексерістен өткізілген соң, Дамаскіге жеткізілген. Қамауда отырғанда артық әрекеттерге бармай, тәртібі жағымды болыпты. Түрме қызметкерлері тарапынан жәбір көрмеген. Қамаудағы отандасыммен жүздесу кезінде, ол өз ітуралы қысқаша баяндап берді. Алматы облысының тумасы, әке-шешеден ерте айырылып, жетім өскен. Туған-туыс, дос-жаран деген атымен жоқ. Қой бағып, түрлі қара жұмыс атқарған. Есейе келе ислам дініне бет бұрып, Сауд Арабиясына қажылыққа бармақ болған. Қазақстаннан Әзербайжанға, одан әрі Түркия арқылы Сирия аумағына өткен кезінде ұсталған екен. Бір қызығы, бірнеше елдің шекарасынан құжатсыз өткен. Түрмедегі жағдайына шағымданған жоқ. Тек соңғы уақыттары өкпесі ауырғаны болмаса, бір қарағанда, денсаулығы мықты көрінді. Өзара әңгімелесу кезінде айтқандары шашыраңқы

шығып, есіне түскен жайттарды әбден шатастырып, әр нәрсенің басын бір шалатыны байқалды. Сәт сайын өзгеретін көңіл күйінен күтпеген әрекеттерге бара алатындай күмән туды. Дегенмен қалай болса да, азаматты елге жеткізуім қажет. Уақыт тығыз, шұғыл шешім қабылдап, оны ең ыңғайлы деп табылған Дамаск-Дубай-Алматы бағытындағы ұшақпен аттандыруға кірістік. Дамаскіден шет мемлекеттерге әуе қатынасы әбден қиындаған уақыт. Бауырлас дейтін араб мемлекеттерінің көбі Сириямен әуе байланыстарын үзген. Бұл басына бұлт үйіріліп, анығы сырттан келген жат күштер шаңырағын шайқалтуды көздеген Шам халқының барша қиындықпен жалғыз өзі арпалысып жатқан кезең болатын.

Ендігі шаруа әлгі жігітке қажетті құжаттарды рәсімдеп, әрі Сирияның мүдделі мекемелерімен келісіп, жергілікті полиция көмегімен әуежайға жетіп, Дамаскіден аттану еді. Заулаған көліктеріміз әуежайға бет алды. Жол бойы - қираған үйлер, траншеялар мен танктер тұрған бекеттер. Алыстан атыстың дыбысы айқын естілуде. Жүргізушіміз жуырда ғана осы жерлерде қарулы қақтығыс болғанын айтты. Әуежайдың өзі әскери қамал тәрізді көрінді. Аспанда бірнеше әскери тікұшақ ерсілі-қарсылы ұшып жүр.

Біз қауіптенгендей, тосын жайттар Дамаскі әуежайында басталды. Азаматымыз күтпеген жерден Қазақстанға қайтпаймын деген дау шығарып, ұшаққа отырмау үшін кез келген әрекетке баруға дайын екенін көрсетті. Жылдар бойы жинақталатын кәсіби тәжірибені пайдаланатын тағы бір сәттің туғанын түсіндім. Мұндай мәселемен Сауд Арабиясында, Иранда және Өзбекстанда қызметте жүргенде талай мәрте бетпе-бет кездескен едім. Иә, ол басқа әңгіме. Ресми қызметкер ретінде нұсқаулықтарға сәйкес жансыз, құрғақ тақылдаудың түкке тұрмайтындығы, керісінше ахуалды одан әрі ушықтырып жіберу ықтималдығы белгілі. Онымен жерлес, сапарлас, тіпті жанашыр



жолдас бейнесіне көшіп, біршама уақыт бауырлық әңгіме айту кезегі келген. Әсері тиді білем, серігім бөтен ниетінен бас тартып, бірге жүруге келісті. Бұған қоса, ұшаққа алып кірмекші болған сусабын құтысының ішіне жасырған екі пышағын қолынан алдым. Ал оның тосын әрекеті тіркеуден өтіп, ұшаққа кіретін кезде, кенеттен өрбігендіктен, шығарып салысуға ілесіп келген көмекшілерімнен ендігі қайыр жоқ. Оның үстіне әуежай қызметкерлеріне және кеденшілерге бұл жайтты хабарлау – оның депортациялануын дереу тоқтатып, бұған дейін атқарған барлық ісімізді жоққа шығармақ. Сондықтан өзім «тәркілеген» қауіпті заттар дереу қоқыс жәшігіне тасталды. Хош, ақыры Дубайға қатынайтын ұшаққа бірге отырдық.

Дубайға келіп қонған серігім екеумізді осы қаладағы біздің консул мен Біріккен Араб Әмірліктеріндегі елшіліктің дипломаттары және жергілікті мекемелер қызметкерлері қарсы алды. Алматыға ұшатын ұшақ келесі күні болғандықтан, біздің жолаушының «ерекше» мәртебесіне байланысты, өзге жұрттан оңаша арнайы бөлмеде күтуіміз ұйымдастырылыпты. Дамаскіде басталған екеуара жүрекжарды сұхбатты жаңа, қызықты тақырыптар қосып қайта жалғастыруға тура келді. Әйтеуір соңғы тәулік те сәтімен өтіп, Алматыға бағыт алдық. Алыс сапарларда жүргенде, осынау алтын ұяма әрдайым аяулы ата-анаммен, ақжарқын, адал достарыммен қауышуды күтіп, іштей ерекше қуанышқа толы сағынышпен жетуші едім. Бұл жолы өзге сезім бойды биледі, қасымдағы өмірі бұралаңға толы адамды аман-есен еліне жеткізу зор жауапкершілігін сезініп, көңілім толқыды.

Әуежайда ұшақтан түскен сәтте тағдырдың тәлкегіне ұшырап, тұрмыстың қисапсыз қиындығынан қажып, санасы сансыраған, ақырзаман дауылы атамекенінен адастырып, айдаладағы жанжал аумағына лақтырған азаматты жергілікті қызметкерлер қарсы алды. Мұнан кейінгі оның тағдыры мен үшін беймәлім,

бірақ бала күнінен айналасының қамқорлығы мен жылы алақанына мұқтаждай көрінген бейкүнә бейнесі көз алдымда қалып қойыпты.

Бұл - бастан өткен, есте қалған көп жағдайдың бірі ғана. Қазақстанның Консулдық қызметі осы жағдай көрсетіп отырғандай, қазақстандықтардың мүдделерін әлемнің қандай да болсын түкпірінде кез келген қиындықтарға қарамастан, қорғауда қажымай еңбек етуде.

Қызметтің әртүрлі кезеңдерінде Қазақстанның сыртқы саяси ведомствосының консулдық қызметін басқарған, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның консулдық қызметінің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, дипломатиялық қызмет ардагерлері, елшілер, дипломаттар құрамына кіретін авторлық ұжымның кітабы.

Басылымда қазақстандық консулдық қызметтің қалыптасу тарихы, бейнеленген, консулдық қызмет қызметкерлерінің, оның ішінде шетелде қызметтік борышын атқарудағы ерен еңбектері баяндалған. Сондай-ақ консулдық тарихи очерктер, оқиғалар мен фактілер берілген.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.



2022 ж.